

## Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары (бұдан әрі - Жоспар) мынадай құрамда бекітілсін:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі және 2004-2006 жылдарға арналған перспективалары туралы баяндама (1 бөлім);

қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар тізбесі (2-бөлім);

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың 2004-2006 жылдарға арналған тізбесі (3-бөлім);

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік реттеуіштері (4-бөлім).

2. Жоспар құрамында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы (5-бөлім) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Жоспарды дайындау процесінде әзірлеген ұлттық компанияларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған негізгі бағыттары (6-бөлім) назарға алынсын.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері тиісті облыстар мен қалалардың мәслихаттарына заңнамада белгіленген тәртіппен әлеуметтік-экономикалық дамудың 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспарларының бекітуге уақтылы енгізілуін қамтамасыз етсін.

5. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және Жоспардың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін тоқсан сайын хабардар етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 12 қыркүйектегі  
N 926 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары 1-бөлім. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама**

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары (бұдан әрі - Жоспар) "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикалық-әлеуметтік дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесіне сәйкес әзірленді.

Жоспар сыртқы және ішкі факторларға қарай 2004-2006 жылдарға арналған экономиканы дамытудың қарқындарын негіздейді және орталық және жергілікті органдардың экономиканың жеке және мемлекеттік секторларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау саласындағы іс-қимылын айқындайды.

Жоспар стратегиялық жоспарларда, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған міндеттерге қол жеткізу және басымдықтарды іске асыру үшін экономика салаларын дамыту саласындағы 2004-2006 жылдарға арналған міндеттерді және оларды шешу жолдарын айқындайды.

Құжат мынадай бөлімдерден тұрады:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамы;

Жоспарланып отырған кезеңде оларды қаржыландыру көлемдерін анықтай отырып, қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі;

Қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалар

бойынша инвестициялық жобалардың тізбесі;

Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалатын әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік реттеуі ш е р і .

Жоспарды іске асыруды орталық және жергілікті басқару органдары қабылданған мемлекеттік, салалық (секторалдық) даму бағдарламаларына сәйкес қамтамасыз етеді. Бұл ретте Үкіметтің құзыретіне енетін іс-шаралар 2004 жылдың басына дейін Үкіметтің Іс-шаралар жоспарында, ал министрліктердің, агенттіктердің, облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша - нақты даму бағдарламаларын іске асыру жоспарларында жүйелендірілетін болады.

Республикалық бюджеттен инвестицияларды және оларға теңестірілген қаражатты 2004-2006 жылдарға арналған әрбір даму бағдарламалары бойынша даму бюджеті қаражатының лимиті шеңберінде Республикалық бюджет комиссиясы қарады. Кейінгі жылдары 2005-2006 жылдарға арналған инвестициялардың мөлшері Жоспарларды қалыптастыру шеңберінде нақтыланатын болады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2005-2006 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамы 2004 жылдарда экономиканың жұмыс істеу нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін.

## **1. 2004-2006 жылдары әлемдік экономиканың дамуын талдау және ел экономикасының дамуына сыртқы факторлардың әсерін бағалау**

Іfo Германия қаржы-экономикалық зерттеулер институтының бағалауы бойынша ағымдағы жылдың II тоқсанында әлемдік экономика ахуалы қолайсыз күйінде сақталды: оның өсу белгілері байқалған жоқ. Ирактағы соғыстың аяқталуы әлемдік экономиканың дамуына импульс әкеледі деген үміт ақталған жоқ, ал типтік емес өкпе қабынуы эпидемиясы, әсіресе Азияда, мазасыздық толқынын әкелді, ол таяу айларда жекелеген салалардың қызметіне теріс ықпал ететін болады.

Әлемдік экономиканы өсірудің 2003 жылға арналған болжамдары туралы көрсеткішті қағаз мәтінінен қараңыз

World Economic Outlook сәуірдегі баяндамасында Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) сол сияқты 2003 ж. әлемдік сауданы өсіру қарқындарының болжамын 6,1 %-дан 4,3 %-ға дейін төмендетті, 2004 жылы бұл көрсеткіш 6,1 % деңгейінде күтіледі.

Сонымен қатар Conference Board беделді талдау орталығының бағалауы бойынша Американың экономикасы белсенділікті қалпына келтіру белгілерін көрсете бастады.

Conference Board есептейтін, Америка экономикасының негізгі көрсеткіштері серпінін сипаттайтын индекс мамырда 1 %-ға өсті (талдаушылар 0,7 %-ға өсімді болжаған болатын). Осы айдың қорытындылары бойынша он индикатордың сегізі өсті,

жұмыспен қамтудың өсуі сияқты көрсеткіштер жай-күйінің негізінде жұмыс істелген сағаттардың жалпы санын Conference Board индексі есептеп шығарады. Бұл ретте, алдыңғы айдың қорытындылары бойынша индекстің өсуі 0,1 %-ды құрады.

Америка Құрама Штаттарының Федералдық резервтік жүйесі есептеп шығаратын доллардың "күш индексі" сауда ағындарының серпіні негізінде наурыз айынан бастап 5 %-ға құлдырап үлгерді. Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі - АҚШ) сыртқы сауда әріптестерінің ұлттық валюталарына қатысы бойынша доллар одан да жылдам құлдырады. Мәселен, мамыр айынан бастап доллар евроға қатысы бойынша өз құнының 25 %-ын жоғалтты.

Америка компанияларының акцияларына келсек, олардың белгіленімдері кері бағытта, яғни жоғары жылжуда. Мәселен, осы жылдың мамыр айынан бастап S&P индексі 6 %-ға өсті.

Еуропа орталық банкінің болжамына сәйкес 2003 жылы Еуроаймақ экономикасының өсуі 0,4-1 %-ды құрайды. Алдыңғы болжам 1,1 - 2,1 %-ға өсімді ұйғарған.

Евро ұстанымын мүлтіксіз нығайту еуропалық экспорттаушылардың бәсекеге қабілеттілігін төмендете отырып өңір экономикасына қауіп төндіре бастады. Осы жылдың II тоқсанында евро бағамы 1,1911 долл. жетті, ал өткен жылдың соңғы 12 айы ішінде евро долларға қатысы бойынша 28 %-ға өсті. Талдаушылардың бағалауы бойынша евро бағамының ағымдағы өсімі Еуроаймақ елдерінің мемлекеттік облигацияларына өспелі сұранымға негізделген.

"Business Week" жариялаған ақпарат бойынша Азия-Тынық мұхит өңірі елдері (бұдан әрі - АТӨ) 2002 жылы халықаралық экономикалық процесте жетекші жағдайда ие болды. Бұл ретте Оңтүстік Азия елдерінің экономикасы 2002 жылы орта есеппен 5,4 %-ға, яғни әлемдік экономиканың өсіміне қарағанда, үш еседен асаға артты.

Перспективада бәрінен бұрын оның бәсекеге қабілеттілігіне, тиімді және сауатты экономикалық саясатты қолдау кезінде ішкі рыноктағы жақсы сұранысқа негізделген өңір экономикасын одан әрі дамыту қарқыны ұйғарылып отыр.

Сарапшылардың пікірі бойынша, өңірдің болашағы мұнайға қойылатын бағаға және Америка экономикасын дамыту қарқындарына байланысты, бұл ретте екі фактор да Ирактағы ахуалмен тығыз байланысты.

Типтік емес өкпе қабынуының шығуы АТӨ-ні, әсіресе шетелдік туристерге қызмет көрсетуге маманданып жатқан мемлекеттерді экономикалық дамытудың таяу перспективаларын едәуір нашарлатты.

Жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі - ЖІӨ) 30 %-ына баламалы 800 млрд. долл. жететін АТӨ-нің бар валюталық резервтері өңірдің ірі елдерінің көпшілігіне жаппай наукастану салдарын және Ирактағы соғысты жеңуге көмектесуі тиіс. 2004 жылы Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің сарапшылары негізінен типтік емес өкпе қабынуына байланысты көңіл-күйді тоқтатуға энергия жеткізгіштерге әлемдік

бағаларды төмендету нәтижесінде 5,7 %-ға өсімді күтіп отыр.

Өткен жарты жылдықтың қорытындылары бойынша The Economist журналы өзінің 2003-2004 жылдары әлемнің жетекші елдерінің экономикалары өсуінің алдыңғы болжамын қайта қарады.

2003-2004 жж. әлемдік экономиканың өсу болжамдары

Елдер	ЖІӨ-нің өсуі, %		Тұтыну бағасы индексінің өсуі, %	
	2003	2004	2003	2004
АҚШ	+2,3 (2,2)	+3,4 (3,3)	+2,2 (2,3)	+1,5 (1,7)
Еуроаймақ	+0,6 (0,8)	+1,7 (2,0)	+1,8 (1,9)	+1,3 (1,5)
Германия	0 (+0,2)	+1,2 (1,4)	+0,8 (1,0)	+0,5 (0,9)
Жапония	+0,8 (0,9)	+0,8 (0,9)	-0,4 (-0,5)	-0,5

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Елдер	Ағымдағы штаттың сальдосы, ЖІӨ - ге %	
	2003	2004
А Қ Ш	- 5 , 3	- 5 , 5 ( - 5 , 4 )
Е у р о а й м а қ	+ 0 , 7	+ 0 , 6
Германия	+ 2 , 1 ( 2 , 0 )	+ 1 , 9 , ( 1 , 6 , )
Жапония	+ 2 , 2 ( 2 , 5 )	+ 2 , 4 ( 2 , 6 )

Көзі: The Economist. Жақшада ( ) алдағы болжам берілген.

ХВҚ-ның баяндамасында айтылғандай, соңғы уақытта Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдерінің экономикасындағы жағдай барынша тұрақты болды, алайда инвестициялардың өсімі қарқындарының бәсеңдеуі осы елдердің шаруашылық дамуының орта мерзімді перспективаларын нашарлатуы мүмкін. Үлесіне ТМД жиынтық ЖІӨ-нің 75 %-дан астамы келетін энергия жеткізгіштерді экспорттаушы елдер өткен жылы мұнай экспортын (құны мен көлемі бойынша), сондай-ақ әлемдік мұнай рыногындағы өзінің үлесін арттырды.

Қаржы саясатының мұнайға бағалардың ауытқуына тығыз байланыстылығын

болдырмау мақсатында Әзірбайжан мен Қазақстанда әрекет ететін мұнай қорларын құру маңызды болып табылады.

Егер 2002 жылы энергия жеткізгіштерге жоғары бағалармен ынталандырылатын ТМД елдерінің нақты ЖІӨ-сі 4,8 %-ға артқан болса, 2003 жылы ТМД елдері экономикасын дамыту қарқындары бірқатар төмендейді. Бұл мұнайға жоғары бағалардың оң әсері мұнай секторларына инвестициялардың өсуін бәсеңдетумен бейтараптандырылатындығына негізделген.

## 1.1. Тауар рыноктарының дамуы

### 1.1.1. Мұнай рыногы

Мұнай рыногындағы ахуал мұнайға бағаның елеусіз ауытқуымен сипатталады. 2003 жылдың 1-тоқсанында Лондон биржасында Brent маркасында мұнай бағасы 1 баррель үшін 31,41 долларды, екіншіде - 26,12 долларды құрады. Ағымдағы жылдың 1-тоқсанындағы бағаның жоғары деңгейі Ирактағы соғыс қимылдарына байланысты. 2003 жылдың екінші жарты жылдығында бағаның елеусіз төмендейтіндігі анық. Тұтастай алғанда, 2003 жыл ішінде халықаралық экономикалық ұйымдар мұнайға әлемдік бағаның деңгейі 1 баррель үшін 26 - 26,5 доллар болады деп болжамдап отыр.

Мұнайға баға АҚШ-та мұнай қорларын өзгерту және өзгерісті күту аясында ауытқуда, ол қазіргі уақытта 286 млн. барр. деңгейінде тұр.

2003 жылы мұнайға орта мерзімді бағалардың серпіні

	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым
WIT	32,95	35,83	33,51	28,17	28,11	30,87
Brent	31,18	32,77	30,61	25,07	25,81	27,69

Көзі: АҚШ Энергетика министрлігінің деректері, 2002-2003 жж.

2003 жылғы 1 маусымнан бастап жаңа квоталар (25,4 млн. барр./тәулік) күшіне енді, оларға сәйкес Мұнайды экспорттаушы елдер ұйымының (бұдан әрі - ОПЕК) елдерге өндіруді 950 мың барр./тәулікке қысқартуына тура келеді. Квотаға сүйене отырып, мамырда өндіруді қысқартқан Сауд Арабиясы әзірге жалғыз ғана картель елі болып табылады. Квоталар шеңберінде сол сияқты Индонезия, Нигерия, Венесуэла қалып отыр.

ОПЕК-тің болжамы бойынша 2003 жылы мұнайға сұраныс 77,45 млн. барр./тәулікті құрайды. Алдағы жылдың I тоқсанында сұраныстың едәуір артуы - 78,57 млн. барр./тәулік күтіліп отыр.

Ағымдағы жылы картельге кірмейтін елдерден экспортты 1 млн. барр./тәуліктен 48,9 млн. барр./тәулікке ұлғайту күтіледі.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің (IEA) болжамдары бойынша кейінгі 2-3 жылда ОПЕК-ке кірмейтін елдерден мұнай тасымалының өсуінен мұнайға бағаның төмендеуі күтіледі. Тәуелсіз жеткізушілердің қысым жасауымен картельдің үлесі қысқартылатын болады. Өндіруді өсіретін елдер арасында, бірінші кезекте, Ресей аталады (қазіргі уақытта оның үлесі мұнайды әлемдік жеткізудің шамамен 8 %-ын құрайды).

ОПЕК-тің жағдайы және мұнай рыногының конъюнктуралары елеулі дәрежеде Ирактың бұрынғы экспорт көлемін қашан қалпына келтіретіндігіне байланысты болады.

#### 2004-2006 жылдары мұнайға бағаның болжамы

		2003 бағалау	2004-2006 жж. Орта есеппен 1 жылғы
Әлемдік баға (Брент сұрыпы), дол/барр		26	21,5 - 22
Қазақстандық экспорттық баға, долл/барр	мұнайға	19,5	16,1-16,5

Көзі: Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

### 1.1.2. Астық рыногы

Астық жөніндегі Халықаралық Кеңес (АХК) сарапшыларының 2003/04 жылдарға арналған соңғы бағалауы Қытайда қорлардың неғұрлым елеулі қысқаруы кезінде астықты әлемдік өндірудің тұтынудан үдеп бара жатқан артта қалуын көрсетеді. ТМД мен Үндістаннан экспорт көлемдері 2002/03 жылдардағыдан айтарлықтай аз болатынын ескере отырып, бес негізгі экспорттаушы елдердің қорлары импортқа төмендеген әлемдік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткілікті болуы тиіс.

Ресей мен Украинадағы қолайсыз ауа-райы жағдайынан астықтың әлемдік өндірісі болжамы 8 млн. т. (582 млн. т. дейін) азайтылды. Бұл болжам 2002 жылы өндірілгенінен 16 млн. т. көп, өйткені Австралияда, Канадада және АҚШ-та өткен жылғы құрғақшылықтан кейін өндіріс қалыпты деңгейіне оралып келеді.

АХК-ның сарапшылары өткен жылдың болжамымен салыстырғанда, әлемдік тұтыну көлемінің 3 млн. т. 599 млн. т. дейін, төмендеуін болжамдайды. Бұл Еуропа мен ТМД-да бидайды мал азығы мақсатында пайдалануды төмендету салдарына айналды, ол оның дамушы елдерді азық-түлік мақсатында өсуін өтейді.

2003 жылы астықты әлемдік сату болжамы 99 млн. т. дейін азайтылды, бұл 2002 жылға қарағанда 4 млн. т. төмен. Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс Азиядағы жақсы егін шығымы осы өңірлердің импорттық қажеттіліктерін шектеуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде ағымдағы жылғы қаңтардан бастап қолданыстағы Еуропалық одақтағы (бұдан әрі - ЕО) жаңа импорт жүйесі сол сияқты ЕО-да импортты төмендету арқылы әлемдік саудаға әсер етеді.

### **1.1.3. Металдар рыногы**

Түрлі-түсті металдардың әлемдік рыногында ағымдағы жылғы маусымда мамырда байқалған бағаның өсу үрдісі жалғасты. Юником Руф компаниясының макроэкономикалық зерттеулер орталығы талдаушыларының деректері бойынша 2003 жыл мамырының қорытындылары алюминийге, мысқа, қорғасынға, никелге, болатқа және мырышқа бағаның артуымен сипатталды. Мамырда никельге әлемдік баға сәуірмен салыстырғанда 5,3 %-ға, алюминийге баға 5 %-ға дерлік өсті.

2002 жылдың осындай айымен салыстырғанда түрлі-түсті металдардың әлемдік рыногында 2003 жылғы мамырда никельге баға айтарлықтай артты (+23,2 %), сондай-ақ алюминийге (+4,1 %), мысқа (+3,3, %) және мырышқа (+0,8 %) баға шамалы көтерілді.

Сарапшылардың пікірі бойынша, орта мерзімді перспективада түрлі-түсті металдарға бағаның айтарлықтай өсуі күтілмейді.

Экспорттық жеткізілімдердің өсуі рыноктың қолайлы конъюнктурасына және әлемде болат өндірісінің ұлғаюына байланысты.

Темір мен болат халықаралық институтының есептеуіне сәйкес болаттың әлемдік өндірісі 2003 жылғы мамырда рекордтық деңгейге дейін 7 %-ға өсіп, 80,7 млн. т. құрады. Қаңтар-мамырда болат өндіру 2002 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 8,6 %-ға ұлғайды. Қытайда болат өндіру көлемі мамырда 20,9 %-ға немесе 14,2 млн.т. ұлғайды. Ресейге болат өндірісі мамырда 6,9 %-ға өсіп, 5,3 млн.т. құрады.

Болжамдар бойынша, 2004-2005 жылдары әлемдік рыноктарда қара металдарға сұраныс құлдырайды. Еуропалық және америкалық компаниялар 5-7 %-ға пайданың төмендеуін күтуде, ал кейбіреулері шығынмен жұмыс істейтін болады.

## **2. 2002-2003 жылдарда Қазақстан экономикасының дамуын талдау**

2002 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап ішкі және сыртқы факторлар еліміздің экономикасы үшін оптимистік сценарий бойынша қалыптасты. Соның нәтижесінде 2002 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 2001 жылмен салыстырғанда индикативтік жоспардың болжамы бойынша 7 %-дың орнына 9,5 %-ды құрады.

Мұнайға қолайлы әлемдік конъюнктураның салдарынан оны өндіру индикативтік



жоспардың болжамы бойынша 11 %-дың орнына 17 %-ға өсті. 2002 жылғы жаз бен күздегі қолайлы ауа райы жағдайы болжамдалғанынан 4 млн. тоннаға жоғары бидай астығын жинауға мүмкіндік берді. Тек екі фактордың есебінен ЖІӨ-нің қосымша өсімі 2002 жылы 1,6 %-ды құрады, өсімнің қалған 0,9 %-ы сабақтас салалардан алынды. 2002 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялар 2001 жылдың деңгейіне 19 %-ға (индикативтік жоспардың болжамы бойынша 20 % кезінде) өсті.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жоғары қарқындарының үрдісі 2003 жылдың бірінші жарты жылдығында да жалғасты. Осының салдарынан ел экономикасы мен өңірлерінің барлық салаларының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердің оң серпіні бар.

2002 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда ЖІӨ-нің нақты өсімі 10,2 %-ды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің және жүк тасымалдарының көлемі 9,6 %-ға, ауыл шаруашылығынікі - 5,2 %-ға артты, негізгі капиталға инвестициялар 12,9 %-ға өсті.

Өндірістің нақты көлемінің өскен бір уақытта ел қаржысының жай-күйіне экспорттық бағалардың жоғары деңгейі қолайлы әсер етеді. Өнеркәсіп өніміне бағалар өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,6 %-ға өсті. Бұл көбінесе мұнайға қолайлы конъюнктурамен қамтамасыз етілген. 2003 жылдың алты айы ішінде мұнайға трент маркасының орташа әлемдік бағасы 1 баррель үшін 28,9 долларды құрады, бұл орта есеппен 2002 жылы болғаннан 4 долларға жоғары және тұтастай алғанда 2003 жыл үшін болжамдалып отырғаннан 3 долларға жоғары. Экономика салаларының өндірістік-қаржылық қызметінен рентабельділік ағымдағы жылдың сәуірінде 29,8 %-ды, мамырда - 22,9 %-ды, маусымда - 21,2 %-ды құрады. Салыстыру үшін: 2002 жылғы қорытынды бойынша рентабельділік 18,4 %-ды құрады.

Экспорттық бағалардың жоғары деңгейі ел қаржысының нығайуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2003 жылғы 3 қыркүйектегі жағдай бойынша Ұлттық қордағы жинақтаулар 2,7 млрд. АҚШ долларын құрады, ал Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері 4,5 млрд. долларға жетті.

Тауарлар мен қызметтер көрсету өндірісінің ұлғаюы халық табысының өсіміне, сыртқы және ішкі сауданың дамуына қолайлы әсер етті. Халықтың нақты табысы өткен жылдың бірінші жарты жылдығында 8%-ға өсуімен бағаланады, бөлшек тауар айналымы 9,9%-ға, тауарлар экспорты - 25 %-ға артты.

2003 жылдың 1-жарты жылдығында инфляция орташа жылдық есептеуде 6,7 %-ды құрады, бұл тұтастай алғанда 2003 жылы болжамдалып отырғаннан 0,3 %-ға жоғары. Ұлттық Банкті қайта қаржыландыру ставкасы 7,5 %-дан 7 %-ға дейін төмендеді.

Шетел валютасының мол ағынына және доллардың құнсыздануына байланысты теңгенің айырбас бағамын нығайту жүргізілуде. Егер 2002 жылы теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа жылдық айырбас бағамы 153,5 теңгені құраса, 2003 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша оның орташа мөлшері 152 теңгеге дейін түсіп кетті. Тұтастай алғанда 2003 жылы теңгенің долларға

шаққандағы айырбас бағамы 151 теңге мөлшерінде болжамдалып отыр.

Бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру уақтылы қамтамасыз етілді.

Еуропалық Экономикалық Одақ пен АҚШ Конгресі Қазақстанды рыноктық экономикасы бар ел ретінде таныды, бұл Қазақстанның сыртқы саудасында оң көрініс т а б а д ы .

2002 жылғы қыркүйекте "Moody's Investors Service" рейтинг агенттігі Қазақстанға инвестициялықтардың санатына жататын Baa3 кредиттік рейтингін берді.

2003 жылғы мамырда Standard & Poor's Rating Services агенттігі Қазақстан Республикасының шетелдік валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің "BB"-дан "BB+"ға дейін, ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша кредиттік рейтингтердің "BB-/Оң/3"-дан "BBB-/Тұрақты/А-3"-ға дейін артуы туралы жариялады, бұл Қазақстан экономикасының ықтимал мүмкіндіктерін орнықты н ы ғ а ю ы н к ө р с е т е д і .

2002 жылғы ақша базасы 208,1 млрд. теңгеге дейін 19%-ға кеңейді, ақша жиыны 764,9 млрд. теңгеге дейін 32,8 %-ға, ал экономиканың монеталану деңгейі 17,7 %-дан 20,4 %-ға дейін өсті. 2003 жылдың бірінші жарты жылдығында ақша базасы 254,1 млрд . теңгеге дейін 22,1 %-ға, ал ақша жиыны 892,3 млрд. теңгеге дейін 16,7 %-ға кеңейді. Алдын ала бағалау бойынша экономиканың монеталану деңгейі 22 %-ға дейін өсті.

### **3. Елді дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері және басымдықтары**

#### **3.1. Стратегиялық міндеттерді шешу саласында**

Орта мерзімді кезеңнің мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың 2010 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Индикативтік жоспарда стратегиялық мақсат р е т і н д е м ы н а л а р а й қ ы н д а л ғ а н :

2004-2006 жылдары 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ЖІӨ-нің көлемін екі есе арттыруға мүмкіндік беретін 7-8 % экономикалық өсу қарқындарын қамтамасыз ету ;

бәсекеге қабілетті экономиканың негіздерін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Ел экономикасының жұмыс істеуін дамытудың қорытындылары мен болжамы 2001 -2006 жылдары стратегиялық мақсат кестеден 15,9 %-ға асып түсетін кедергімен қ а м т а м а с ы з е т і л е т і н і н к ө р с е т е д і .

2001-2006 жылдардағы болжамға сәйкес (2003 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ) ЖІӨ өсімінің орташа жылдық қарқыны ЖІӨ-ні екі еселеу үшін 2001-2010 жылдары оның өсімінің орташа жылдық қарқыны 7,2 %-ды құрауы тиіс болғанда, 9 %-ды құрауы тиіс.

2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ЖІӨ-ні екі еселеу жөніндегі кестенің 2004-2006 жылдарға болжамдалған атқарылуы, %-бен диаграммасын қағаз мәтінінен қараңыз

Көзі: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

### **3.2. Орта мерзімді міндеттерді шешу саласында**

Мақсаттары мен міндеттері

Жоспарланып отырған кезеңде бәсекеге қабілетті экономиканың негіздерін құру үшін мынадай міндеттерді шешу ұйғарылып отыр:

5,4-4,5 % мөлшерінде инфляцияның орташа жылдық өсімін қамтамасыз ету; валюталық режимді ырықтандыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін және қаржы жүйесінің халықаралық стандарттарға көшуін дайындауды іске асыру;

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруі жөніндегі дайындық іс-шараларын аяқтау;

тауарлар мен қызметтер көрсету тиімділігін арттыруды ынталандыру мақсатында салық заңнамасын жетілдіру;

энергия және материал үнемдейтін технологиялардың енгізілуін ынталандыратын заңнамалық және тарифтік жағдайлар жасау;

орталық және жергілікті басқару органдары арасындағы өкілеттіктер мен қаржы ресурстарын ажырату жөніндегі жұмысты жалғастыру;

ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау; ауылдың (селоның) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту деңгейін жақсарту;

мемлекеттің Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға қатысуын қамтамасыз ететін даму институттарын құру.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2004-2006 жылдарға арналған басымдықтары болып мыналар айқындалды:

Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыруды және ауылда (селода) өмір сүру жағдайын саналы жақсартуды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

Ел экономикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

ғылымды, білім беруді және халықтың кәсіби біліктілігін дамытудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру;

шағын кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;

халықты зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыруды одан әрі арттыру;

мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын арттыру астананы одан әрі дамыту.

### **3.3. Макроэкономикалық көрсеткіштердің 2004-2006 жылдарға арналған болжамы <\*>**

**Ескерту. 3.3.-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 518 қаулысымен .**

## **4. Даму бағдарламалары және оларды қаржыландыру**

Қазіргі уақытта мемлекеттік, салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламалар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асырудың негізгі құралы болып табылады. Іс жүзінде әрбір сала бойынша тиісті бағдарламалар әзірленген және іске асырылады .

Мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың ресурстық бөлімі бюджеттік бағдарламалармен үндестірілген.

2003 жылдан бастап Қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық), аймақтық бағдарламалардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары құрамында бекітіледі, ол онда анықталған басымдықтарға сәйкес келетін бағдарламалық құжаттарды әзірлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл норма Индикативтік жоспарларды әзірлеу ережесінде белгіленген.

Қазіргі уақытта орталық мемлекеттік органдарда (әсіресе бірнеше салаларға немесе қызмет аяларына жетекшілік ететін) бір кешендінің орнына бірнеше бағдарламалар әрекет етеді. Бұл ретте оларда қаржыландырудың түрлі көлемдерін көрсете отырып іс-шараларды қайталауға жол беріледі немесе керісінше кейбір іс-шаралар басқа бағдарламалардың іс-шараларымен үйлестірмеген (оның ішінде орындау мерзімі бойынша) .

Сондай-ақ айрықша міндеттерді шешетін және даму бағдарламасының санатына жатқызылмайтын бірқатар мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар бар.

#### **Мақсаты**

Іске асырылатын мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асыру тиімділігін арттыру.

#### **Қол жеткізу жолдары**

Жоспарлаудың бағдарламалық-мақсатты әдісін одан әрі жетілдіру мақсатында сыртқы (тәуелсіз) бағалауды қоса алғанда бағдарламаларды іске асыру тиімділігін бағалау және бақылау жүйесін құру алда тұр. Бұл бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін елеулі арттыруға мүмкіндік береді.

**М ы н а л а р :**



асырудың толық және анық талдауды жүзеге асыру жолымен, яғни бағдарламалардың нәтижелілігін сыртқы және ішкі бағалауды жүргізу арқылы қамтамасыз етілетін болады. Бағдарламаны одан әрі іске асыру орындылығы және одан әрі қаражат бөлу туралы шешім жүргізілген бағалаулардың нәтижелеріне негізделетін болады.

Қабылданған шаралар экономиканың жедел өсімін және республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуде бағдарламалық құжаттардың (мемлекеттік, салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламалар) рөлін арттыруға мүмкіндік береді.

## **5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету**

### **5.1. Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту**

#### **5.1.1. Ақша-кредит саясаты**

Ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты инфляцияның төменгі деңгейін қамтамасыз ету болады.

Ұлттық Банктің қызметі мынадай негізгі міндеттерді шешуге бағытталатын болады:

- инфляциялық таргеттеу қағидаттарына көшуге дайындық;
- валюта режимін одан әрі ырықтандыру;
- Ұлттық Банктің ресми ставкаларын тиімді азайту;

Ақша-кредит саясатының негізгі құралдары репо операциялары, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын шығару және вексельдермен қайта есептеу операциялары сияқты ашық рынок операциялары болады. 2003 жылы Ұлттық Банк өзінің ресми ставкаларының реттейтін рөлін күшейту жөніндегі шараларды қабылдайды және нақты алғанда олардың әлсіз оң әлсіздерін қолдайтын болады. Бұл 2004-2006 жылдары ақша-кредит саясатының инфляциялық таргеттеуіне көшуге дайындық үшін негіз болып табылады.

Экспорттың болжамды өсімі сауда балансының оң сальдосының жыл сайынғы өсімін қамтамасыз етеді. Экспорттың неғұрлым көп өсімі 2003-2006 жылдары күтіледі. Экспорттың 2003 жылы экспорттың елеулі артуы әлемдік рыноктарда өсіп отырған баға конъюнктурасына, ал 2006 жылы - Солтүстік Каспий мұнайын жеткізудің басталуына негізделген. Экспорттық кредиттердің өсуі тікелей инвестициялардың түсумен қатар елімізге шетел валютасының жеткілікті ағыны үшін арналар жасайды және Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің одан әрі өсуін қамтамасыз етеді.

Ұлттық Банк одан әрі валюта себетіне нақты тиімді айырбас бағамын негізгі сауда серіктестерін индекстеу бағдарымен өзгермелі айырбас бағамы режимін қолдайды.

Валюта рыногында сұраным және ұсыныстар теңгерімін тұрақтандыру мақсатында валюта режимін ырықтандыру жалғастырылатын болады. Жұмыс шетелге тікелей инвестициялау операцияларын ынталандыру, сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде шектен тыс әкімшілік тосқауылдарын жою, сондай-ақ шет елдердегі шетелдік банктерде шоттарды ашу тәртібін жеңілдету бағытында шоғырландырылатын болады, ол рынокты шетелдік валютаға сұраным тарапынан қолдайды.

Капитал ағынына байланысты тәуекелдерді азайту үшін шоғырландырылған негізде пруденциялық қадағалау жетілдірілетін болады, банктерде, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен сақтандыру компанияларында тәуекелді басқарудың ішкі жүйесі енгізілетін болады, қаржылық емес ұйымдар - ішкі валюта рыногының ірі қатысушылар тарапынан алыпсатарлықты бақылау және ұстау тетіктері әзірленетін болады.

Тұтастай алғанда Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру кезең-кезеңімен өткізіледі. Кезеңдердің уақытша шеңберлерін және басым операциялардың тізбесін анықтау кезінде бұрын қойылған мақсаттарға қол жеткізу, төлем теңгерімінің жай-күйі және әлемдік тауар және қаржы рыноктарындағы ахуалдар валюта режимін одан әрі ырықтандырудың негізгі шарттары болып табылады, ол келесі кезеңге көшу үшін қажетті алғышарт жасау тиіс. Толығымен ырықтандыру 2007 жылы аяқталады.

Ұлттық банктің төлем жүйелері саласындағы негізгі назары 2003 жылы және кейінгі жылдары микропроцессорлық карточкалардың негізінде Ұлттық банкаралық төлем карточкалары жүйесін енгізуге бөлінетін болады. Ұлттық банкаралық төлем карточкалары карточкалар арқылы әскери қызметшілер үшін ырыздыққы, зейнеткерлерге зейнетақы және басқа атаулы төлемдерді төлеу, тауарлар мен қызметтердің кез келген түрлерін төлеу, кеден алымдары мен төлемдерін төлеу шарттарын жақсарту, салық органдарының салықтар мен төлемдерді жинауын оңтайландыру, медициналық қызметтерді есепке алу және т.с.с. міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл халыққа және сауда-сервистік кәсіпорындарға қызмет көрсету жөніндегі бірыңғай төлем кеңістігін құру, қолма-қол емес айналымға халықта бар қолма-қол ақша массасын тарту дегенді білдіреді.

Алдағы жылдары Ұлттық Банк ЕурАзЭҚ елдерінің орталық банктерімен бірлесіп ЕурАзЭҚ елдерінің жалпы төлем жүйесін ұйымдастыру және қаржы рыноктарын ықпалдастырудың басқа бағыттары жөніндегі жұмыстарды жалғастыратын болады.

Ақша-кредит саясаты қаржы рыногының тұрақтылығын сақтауға, сақтандыру рыногын, бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытуға және банк жүйесін нығайту, экономиканың нақты секторы банктерінің кредит беруінің одан әрі өсуі үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіруге ықпал етеді.

## 5.1.2. Қаржы секторын дамыту

2004 жылы қаржы рыногын қадағалау жөніндегі дербес бірыңғай реттейтін органды құру жоспарланады, оның шеңберінде барлық қаржы институттарын жедел бақылау және олардың клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін кешенді қорғау жүзеге асырылатын болады. Қаржы ұйымдарының жұмыс істеуі үшін адал бәсекелестік жағдайларын жасауға көңіл аударылатын.

Банктік сектор

Банктік секторды одан әрі дамыту мақсатында мыналар:

- корпоративтік басқару және екінші деңгейдегі банктерде тәуекелді басқару жүйелерін жетілдіру;

- банктік қадағалау жөніндегі Базель Комитетінің негізгі қағидаттары мен стандарттарына сәйкес ағымдағы қадағалау, оның және шоғырландырылған қадағалау әдістерін жетілдіру;

- халықаралық депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерін құру стандарттарына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін жетілдіру;

- банктік қызметтер рыногында бәсекелестікті дамыту;

- банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу саласында заңнаманы жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру ұйғарылды.

Қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру және онда қалыптасқан қатынастарды қадағалау депозиттерді қабылдау мәселелері жөніндегі заңнамадағы өзгерістерге сәйкес депозиттер қабылдауды, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуге жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы банктер ғана жүргізуге құқықты болады.

Бірінші сыныпты вексельдер эмитенттерінің тізімін қалыптастыру жөніндегі (ұлттық компаниялардың есебінен, "орта буын" шаруашылық жүргізуші субъектілердің де есебінен), вексельдік айналымның нормативтік құқықтық базасын жетілдіру және вексельдік рынок инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Ұлттық Банк ипотекалық кредит беру және тұрғынүйқұрылысжинақтауларын дамытудың нормативтік және құқықтық базасын жетілдіруді жалғастыруды жоспарлап отыр. Ипотекалық кредит беру кезінде кредит тәуекелдерін сақтандыру мақсатында Ипотекалық кредиттерге кепілдік беру (сақтандыру) қоры құрылатын болады.

2003 жылы Ұлттық Банк халықаралық бухгалтерлік есеп жүйесінің халықаралық



стандарттарына көшу мақсатында екінші деңгейдегі банктердің бухгалтерлер қызмет қызметкерлерін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына оқыту жөніндегі шараларды қабылдайтын болады.

#### Сақтандыру рыногы

Ұлттық Банк халықтың сақтандыру компанияларына сенімін одан әрі нығайтуға бағытталған шараларды іске асыруды жалғастырады.

Үкіметпен бірлесіп халықаралық тәжірибені ескере отырып міндетті сақтандыру түрлері бойынша қажетті заңнамалық базаны құру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Сақтандыру рыногының инфрақұрылымын дамыту және оның кәсіби қатысушыларының (сақтандыру брокерлерінің, актуарийлер мен уәкілетті аудиторлардың) қызметін жандандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Сақтандыру қызметтері рыногын одан әрі дамыту мақсатында мемлекеттің қатысуымен мамандандырылған сақтандыру ұйымдары құрылатын болады.

Міндетті сақтандыру, атап айтқанда жаппай және әлеуметтік-маңызды бағыттарын қамтитын, сондай-ақ кәсіби жауапкершілікке байланысты түрлерінің тізбесін кеңейту жоспарланады.

2003 жылы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы 423-ІІ Заңына сәйкес клиенттердің мүдделерін қорғау мақсатында сақтандыру шарттары бойынша "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" АҚ құрылатын болады. Бірінші сатыда көрсетілген қор Қазақстан Республикасының "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі N 446-ІІ және "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі N 444-ІІ Заңдарында көзделген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беретін болады.

#### Бағалы қағаздар рыногы

Бағалы қағаздар рыногының одан әрі дамуына "Акционерлік қоғамдар туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңдардың күшіне енуі импульс беретін болады. Өзірленіп жатқан "Инвестициялық қорлар туралы" заң жобасы инвестициялық қорлар қызметінің қалыптасуы мен жандануы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Ипотекалық облигациялар, агенттік бағалы қағаздар, қысқа мерзімді коммерциялық бағалы қағаздар сияқты қаржы институттарын дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданып болады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде Акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқару жөніндегі нұсқаулық пен Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының этикасы нормаларында салынған корпоративтік басқару нормаларын ескере отырып бағалы қағаздар эмитенттерінің ішкі құжаттарының үлгілік

нысандары әзірленетін болады.

Корпоративтік басқарудың және қор рыногында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарда тәуекелді басқарудың корпоративтік жүйелерін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу жоспарланады, ол бағалы қағаздар портфелін инвестициялық бағалауды жүзеге асыратын ұйымдарға және брокер-дилерлерге қатысты әсіресе өзекті.

2003 жылы бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің уәкілетті органға есептерін, сондай-ақ акциялар мен облигацияларды шығару шарттарын электрондық нысанға көшіруді жүзеге асыру басталатын болады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2003 жылы мыналар :

- зейнетақы активтерін неғұрлым сапалы және жоғары өтімді қаржы құралдарына орналастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- зейнетақы активтерін кәсіпорындардың "көгілдір фишкалар" акцияларына инвестициялау тетігін жетілдіру, қор рыногының құралдарын белсенді пайдалану;

- зейнетақы төлемдері тетігін жетілдіру;

- зейнетақы активтерін рыноктық бағалау тетіктерін енгізу;

- жинақтаушы зейнетақы субъектілерінің есеп ақпаратын уәкілетті органға беруінің электрондық жүйесін жетілдіру;

- жүйеге жаңа салымшыларды тарту жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың басым бағыттары болады.

## **5.2. Фискальдық саясат**

### **5.2.1. Салық саясаты**

Салық заңнамасын жетілдіру кезінде экономикалық өсімнің тиімділігін арттыру мақсатында мемлекет қосылған құн салығын құруға елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға апаратын инвестициялық процессорларды одан әрі ынталандыру үшін жағдайлар жасауға ұмтылатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Қазақстан халқына жолдауында, Индустриялық-инновациялық дамудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясында анықталған салық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады, олар мыналарды ұйғарады:

жеке табыс салығының ставкаларын азайту және әлеуметтік салық ставкаларының регрессивті шәкілін енгізу жолымен еңбекақы төлеу қорына салық жүктемесін азайту, жалақының артуын және азаматтардың ресми емес кірістерін барынша заңдастыруды ынталандыратын болады;

салық жүктемесін одан әрі азайту мақсатында қосылған құн салығының ставкасын  
15% - ға д е й і н а з а й т у ;

есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын азайту, жоғары технологиялық өндірістерді (ақпараттық технологиялар, биотехнология, ядролық технологиялар, радиоэлектроника, байланыс және т.б.) дамыту мақсатында құрылатын арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) аумақтарында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарды қосылған құн салығынан, мүлікке салынатын салық пен жер салығынан босату. Көрсетілген АЭА инвестицияларды экономиканың шикізат емес салаларына жылдамдатып тартуға ықпал етуге танылған және оларды дамыту үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау қажет;

мұнай операцияларына салық салу жөніндегі заңнаманы жетілдіру және арнайы салық жүйесі арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілерден мұнай рентасын тиімді алу тетігін әзірлеу; негізгі қорларды жаңартуды ынталандыру мақсатында амортизациялық саясатты ж е т і л д і р у ;

салықтық әкімшілік жүргізуді автоматтандыру процестерін дамыту.

Салық кодексінде белгіленген жеңілдетілген салық режимінің әрекет ету жағдайларында шағын бизнес субъектілерінің қызметін жүзеге асырудың оң тәжірибесін ескере отырып, патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін кірістің шекті мөлшерін арттыру жолымен арнайы салық режимін қолдану аясын кеңейту және бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін ставкалар шәкілін қайта қарау ұйғарылады.

### **5.2.2. Бюджет саясаты**

Бюджет саясаты саласында Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет жүйесін жетілдіру жөнінде мынадай қадамдар жасады. Бюджет қаражатын тиімді жұмсау мақсатында мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі, сондай-ақ бюджет заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жүргізілді. Мысалы, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы қабылданды, Бюджет кодексінің және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобалары әзірленді.

Бюджет саясатының үлкен айқындылық, алдын ала болжау және тұрақтылығы үшін мемлекеттік бюджеттің қаражатын жұмсаудың перспективаға арналған басым бағыттарын нормативтік бекіту қажет.

Мақсаттары мен міндеттері

Алдағы кезеңде мыналар бюджет саясатының мақсаттары болып табылады:  
экономикалық өсімнің тұрақты қарқындарын ұстауға жәрдемдесу;  
халықтың әл-ауқатын арттыру;  
мемлекеттік функциялардың толық көлемі орындалу қамтамасыз етілетін деңгейде  
шығыстарды қолдау;  
мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыру.

Бюджет саясатының мақсаттарына сәйкес 2004-2006 жылдары мынадай мәселелерді  
шешу қажет:

стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды одан әрі үндестіру;  
бюджет қаражатын жұмсаудың орта мерзімді кезеңге арналған басымдықтарын,  
іске асыру көлемдері мен мерзімдерін анықтау;  
бюджет кодексінде көзделген нормаларға сәйкес бюджеттік құқықтық  
қатынастарды регламенттейтін қолданыстағы нормаларды ретке келтіру;  
бюджеттік бағдарламалау әдістерін одан әрі енгізу;  
бюджеттердің шығыстарын жоспарлаудың нормативтік әдісін енгізу;  
бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау әдістерін жетілдіру;

Қазынашылықты жаңғыртуды аяқтау;  
инвестициялық жобаларды, оның ішінде бюджеттік даму шығыстарын  
қалыптастыру жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында бюджет қаражатының есебінен  
іске асырылатындарды дайындау, қарау, іріктеу процесін ретке келтіру;  
әрбір мемлекеттік басқару деңгейінің бюджет ресурстарын бөлудегі дербестігін  
күшейту.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Алдағы кезеңге арналған бюджетті қалыптастыру бірінші кезекте мемлекеттік және  
салалық бағдарламаларда көзделген бағыттарға негізделетін болады, яғни бюджет  
шығыстары бағдарламалық құжаттарда растау табуы тиіс. Бағдарламаларды іске асыру  
кезінде тиімділік пен нәтижеліліктің ішкі және сыртқы бағаларына ерекше көңіл  
бөлінуі тиіс.

Бағдарламаны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы шешім мемлекеттік  
бағдарламалардың іс-шаралар жоспарын орындауға; материалдық, еңбек және қаржы  
ресурстарын пайдалану тиімділігін талдауға; мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың  
елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау.

Осылайша, бір уақытта мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыра отырып  
бюджет қаражатын тиімді жұмсау мақсатында мемлекеттік органдар өз саласында  
мемлекеттік саясатты іске асыра отырып барынша тиімділікпен бар ресурстарды  
пайдалана алатын белгіленген өлшемдерге сүйенуді қамтамасыз ету жоспарланады.

Алдағы кезеңде елдің ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарын қолдау мен  
дамыту, әлеуметтік даму міндеттерін шешу, денсаулық сақтау мен білім беруді одан әрі  
дамыту, ғылым мен инновацияларды дамыту, мәдени-тарихи құндылықтарды сақтау

бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары болып табылады.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шығыс өкілеттіктерін мемлекеттік басқару деңгейлеріне бекіту реттеледі және бюджетаралық трансферттердің тиімді моделі анықталатын болады. Оның ішінде төменгі мемлекеттік басқару деңгейін қаржы құралдарымен қамтамасыз ету тетігін е н г і з у к ө з д е л е д і .

Бюджет кодексінің нормаларын енгізу және 2005 жылдан бастап іске асыру бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыруды; бюджет шығыстарының үлкен айқындылығына қол жеткізуді; бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын мемлекеттік қаржылық бақылау ролін күшейтуді көздейтін бюджет шығыстарын басқарудың сапалы жаңа деңгейіне көшуді қамтамасыз етеді.

Нормативтік құқықтық актілердің нормаларын Бюджет кодексінің нормаларына келтіру және Бюджет кодексін іске асыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

2005 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру Бюджет кодексінің негізінде жүзеге асырылатын болады.

Бюджет кодексінің жобасында көзделген жыл сайын Алдағы үш жылға арналған орта мерзімді фискальдық саясатты әзірлеу орта мерзімді кезеңде салық-бюджет саясатын қалыптастыруға бағытталатын болады. Осы құжат орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары бюджеттердің жобаларын әзірлеу кезінде негіз болып т а б ы л а д ы .

Ұлттық қордың активтерін тиімді басқаруға бағытталған саясат жүргізілетін болады .

ЖІӨ-ге проценттік қатынаста бюджеттің тапшылығын біртіндеп қысқарту және мемлекеттік борыш құрылымын оңтайландыру көзделеді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін іске асырудың уақытылығы мен тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

### **5.2.3. Мемлекеттік борышты басқару саласындағы саясат**

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышы үкіметтік борыштың жалпы көлемінің 79%-ін құрады. Борыштық портфельдің осындай құрылымы дағдарыс нәтижесінде қаржылық шығындардың басталу рәсіміне елеулі ұшырады және осы тұрғыдан экономикалық қауіпсіздіктің өлшемдеріне сәйкес келмейтін осал болып табылады. Үкіметтің борыштық портфелін әртараптандыру мақсатында ішкі рынокта қарыз алуды бір уақытта арттыру кезінде сыртқы қарыз алу көлемін қысқарту қажет.

Мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясаты 2004-2006 жылдары мынадай 2 бағытта іске асырылатын болады:

ЖІӨ-ге проценттік қатынаста үкіметтік борыштың мөлшерін дәйекті қысқарту. Бұған ЖІӨ-ге проценттік қатынаста республикалық бюджет тапшылығының мөлшерін біртіндеп және тиісінше оны қаржыландыруды қысқарту нәтижесінде қол жеткізілетін болады;

Республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымында сыртқы қарыздардың есебінен республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үлесін қысқарту жолымен үкіметтік борыш құрылымында сыртқы борыштың үлесін біртіндеп азайту.

Жүргізілетін саясат шеңберінде мынадай мәселелерді шешу ұйғарылады: республикалық бюджет тапшылығының мөлшерін біртіндеп қысқарту; жинақтау жөніндегі саясат шеңберінде үкіметтік борыштың ұтымды мөлшерін анықтау;

міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту және қысқа және орта мерзімді перспективада үкіметтің ішкі борышын өтеу жөніндегі төлемдер төлеудің ең жоғары шегін төмендету, ол үшін басым орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығаруға қайта бағдарлау ұйғарылады;

республикалық инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілген жобаларды дайындау және сараптау сапасын жақсарту және сыртқы қарыздарды тиімді пайдалану;

жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу процесін ретке келтіру. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы республикалық бюджеттен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бюджеттік кредиттер алу нысанында ғана жүзеге асырылатын болады;

валюталардың кросс-бағамдары және теңгені айырбас бағамы өзгерген жағдайда теріс салдарды азайту мақсатында қарыздардың валюталары жөніндегі Үкіметтің сыртқы қарыздарының портфелін әртараптандыру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мемлекеттік борышты қауіпсіз деңгейде сақтауды, оның құрылымын оңтайландыруға және ұзақ мерзімді перспективада бюджеттің тұрақтылығын арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.

### **5.3. Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру**

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында 2003 жылы мемлекеттік мүлікті басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған, одан әрі шаралар кешенін көздейтін Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін арттырудың және жекешелендірудің 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Осы бағдарламаның шеңберінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметін, әкімшілік шығыстарды оңтайландыруды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлы көрсеткіштерді олардың орындауын бақылау жөніндегі жұмыстар күшейтілді. Жүргізілген реформалардың іс жүзіндегі нәтижелері бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің түсуінің, мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің, мемлекеттік меншіктегі мүлікті жалдаудан алынатын кірістердің түсуінің тұрақты қарқыны болып т а б ы л а д ы .

Сонымен бірге мемлекеттік меншікті басқаруды талдау мемлекеттік меншікті басқару жүйесін жетілдіру, орталық және жергілікті атқарушы органдар тарапынан мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалануды бақылауды күшейту процестерін одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетті.

Мақсаттары мен басымдықтары

2004-2006 жылдары мемлекеттік меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясат экономиканың стратегиялық маңызды салаларының дамуын реттеу мүмкіндігін сақтау және күшейту, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесін жетілдіру мақсатында мемлекеттік мүлікті басқарудың одан әрі тиімділігін арттыруға бағытталатын болады.

Алдағы кезеңде мемлекеттік меншікті басқару саласында мыналар басым міндеттер б о л ы п т а б ы л а д ы :

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан алынатын салыққа жатпайтын түсімдер есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістерін арттыру;

мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту;

экономиканың стратегиялық салдарын мемлекеттік бақылауды күшейту;

жекелеген кәсіпорындар мен нақты кәсіпорындарға қатысты мемлекеттің мүдделеріне қарай жекешелендіруді жүзеге асыру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Қойылған міндеттерді шешу үшін Тізілімнің құрылымын оңтайландыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады. Қаржылық көрсеткіштер кешенін қамтитын Тізілімінің қосымша кіші бөлімін жүргізу және жетілдіру мемлекеттің қатысуы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің жүйелік мониторингі мен талдауды жүргізуге мүмкіндік береді, мемлекеттік меншікті неғұрлым толық және анық есепке алуға ықпал етеді.

Экономикалық негізделген дивидендтік саясатты әзірлеу мақсатында әкімшілік шығыстарды, қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің тиімділігін акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың инвестициялық бағдарламаларының іске асырылуын талдау және бақылау ж ү й е с і к ү ш е й т і л е т і н б о л а д ы .

Мемлекеттік меншікті пайдаланудан түсетін салыққа жатпайтын түсімдердің (акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтердің, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін, жалдаудан алынатын кірістердің) уақытылы, толық есептелуі мен аударылуын бақылау тетігі жетілдірілетін болады. Бұл ретте акцияларының бақылау пакеттері мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар басшыларының оларға жүктелген міндеттерді уақытылы және адал атқаруға жауапкершілігін арттыру ұйғарылады.

Бұдан басқа, шаруашылық жүргізу субъектілердің, оның ішінде экономиканың стратегиялық салаларында жекешелендірмеген объектілердің кешенді мониторингі және мониторинг нәтижелерін есепке алудың бірыңғай ақпараттық базасын құру жөніндегі қызмет күшейтілетін болады. Кешенді мониторинг технологиялық, қаржы-шаруашылық қызметтің сапалық және санды жағдайын, жетіспеушіліктердің алдын алу, жою және оның қызметін жетілдіру жөніндегі негізді шешімдер мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында осы объектілердің құқықтық сипаттамасын жедел қадағалауға және талдамалық бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді. Бар нормативтік құқықтық база "Экономиканың стратегиялық салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Заң (бұдан әрі - Заң) қабылдануымен күшейтілетін болады. Заң елдің экономикалық даму процестерін реттеу мен болжамдауда мемлекеттің рөлін күшейту, тұтастай алғанда Қазақстанның экономикасын басқаруда тиімді шешімдерді қабылдау үшін мемлекеттік басқару органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз болып табылады.

2004 жылы мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру және оны есепке алуды жетілдіру мақсатында мемлекеттің активтері мен міндеттемелерінің теңгерімін жасау әдісін әзірлеу көзделді.

Алдағы кезеңде мемлекеттің экономиканың стратегиялық салалардағы рөлін күшейту, ірі жүйе құрушы компанияларды құру және әлемдік рыноктарға шығару мемлекеттік меншікті басқару саласындағы шешуші бағыттар болады.

Жекешелендіру ұзақ мерзімді перспективада салық салынатын базаны кеңейту, қосымша жұмыс орындарын құру, отандық рынокты отандық тауар өндірушілердің тауарларымен және қызметтерімен толтыру, тұтастай алғанда бүкіл халық-шаруашылық кешенінің жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру нысанындағы қайтарымды алуға бағытталған мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясаттың құрылымдық элементі ретінде қарастырылады.

2004-2006 жылдарға арналған болжамды көрсеткіштер  
(мың теңге)

Түсімдердің атауы	Болжам		
	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл



Республикалық	мемлекеттік		
кәсіпорындардың пайда үлесі	415795	355000	370000
Республикалық	меншік	болып	
табылатын	акциялардың	пакеттеріне	
дивидендтердің түсуі	3738564	4958300	5008300
Республикалық	меншіктегі	мүлікті	
жалдау ақысының түсімі	164540	158000	160000

Республикалық мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түсімдердің 2004 жылға арналған күтілетін болжамы шамамен 14 млрд. теңгені құрайды. Көрсетілген сома ТЭК-ті (таратушы электр желілері компаниясы) және темір жол көлігі объектілерін жекешелендірген жағдайда арттырылуы мүмкін.

Заңнамадағы өзгерістерге сәйкес республикалық меншіктегі тау-кен өндіруші және өңдеуші кәсіпорындарды жекешелендіруден алынатын қаражат Ұлттық қорға аударылатын болады.

## **6. Құрылымдық-институционалдық реформаларды тереңдету**

### **6.1. Мемлекеттік басқаруды жетілдіру**

Құрылымдық-институционалдық реформаларды жүргізу саласында жергілікті билік деңгейлері дербестігінің жетімсіздігіне байланысты мәселелер проблемалық болып қалып отыр. Сондай-ақ ауылдық, кенттік, қалалық (ауылдық маңызы бар) билік деңгейлерінде нақты тетіктер жоқ.

Президенттің Қазақстан халқына сәуірдегі (2003 жылғы) жолдауына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуды жүргізу жөнінде мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттердің нақты ажыратуды және бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ететін заңнамалық базаны өзгерту жөніндегі міндет қойылды.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі одан әрі жұмыстар үшін негіз құрылды.

Кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары әзірленді.

Мақсаттары

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажыратуды және бюджетаралық қатынастарды жетілдіруді қамтамасыз ететін заңнамалық және ұйымдастыру шараларының кешенді жүйесі құрылды.

## Міндеттері

- 1) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 2) мемлекеттік функцияларды ұтымды бөлу тұрғысынан заңнаманы талдау;
- 3) мемлекеттік органдар арасында мемлекеттік функцияларды бөлудің негізгі бағыттарын анықтау;

- 4) функционалды талдауды әдіснамалық қамтамасыз ету.

## Шешу жолдары

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіктерді ажырату процесін жалғастыру жоспарланады. Аумақтық дамыту мәселелерін шешудегі жауапкершілікті күшейту мақсатында жергілікті басқару деңгейіне шаруашылық саласындағы, сондай-ақ шаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау саласындағы функциялар беріледі.

Әкімшілік-бюджеттік реформаның басым бағыты ауылдық округтер, ауылдар, аудандық маңызы бар қалалар, қалалардағы аудандар деңгейінде тиімді мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру, ең алдымен оның институционалды функционалды нығайтылуы басым бағыт болып табылады.

Осы мақсатта ауылдардың, аудандық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ оларға заңды тұлға мәртебесін бере отырып қалалардағы аудандардың әкімдері аппараттарын қалыптастыруға кірісу көзделеді.

Ауылдық, кенттік, қалалық (аудандық маңызы бар) басқару деңгейлеріне бекітілген функциялардың тізбесі кеңейтілетін болады.

## **7. Бәсекелестікті дамыту, тарифтік және монополияға қарсы саясат**

### **7.1. Бәсекелестікті дамыту және монополияға қарсы саясат**

Бәсекелестік саясаттың негізгі мақсаттары елдің негізгі тауар рыноктарында бәсекелестік бостандығына қол жеткізу және қолдау, тұтынушылар құқықтарын қорғау және тауар рыноктарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мыналар жүзеге асырылады:

бәсекелестікті қорғау саласында нормативтік құқықтық актілерді, "Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу және қабылдау;

рынок субъектілерінің үстем жағдайды асыра пайдаланудың, рынок субъектілерінің монополиялық бағаларды белгілеу жөніндегі сыбайласуының, монополиялық тауарлар мен қызметтерді өндіру мен жеткізуді негізсіз қысқартуды жолын кесу, рыноктан

шығару және оған басқа субъектілердің кіруін шектеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік бақылауды күшейту;

кәсіпкерлік бостандығы мен тұтынушылар құқықтарын қорғаудың қоғамдық жүйесін нығайту;

мемлекеттік органдардың, әсіресе жергілікті деңгейде рынок субъектілерінің шаруашылық қызметіне негізсіз араласуының жолын кесу.

Тиімді бәсекелестік жағдайлар жасау, адал бәсекелестікті қолдау мен қорғау республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін болады.

Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясат теріс пиғылды бәсекелестікке және бәсекелестікке қарсы келісімдерді болдырмау проблемаларын шешуге бағытталатын болады.

Жоғары шоғырландырылған рыноктар бойынша бәсекелестікті дамыту, монополиялы құрылымдарды қайта ұйымдастыру (ұсақтату) жөніндегі іс-шаралар әзірленетін болады. Бәсекелі ортаны кеңейтуге табиғи монополия саласындағы монополиясыздандыру ықпал ететін болады.

Бәсекелі орта қалыптасатын тауарлы рыноктарда монополияға қарсы органдардың назары бәсекелестіктің теріс әдістерінің жолын кесуге, бірыңғай бағалар мен тарифтерді белгілеуге, рынокты бөлуге, әлеуетті бәсекелердің рынокқа қол жетімділігін шектеуге немесе бәсекелесетін рынок субъектілері арасындағы сыбайласуға бағытталған келісімдерді болдырмауға және анықтауға бөлінетін болады.

"Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты қаржы рыногын монополияға қарсы реттеу жүзеге асырылатын болады.

Қаржы ұйымдарының үстем (монополиялы) жағдайын белгілеу жөніндегі, теріс пиғылды бәсекелестікті анықтау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу болжанып отыр.

## **7.2. Тарифтік саясат**

Қазіргі уақытта жүргізілген инвестицияларды ескере отырып анықталатын орта мерзімді тарифтік реттеу және нарықтық пайданы есептеу қағидаттарын іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар тариф құру әдістемелері әзірленді және қабылданды.

Бүгінгі таңда табиғи монополия субъектілерінің көпшілігі үшін ағымдағы және күрделі жөндеулерді ғана емес, ауыстыруды, ал кейіннен жаңғыртуды талап ететін негізгі қорлардың тозуының жоғары дәрежесі тән. Жеке қаражатының жеткіліксіздігі табиғи монополия субъектілеріне жабдықтарды ауыстыруға қажетті тиесілі капитал салуды (инвестиция) жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Сондықтан, табиғи монополия саласын реттеудің негізгі мақсаты табиғи монополия

субъектілерінің негізгі қорларды қайта өндіру және тұтынушылар үшін тарифтерді өзгертулердің болжамдарына қол жеткізу процесін нормаға түсіру мақсатында инвестицияларды жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Табиғи монополия субъектілерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, олар көрсететін қызметтердің сапасын жақсарту, олардың қызметтер көрсетуінің өзіндік құнын төмендету және оларға тарифтер деңгейін тұрақтандыру үшін мынадай:

инвестицияларды ынталандыратын және тарифтердің орта мерзімді кезеңде тұрақтылығын қамтамасыз ететін тариф құрудың жаңа әдістерін енгізу;

республикалық маңызы бар барлық табиғи монополия субъектілерінің қызметіне техникалық және қаржылық сараптама жүргізу;

табиғи монополия субъектілерінің қызметінің мониторингі мен оны талдау үшін ақпараттық дерекқорды құру;

республикалық тіркелімге енгізілген табиғи монополия субъектілерінің барлық қызметтер көрсету түрлері бойынша активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есепке алу әдістемелерін әзірлеу және енгізу, орташа мерзімді негізде тарифтердің (бағалар, алым ставкалары) шекті деңгейін белгілеу;

тұтынушылар топтары бойынша табиғи монополия субъектілерінің қызметтер көрсетуіне тарифтердің (бағалар, алым ставкалары) экономикалық негізсіз саралануын қолдану практикасын болдырмау;

табиғи монополия субъектілерінің қызметтер көрсетуіне уақытша төмендейтін коэффициенттерді белгілеу жолымен тарифтік реттеу әдістерін қолдану жолымен тарифтік саясатты одан әрі жетілдіру қажет.

## **8. Сауда және сыртқы экономикалық қызмет**

### **8.1. Сауда саясаты**

Сауда қызметі мемлекеттік реттеу заңнамалық кесімнің жоқтығынан қиындады. Мемлекеттік және мемлекетаралық реттеудің нормативтік құқықтық және ұйымдастыру мәселелерін жеткіліксіз келісу шекара маңындағы сауданың қазіргі жай-күйіне әсер етуде. Ішкі саудада көлеңкелі айналымның едәуір көлемі шоғырланды, заңсыз өнімнің сатылуы, авторлық құқықтардың бұзылуы орын алып отыр.

Мақсаттары мен міндеттері

Сатып алушыларға жоғары сапалы қызмет көрсететін дамыған сауда инфрақұрылымын құру.

Шешу жолдары

Сауданың тиімді нысандарын құру, заң шығару жүйесін дамыту және сауда қызметтер көрсету сапасын жақсарту мақсатында сауда қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын болады. Ішкі саудада бағаны тұрақтандыру

және бәсекелестікті дамыту жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

Жергілікті билік органдарының сауда инфрақұрылымын дамытудағы және тұтыну тауарларына бағаларды тұрақтандыруды қамтамасыз етудегі жауапкершілігін арттыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Сауданы өндіріс құралдарымен ұйымдастыру, электронды коммерцияны, сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметін дамыту мәселелеріне ерекше назар бөлінетін болады.

Тұтыну рыногында сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі шаралар күшейтіледі. Отандық тауар өндірушілердің өнімін өткізуді жақсарту мақсатында көтерме сауданың қазіргі заманғы жүйесін құру ынталандырылатын болады.

## **8.2. Сыртқы экономикалық қызмет**

Мақсаттары мен басымдықтары

Сыртқы сауда саясаты орта мерзімді кезеңде сыртқы сауда режимін ырықтандыруды қамтамасыз етуге, өзара саудадағы кедергілерді жоюға, қазақстандық экспорттаушылардың шетелдік рыноктарға кіруі үшін оңтайлы жағдайлар жасауға бағытталатын болады. Қазақстанның ДСҰ-ға кіру процесін аяқтау.

2004-2006 жылдар кезеңіне арналған алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін сыртқы экономикалық саясаттың басым бағыттары:

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмысты жалғастыру және осы ұйымның тетіктерін Қазақстанның сыртқы саудадағы мүдделерін кемсітпеуді болдырмау үшін белсенді пайдалану;

елдің әлемдік экономикаға өзара тиімді ықпалдастығы, оның еңбекті халықаралық бөлу жүйесіндегі рөлін оңтайландыру үшін жағдайлар қалыптастыру;

өңірлік экономикалық бірлестіктердің (ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ЭЫҰ, және ОАЫ) шеңберінде экономикалық бастамаларды жылжыту;

экспортты саралау және қосылған құны жоғары өнімнің үлесін экспорттың жалпы көлемінде ұлғайту;

әлемдік рыноктың конъюнктуралық өзгеруіне әсер ететін икемді салық және кеден-тариф саясатын жүргізу;

кредит беру тетігін қалыптастыру және қосылған құны жоғары өнім экспортын сақтандыру;

сауда қызметін реттейтін құқықтық өрісті жетілдіру;

республикада жетекші салаларда жаңа бәсекеге қабілетті өндірістерді, әсіресе, отандық кәсіпорындардың шетелдік, әсіресе, ТМД елдеріндегі әріптестермен кооперацияға негізделген агроөнеркәсіптік кешенді қалпына келтіру және ретке келтіру ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сауда өкілдіктерінің, сауда-өнеркәсіптік палаталарының белсенді өзара іс-қимылы нәтижесінде сауда дауларын болдырмаудың және реттеудің тетіктері мен жүйесін жетілдіру болып табылады.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Дәстүрлі емес, жаңа тауарларды сыртқы рыноктарға жылжыту жоспарында мынадай шаралар қабылдау алда тұр:

экономиканың нақты секторында инновациялық процестерді жандандыру, бұл батыстың дамыған елдерінің үлгісі бойынша экспорттың жаңа құрылым құрайтын жоғары технологиялы элементін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

әлемдік стандарттарға сәйкес жаңа өнімнің негізгі түрлерін сертификаттауды және стандарттауды қамтамасыз ету;

кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, бәсекелестікті дамыту, экспорттың жылжуына ықпал ету, сауда және инвестиция саласында (ақпараттық-консультациялық қызметтер желісін қалыптастыру) халықаралық шарттар мен келісімдерге қатысу жөніндегі мемлекеттің іс-қимылы бөлігінде рынок субъектілерін ақпараттық қолдауды жүзеге асыру.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу отандық экспорттың шикізат тауарларының әлемдік рыноктарындағы бағаларының ауытқуына тәуелдігін төмендетіп қана қоймай, тұтастай алғанда, экономиканың шикізаттық бағытталуы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Осылайша, республиканың отандық өнеркәсіпті перспективалы дамытуға, экспортты ынталандырудың тиімді саясатына және өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастар шарттарында әлемдік қоғамдастыққа кезекпен ықпалдасуға негізделген саяси сауда режимін жақсарту орташа мерзімді кезеңде сыртқы экономикалық саясатты жүргізу бағдары болады.

2003 жылы көрші елдердің сыртқы рыноктарына агрессивті экспорттық экспансияны ғана емес, шетелдік өнеркәсіптік меншікті сатып алу және бірлескен кәсіпорындар құру жолымен Қазақстанның ТМД елдерінде экономикалық қатысуын күшейту басталатын болады.

Осы бағыттарды тиімді іске асыруда оң рөлді Қазақстан Республикасының шетелдердегі сауда өкілдіктері атқаруы тиіс. Сауда өкілдіктерінің жұмысы:

сыртқы рыноктарға қазақстандық өнімді жылжыту жөніндегі қазақстандық компаниялар қызметінің тиімділігін арттыруға;

сыртқы экономикалық қызметтің негізгі нысандарын дамытуға, Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымының құрылымын жақсартуға;

тауар номенклатурасын кеңейтуге және қазақстандық экспорттың бәсекеге қабілеттігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған шаралар елдің төлем теңгерімінің құрылымына және экономикалық

жағдайына оң әсер етеді.

Қазақстанның әлемдік экономикаға трансформациясының басқа маңызды шарты сауда әріптестері елдерін таңдауда икемді саясатты жүргізу: үшінші елдер арқылы транзитті ең аз мөлшерге келтіру мақсатында Еуропа мен Азия елдерінің жақын рыноктарын толық пайдалануға, өңірлік одақтармен өзара іс-қимылды күшейтуге, еркін сауда аймағының артықшылығын барынша пайдалануға бағытталған өткізу нарығын саралау болып табылады.

### 8.3. ДСҰ-ға кіру

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі Қазақстанның әлемдік экономикаға шоғырлануы жолындағы маңызды қадамдарының бірі болып табылады және экономикалық өсу қарқынын арттыру мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің қуатты факторларының бірі бола алады.

Мақсаты

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінің басты мақсаты - бұл сыртқы сауданы жүзеге асыру және осы ұйымның ережелеріне, нормалары мен тетіктеріне сәйкес тауарлар мен қызметтер көрсету өндірісін дамыту есебінен ұзақ мерзімді табанды экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін қолайлы сыртқы экономикалық жағдайлар жасау.

Міндеттері

ДСҰ-ға кіру шарттары бойынша келіссөз процесіне қол жеткізу:

Қазақстан үшін қолайлы ауыл шаруашылығын ішкі субсидиялау деңгейі;

Қазақстанға кеден тарифтері ставкаларын одан әрі төмендету үшін неғұрлым ұзақ бейімделу кезеңін беру;

шетелдік компаниялардың қызметтер көрсету рыногына қол жеткізу жолындағы бар шектеулерді жою.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін мыналарды қамтамасыз ету қажет:

Қазақстанның заңнамасын әлемдік стандарттарға сәйкес келтіру; қазақстандық компанияларды Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелігі жағдайында жұмыс істеуге дайындау жөніндегі, атап айтқанда, өзінің бәсекеге қабілеттігін Қазақстанның ДСҰ-ға кіргенге дейін арттыру жөніндегі шараларды қабылдау.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тауарларына кедендік тарифтер ставкаларын арттыру, шетелдік компаниялардың қызметтер көрсету рыногына қол жетімділігін шектеулерді күшейту жолымен отандық тауар өндірушілерді қорғау елдегі бәсекелі ахуалға теріс әсер ететіндігінен шығу қажет.

Экономикалық өсудің жоғары қарқынына және тұрақты дамуына жол ықпалдастықты дамытуда жатыр. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуының стратегиясында инновациялық техника-технологиялық алға басу

міндеттерін табысты шешу мынадай жағдайда:  
ұлттық экономика экспортқа бағдарланған кезде, бұл оның жоғары бәсекеге қабілеттігін болжайды;

шетелден жоғары технологиялардың қарқынды ағыны және Қазақстан экономикасына перспективалы шетелдік өндірістер мен жоғары технологиялық қызметтер көрсетудің енуі кезінде ғана мүмкін.

Мұның барлығы басты сәті Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы болатын либералды сыртқы экономикалық саясатты кезекпен жүргізуді болжайды. Қазақстан рыногының шетелдік тауар өндірушілердің тарапынан бәсекелестік үшін ашықтығы отандық компаниялардың монополистік үрдістеріне қарсы іс-қимылдың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Енудің ұзаққа созылуы Қазақстанның ДСҰ-да талқыланып жатқан сыртқы экономикалық саясаттың өзекті проблемаларына белсенді қатысу мүмкіндігін, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімінің саудасын одан әрі ырықтандыру және ауыл шаруашылығын ішкі субсидиялаудан, инвестициялар мен бәсекелестік саласындағы көп жақты ережелерді әзірлеу мәселелерінен, Үкіметтік сатып алулардың анықтығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралардан бас тарту. Бұдан басқа, Қазақстанның ДСҰ-ға кіру уақыты созылған сайын оған келіссөз процесі бойынша әріптестің тарапынан қойылатын талаптар қатаң болады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі үшін маңызды жағдай жасалған: оған нарықтық экономикасы бар елдің мәртебесі берілді, бұл оның өнімінің өзіндік құнын "араласқан" өзіндік құн бойынша емес, нақты шығындар бойынша бағалауға мүмкіндік береді.

Әлемнің 192 елінен 146-сы ДСҰ мүшелері болып табылады, ал тағы бірнеше ондаған елдер кіру үшін кезекте тұр. 135 мүше елдермен Қазақстан сыртқы сауда жүргізіледі

#### **8.4. Халықаралық экономикалық ықпалдастыққа қатысу**

Елдің әлемдік экономикаға өзара тиімді ықпалдастығы, оның халықаралық еңбекті бөлу жүйесіндегі рөлін оңтайландыру үшін шарттарды қалыптастыру 2004-2006 жылдар кезеңіне арналған алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін сыртқы экономикалық саясаттың негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады.

2003 жылдың басқа маңызды іс-шараларының қатарында Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ) жекелеген комитеттерінде қадағалаушы мәртебесін алуды, Қазақстанның ЭЫДҰ желісі бойынша кредиттік рейтингінің артуы, сондай-ақ республиканың Ауғаныстанның экономикасын соғыстан кейінгі сауықтыру процесіне кейіннен осы елге Қазақстанның сауда миссиясын жібере отырып белсенді кірісуін атап өту қажет.

Қазақстанның Ресейдегі жылын өткізу екі елдің экономикалық ықпалдастығын



күшейту болады. Ресей Федерациясымен ынтымақтастық республиканың сыртқы экономикалық саясатындағы басым бағыт болып қалуды жалғастыруда және өз кезегінде осы ынтымақтастықта басты назар әскери-өнеркәсіптік кешенді қоса алғанда, экономиканың нақты секторында бірлескен жобаларды жасауға бағытталатын болады.

Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберінде кеден одағын құру, үшінші елдерге қатысты бірыңғай сауда саясатын жүргізу және тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капитал мен жұмыс күшінің еркін өтуін қамтамасыз ету ұйғарылады.

Болжанып отырған нәтижелер

2004-2006 жылдарда экспорттың орташа есеппен жылына 6,4%-ға өсуі болжанып отыр. Әлемдік сауда ахуалымен жақсаратын дамыған және дамушы елдердегі экономикалық өсумен қолдайтын әлемдік рыноктағы шикізат тауарларына тұрақты сұраныс қазақстандық экспорттың өсуіне ықпал ететін болады. Өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру, сондай-ақ жаңа рыноктардағы сауданы кеңейту тауар айналымын арттыруға ықпал ететін болады.

Қазақстан экономикасының дамуының жоғары қарқыны және инвестициялық ахуалдың жақсаруы 2004-2006 жылдары импорттың өсуіне қолайлы ықпал етеді. Қазақстандық кәсіпорындарды жаңғырту процесі инвестициялық тауарлардың және бұрынғыдай импорттың құрылымындағы ең көп үлес салмағын алатын аралық тұтыну өнімі импортының басып өсуін негіздейді (80%-ға жуық).

## **9. Адам капиталын дамыту**

Үкіметтің халықтың әл-ауқатының өсуі жөніндегі саясаты білім беру деңгейін арттыруды, салауатты өмір салтын жүргізуді және елдің әрбір азаматының материалдық әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз етті.

2000 және 2002 жылдары экономикалық өсудің жоғары қарқындарынан алынатын кірістердің өсуі қаржыны нығайтуға және дағдарыс жылдары пайдалануға болатын бастаманы құруға пайдаланылды.

Қазіргі заманғы жағдайда Қазақстан үшін түскен кірістің деңгейі бойынша халықты саралауды тереңдетуге жол бермеу маңызды. Экономиканың объективті ұлғайып отырған шикізаттық бағытталуы жағдайында мұндай қатер өте жоғары. Осыған байланысты Үкімет орташа кірісті халықтың үлесін ұлғайту, яғни орташа класты дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі бағамды ұстанады.

Әлемдік экономикадағы адам капиталын дамытудың жинақтаушы көрсеткіші халықтың білім беру деңгейі индекстерінен, кірістері мен өмір сүру ұзақтығының орташа арифметикалық маңызын білдіретін адам дамуының индексі (бұдан әрі - АДИ) болып табылады.

Индустриалды дамыған елдер қатарына жатқызылған елдерде адам дамуының индексі ең жоғары және 0,917-ден 0,935-ке дейін құрайды.

Дамушы елдерде бұл көрсеткіш экономикалық өсудің қарқынды өтуіне және экономика құрылымының және халықтың кіріс деңгейінің өзгеруіне қарай едәуір ауытқиды. Осылайша, мысалы, Қытайда, Оңтүстік Кореяда, Малайзияда адам дамуының индексі 0,75-0,85 құрайды, ал шикізаттық бағытталған елдерде бұл көрсеткіш 0,47-0,67 деңгейінде тұр.

Бұрынғы КСРО елдерінде өткен он жылдықта адам дамуының индексі құлдырау үрдісінде болды. Егер 1990 жылы оның деңгейі 0,78-0,815 құраса, онда 2000 жылы оның деңгейі 0,77-0,78 дейін құлады, оның ішінде Қазақстанда оның деңгейі 1990 жылы 0,784 құрады, 1995 жылы 0,726, ал 2001 жылы - 0,773.

ЖІӨ серпінін және адам дамуының индексі (АДИ) талдау осы көрсеткіштер арасындағы тікелей тәуелділікті көрсетеді.

Осы көрсеткіштердің икемділігінің коэффициенті 12 жыл ішінде 5,8 құрайды. Яғни адам дамуы индексінің 1%-ға өзгеруі ЖІӨ-нің 5,8 %-ға өзгеруіне әкеледі. Бұл тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін біз өмірдің ұзақтығын арттыру, білім беру деңгейін арттыру және халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуі үшін жағдай жасауымыз керек екендігін көрсетеді.

### **ЖІӨ мен АДИ серпіні, 1991 жылға %-бен диаграммасын қағаз мәтінінен қараңыз**

Макроэкономикалық деңгейде елдің экономикалық әлеуетін бағалау көрсеткіш - халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі арқылы долларға баламалы жүргізіледі. Бұл көрсеткіш елдің орташа тұрғынының кәсіби дайындығының деңгейін және қоғам өзінің азаматтарының ғылымға, білім беруге, денсаулық сақтауға, дене дайындығының дамуына және мәдени құрылуына сипаттайды.

Дамыған елдерде халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері 25-тен 37 мың АҚШ долларына дейін ауытқиды, қарқынды дамыған елдерде - 3-тен 10 мың долларға дейін. Дамушы елдерде экономиканың дамуының шикізаттық бағытталуында бұл көрсеткіш адам басына 0,4-0,7 мың АҚШ долларын құрайды.

Қазақстанда халықтың басына шаққандағы ЖІӨ 1,6 мыңға жуық АҚШ долларын құрайды, оның ішінде 900 доллар шамасында тұтыну шығыстарына пайдаланылады немесе айына 73 доллар.

Қазақстандағы тұрмыстың ең аз мөлшері 31 АҚШ долларын құрайды, ал осы деңгейден төмен кіріс алатын халықтың үлесі 24,2%-ды құрайды. Неғұрлым және кем қамтамасыз етілген халықтың кірістерінің ара қатынасының 10% 2000 жылы 11,9 ретті құрады.

Ғылым мен инновациялардың озық дамуынсыз сапалы экономикалық өсу мүмкін емес. Бұл даусыз фактор болып табылады. Бүгін дамыған елдер экономиканың дамуының индустриалды қалпынан ғылымның алдыңғы қатарлы жетістіктері мен

инновацияларды қабылдауға негізделген сервистік-технологиялық қалпына көшті. Жыл сайын қоғам ғылыми-зерттеу тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) жүргізуге арналған шығындарды ұлғайтады және бұл шығындар жоғары табыс береді.

Қазақстанда соңғы бес жылда ғылымды қаржыландырудың көлемі ЖІӨ-ге 0,13% шамасын құрайды, бұл өте жеткіліксіз.

2000 жылы ғылыми зерттеулерге мемлекеттік шығыстар мыналарды құрады:

- АҚШ-та	- 246,2 млрд.	доллар	(ЖІӨ-нің 2,9%);
- Жапонияда	- 94,2 млрд.	доллар	(ЖІӨ-нің 3,0%);
- Германияда	- 45,8 млрд.	доллар	(ЖІӨ-нің 2,35%);
- Францияда	- 28,0 млрд.	доллар	(ЖІӨ-нің 2,25%);
- Швецияда	- 7,6 млрд.	доллар	(ЖІӨ-нің 4,0%)

Еуроодақ өзінің барлық мүшелеріне ғылымға салым деңгейін ЖІӨ-нің 2,5%-на дейін жеткізуді ұсынады.

## **9.1. Білім беруді дамыту және жоғары білімі бар мамандарды даярлау**

Республикада 3135 мың бала оқитын жалпы орта білім беру орындарының тұрақты желісі қалыптасты, 154 мың бала мектепке дейінгі тәрбие мен оқу алуда. Оқыту 7 ана тілінде жүргізілуде.

"Қазақстан Республикасының ауылдық мектептері үшін қашықтықтан оқыту" пилоттық жобасы шеңберінде қашықтықтан оқыту енгізілуде. Білім берудің барлық деңгейлерінде білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру жөніндегі шаралар қ а б ы л д а н у д а .

2003-2005 жылдардың ішінде ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңмен нығайтуды және олардағы оқыту сапасын арттыруды жүзеге асыруды көздейтін "Ауыл мектебі" бағдарламасы әзірленді және бекітілді.

Жалпы орта білім моделін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар қабылдануда.

Елдің жоғары кәсіптік білім беру жүйесін жоғары кәсіптік білім берудің 284 мамандығы бойынша дайындық жүзеге асырылатын 163 жоғары азаматтық оқу о р ы н д а р ы н д а б е р і л г е н .

Ел Президентінің 2003-2006 жылдарды ауылды көтеру кезеңі деп жариялауына байланысты ауыл шаруашылығы бейіні мамандықтарына мемлекеттік тапсырыс артты, ауылдық мектептердің мектеп бітірушілерін ауылды әлеуметтік-экономикалық дамытуды белгілейтін мамандықтарға қабылдаудың 30%-дық квотасы сақталды. Педагогикалық мамандықтарға да мемлекеттік тапсырыс ұлғайды.

Соңғы жылдары жоғары білім берудің мемлекеттік емес секторы кең даму алды.

Жоғары кәсіптік білім жүйесінде республикалық бюджеттің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, фирмалар мен халықтың қаражаты есебінен оқытуға шығындарды көп

арналы қаржыландыру қағидаты нығайтылуда.

Сонымен бірге, білім беру саласында рұқсатты талап ететін проблемалар қатары бар.

Білім беру саласының негізгі проблемасы жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру болып табылады. Білім беруге арналған мемлекеттік қаржыландыру ЖІӨ-ге пайызбен халықаралық ұйымдар ұсынатын деңгейге жеткен жоқ. Егер 1995 жылы олар ЖІӨ-нің 4,5%-ын, 1999 жылы - 4,1%-ын, 2002 жылы - 3,2%-ын құраса, 2003 жылдың бағалау бойынша мемлекеттік бюджеттің білім беру шығыстарының серпіні ЖІӨ-нің 3,4%-ын құрайды.

Мыналар:

білім берудің халық үшін, әсіресе, мектепке дейінгі тәрбие мен оқу жүйесінде қол жетімділіктің төмендеуі;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды тәрбиелеу және мектептерде ыстық тамақпен тамақтандыруды ұйымдастыру проблемаларының өршуі;

білім беру қызметтерінің даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қол жетімділігінің төмендеуі;

берілетін білім беру қызметтерінің сапасының төмендеуі; педагогикалық кадрлардың біліктілігі мен қайта даярлығын арттыру жүйесі әлеуетінің төмендеуі, аудандық оқу-әдістемелік қызметтерін, институттар мен жоғары оқу орындарының жанындағы біліктілікті арттыру факультеттерінің негізсіз таратылуы;

білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының төмендеуі, білім беру индустриясының болмауы;

қала мен ауыл тұрғындары арасындағы білім беру деңгейіндегі алшақтықтың ұлғаяуы кесірін тигізді.

Жоғары білім берудің проблемалары:

жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық, оқу-зертханалық, әсіресе, техникалық базасының нашарлауы, студенттерге арналған өндірістік практика базалары жоғалған дерлік;

жоғары оқу орындарының оқытушылар-профессор құрамы мен студенттерінің ғылыми зерттеулерді жеткіліксіз жүргізуі, бұл мамандарды сапалы даярлауға кері әсер етеді;

оқу процесін, әсіресе, мемлекеттік тілдегі оқулықтармен және оқу құралдарымен әлсіз қамтамасыз етілуі;

педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлаудың ұтқыр нысандарын, сондай-ақ білім беру ұйымдары басшыларын жаңа басқарушылық ойлаумен мамандандырылған даярлауды әлсіз пайдалану;

оқу процесіне оқытудың компьютерлер технологиялары мен оқытуды ақпараттандыруды әлсіз енгізу;

мемлекеттік тілдегі, әсіресе, техникалық жоғары оқу орындары үшін техникалық терминология мен анықтамалық оқулықтардың пысықталмағандығы болып табылады. 2004-2006 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері мен басымдықтары

Білім беру саласының мақсаты әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасқан білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

"Білім беру" мемлекеттік бағдарламасын, "Ауыл мектебі" салалық бағдарламасын іске асыру;

оқыту сапасының өлшемдері мен оқушылардың білімі мен педагогтардың қызметін бағалаудың өлшемдері жүйесін енгізу, білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту, білім беру қызметтер көрсетуін таңдау құқығын беру;

білім беру сапасын соңғы бағалауға субъективті факторларды төмендетуге ықпал ететін оқу жетістіктерін сыртқы тәуелсіз бағалау (бірыңғай ұлттық тестілеу) жүйесін әзірлеу және енгізу;

оқушылардың сапалы білім алуға, ал оқытушылардың білім беру деңгейі мен шеберлігін тұрақты арттыруға ұмтылуын арттыру;

оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау; материалдық-техникалық базаны және білім беру ұйымдарының кадр әлеуетін кезекпен нығайту;

білім беру ұйымдарының қолданыстағыларын сақтау және жаңа түрлері мен типтерін дамыту, әсіресе, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін;

ауылдық және аз жиынтықталған мектептің тиімді моделін әзірлеу және кезең-кезеңмен енгізу;

оқу процесіне қашықтықтан оқыту әдістерін әзірлеу және игеру; білім берудің қол жетімділігінің мүлтік және аумақтық теңсіздігін жою; мамандандырылған білім беру ұйымдары желісін дамыту және талантты және дарынды балаларды дамыту үшін жағдайлар жасау;

білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі мен кәсіби деңгейін арттыру;

педагогикалық қызметкерлердің еңбегін моральдық-материалдық ынталандыру жүйесін жетілдіру.

Жоғары кәсіптік білім беру саласында студенттердің өндірістік практикадан өту және зертханалық және практикалық сабақтарды, кәсіпорындар базасында қазіргі заманғы технологиялармен оқу ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мәселелерін түбегейлі шешу талап етіледі.

2004 жылы барлық елдерде қолданылатын бакалаврлық-магистрлық даярлыққа

толықтай көшу жоспарланып отыр. Мұндай даярлық, сондай-ақ елдің экономикасының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келеді.

Таяу жылдардың ішінде ғылым мен білімді ықпалдастыруды жүргізу, жоғары білімді мамандарды даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізу үшін негізге алу қажет.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі дамыту мақсатында мынадай шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы :

жоғары кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу;  
мамандарды даярлаудың құрылымын білім берудің екі деңгейлі құрылымына көшуді көздейтін Халықаралық білім беруді жіктеу стандарттарына сәйкес жетілдіру;

оқитындарды белсенді өздігінен жұмысқа ынталандыратын кредиттік т е х н о л о г и я л а р д ы е н г і з у ;

жоғары кәсіптік білім берудің барлық дәрежелері мен бағыттары бойынша мемлекеттік жалпы білім беретін стандарттарды енгізу;

жоғары кәсіптік білім берудің сапасын білім беру бағдарламалардың саралануы және икемдігі, жоғары оқу орындарын қайта құрылымдау және академиялық демалыстар негізінде арттыру;

жастарға мемлекеттік білім гранттары мен мемлекеттік білім кредиттерін беру т е т і г і н ж е т і л д і р у ;

әлемдік білім беру кеңістігіне кіру процестерін ескере отырып, жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестаттауды жетілдіру;

студенттерді даярлауда, оқытушылардың біліктілігін арттыруда және оларды қайта даярлауда халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу;

жоғары оқу орындарының жүйесінде жоғары оқу орындарын бітірушілерді жұмыспен қамту жөніндегі орталықтарды құру;

жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік білім беруге қол жетімділікті кеңейтуді қамтамасыз е т е т і н т е т і к т і ә з і р л е у ;

республиканың жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуды енгізу;

білім беру сапасын бақылау мен басқарудың ұлттық жүйесін құру.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында мынадай шаралар жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы :

жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартын әзірлеу;

жоғары білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес (Ph.D.) жүйесі бойынша ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың бір деңгейлі жүйесіне көшу жөніндегі іс-шаралар белгіленетін болады.

Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Жалпы орта білім беру жүйесін перспективалы дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

базистік оқу жоспарларының және білім берудің тиісті деңгейлері үшін экологиялық, экономикалық, азаматтық білім беруді, оқудың барлық дәрежелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, бірінші кезекте, мемлекеттік тілде бірдей даярлауды ескеретін пәндік оқу бағдарламаларының жаңа түрлерін әзірлеу мен енгізу;

білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ететін оқу жетістіктерін сыртқы тәуелсіз бағалау жүйесін енгізу;

мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету және бірыңғай өлшеуіштердің көмегімен білім беру сапасын басқару;

білім беру ұйымдары және дарынды және талантты балалармен жұмыс жөніндегі өңірлік орталықтар желісін кеңейту;

білім беру ұйымдарын қазіргі заманғы жабдықтармен және аспаптармен, компьютерлік техникамен жарақтандыру.

Әртүрлі деңгейдегі бағдарламаларды және жеке бағдарланған оқытуды енгізу, білім берудің мазмұны бөлігінің басқа нұсқалы, міндетті (оқу жүктемесінің мемлекеттік стандарты көлемінде) және вариативті (оқушы өзі таңдайтын) қатынастарын өзгерту көзделуде. Қазіргі уақытта бейінді мектептер, пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер үшін оқу жоспарлары әзірленуде.

Білім берудің мемлекеттік емес ұйымдары одан әрі даму алады. Олардың болуы азаматтардың оқу орындары мен білім беру бағдарламаларын таңдау бостандығына құқықты іске асыруға мүмкіндік береді.

Басшылардың, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын Жоғары кәсіптік білім беру даярлықтары мен мамандықтары бағыттарының сыныптауыштарына сәйкес келтірілетін болады.

## **9.2. Орташа техникалық білім бар мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін дамыту**

Қазақстан Республикасының бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесін оқытындардың жалпы саны 297 497 адамы бар 694 оқу орны, оның ішінде 312 кәсіби мектептер (лицейлер) және 382 колледж білдіреді.

Ірі компанияларды, кәсіпорындарды, жұмыс берушілердің қауымдастығын ел экономикасының машина жасау, ауыл шаруашылығы, көлік және құрылыс секторлары үшін кадрлар даярлау процесіне тарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді. Қазіргі уақытта бұл жұмыс басқа салалар бойынша жалғасуда.

Республиканың 43 аудандық орталықтарында, шағын және орташа қалаларында кәсіптік мектептер жоқ.

Кәсіптік мектептерде, лицейлерде 89,6 мың адам оқиды, бұл 1991 жылмен

салыстырғанда (212,6 мың адам) 57,8%-ға аз.

271 мемлекеттік бастауыш кәсіптік білім беру ұйымдарының 20 кәсіптік мектептерінің ғимараты авариялық жағдайда тұр. 122 кәсіптік мектеп (45%) күрделі жөндеуге, 115 (42,5%) ағымдағы жөндеуге мұқтаж.

Колледждерде оқитындардың контингенті 207,9 мың адамды құрайды, бұл 1991 жылмен салыстырғанда (247,6 мың адам) 16%-ға аз.

180 мемлекеттік орта кәсіптік білім беру ұйымдарының 143 (79,5%) типтік ғимараттарға, 36 (20%) икемге келтірілген, 1 авариялық (Ақтөбе байланыс колледжі) о р н а л а с қ а н .

Оқу орындарында кадр құрамының қартаюу үрдісі сақталуда: 1-ден 10 жылға дейінгі стажы бар педагогикалық қызметкерлердің саны 30%-ға жуықты, ал 10 жылдан артық стажы барлар 70%-ға жуықты құрайды. Бір оқытушыға жүктелетін орташа оқу жүктемесі республика бойынша 1,5 ставканы құрайды, арнайы пәндердің оқытушыларына қажеттілік 1194 адамды құрайды. 2002 жылы алғаш рет 100 грант және кәсіптік мектептер мен колледждер үшін инженер-педагогтарды жоғары оқу орындарында даярлауға 30 кредит бөлінді.

Өткен оқу жылында біліктілікті арттыру курстарын колледждердің тек 2794 (14,4%) ғана өтті. Жергілікті бюджеттерде бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарының педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға қаржылық қаражат толық емес көлемде көзделуде.

Кәсіптік мектептердің (лицейлердің) оқушыларына тегін ыстық тамақпен тамақтандыруды қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұқтаж азаматтарға олардың білім алуы кезеңінде әлеуметтік көмек көрсету мәселелері бойынша қаулысы толық орындалмауда.

2004-2006 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері мен басымдықтары

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі мақсаты қоғамның қажеттігін және елдің экономикасының перспективалы дамуын ескере отырып, бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлау болып т а б ы л а д ы .

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі м і н д е т т е р і :

бастауыш және орта кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау саласындағы заң шығару базасын жетілдіру;

жұмысшы кадрлар мен орта буынды экономиканың мынадай: машина жасау, көлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс, мұнай-газ және басқа басым салалары бойынша даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу;

оқыту мен өндірістің жаңа технологияларының талаптарына сәйкес кадрларды



кәсіби оқыту мен даярлаудың сапасын қамтамасыз ету үшін кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңарту (мемлекеттік стандарттар, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу);

оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту мен жаңарту.

Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Қолда бар желі мен бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарын қаржыландыру деңгейі қоғамның сұрау салуларына сәйкес келтірілетін, олардың халықтың барлық жігі үшін қол жетімділігі қамтамасыз етілетін болады.

Өндірістің жаңа технологияларының талаптарын ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен кадрларды даярлаудың сапасын қамтамасыз етудің қажетті жағдайларын жасау мақсатында оқу орындарының оқу және материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жаңғыртуға қосымша шығыстар көзделетін болады.

Әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін - мемлекет - оқу орындары - жұмыс берушілер және кадрларды даярлау процесінде басқа қатысушылар құру үшін нормативтік құқықтық кесімдер қабылданатын болады.

Кәсіптік білім беру және кадрларды қайта даярлау еңбек рыногы қажеттіліктері талдауды және өңірлер экономикасы салаларын перспективалы дамытуды болжауды ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

### **9.3. Ғылым мен инновацияны дамыту**

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының басымдықтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасына сәйкес ғылыми зерттеулер ресурс үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды әзірлеуге, өнеркәсіптің экспорттық әлеуетін арттыруға, ғылымды қажетсінетін өндірістерді құруға және экономиканың шикізаттық бағытталуын технологиялыққа кезең-кезеңмен өзгертуге бағытталған.

Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық прогресс экономикалық дамыған елдерде экономикалық өсудің 90%-дан астамын қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық дамудың басты факторы болып табылады.

Сонымен бірге ғылыми-технологиялық даму және инновациялық қызмет бірқатар проблемалардан тежелуде.

Қазіргі уақытта ғылымға арналған шығыстар ЖІӨ-ге 0,13%-ды құрайды, бұл өте жеткіліксіз болып табылады.

Сондай-ақ ғылыми-техникалық саланы, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетігін және инновацияны басқару жүйесін жетілдіру мәселелері өзінің шешімін талап етеді. Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыруды жеделдеткен жөн.

Қазақстанда сала арасындағы бірыңғай тізбектің арасындағы тепе-теңдіктің

бұзылуы қалыптасты: зерттеу - әзірлеу - жобалау - өнім өндіру. Осылайша, осы тізбектің жұмыстарының 80%-дан астамы зерттеулер кезеңіне келеді. Бұл конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды орындауға мамандандырылған көптеген институттар соңғы он жылдықта өзінің қызметімен мүлдем тоқтатты.

2004-2006 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері мен басымдықтары

Ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың мақсаты ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану, теңдестірілген инновациялық-өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру және елдің жалпы ішкі өнімінде шикізат құрайтын бөлігі жоғары технологиялық экспорттық өнімге ауыстыру негізінде елдің экономикасын дамыту үшін қажетті жағдайлар мен қолайлы орта жасау болып т а б ы л а д ы .

Ғылым мен технологиялардың ілгерілеген бағыттарының қатарында көлік және коммуникация, биотехнология, электроника мен ақпараттық технология және басқа салаларда ғылымды қажетсінетін өндіріс құрған жөн.

Осыған байланысты бірінші кезектегі міндеттер:

республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының қажеттіліктеріне және әлемдік ғылымның дамуының үрдістеріне сәйкес іргелі зерттеулер бағдарламаларын іске а с ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

қолданбалы зерттеулерді экономиканың базалық салаларының қажеттіліктерін ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуге бірінші кезекте бағытталуы, экспорттық әлеуетті және импорт алмастыруды арттыру;

ұлттық инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

ғылыми-техникалық саладағы және инновациялық қызметтегі халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы к е ң е й т у ;

өндірушілердің оларға берілген әртүрлі жеңілдіктер мен артықшылықтары арқылы ғылыми жетістіктерді енгізуге мүдделілігін арттыру;

өңірлерде ғылымды дамыту, ғылымды дамытудың өңірлік моделін қалыптастыру;

ғылым саласындағы шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде венчурлық бизнесті дамыту, осы үшін зейнетақы қорларының, жеке тұлғалардың және басқа да инвесторлардың қаражатын тарту;

ғылыми-технологиялық саланы ресурстық қамтамасыз ету, ғылым мен білім беруді ықпалдастыру болып табылады.

Қ о й ы л ғ а н мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары

Бюджеттің қаржылық қаражатын, кадрлық және ғылыми-техникалық әлеуетті ғылымның басты бағыттарына, бірінші кезекте - өндірісті тиімді дамыту, ел экономикасы нақты секторының мұқтаждарын қамтамасыз етуге республикада іске

асырылатын ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламаларды пәрменді үйлестіруді қамтамасыз етуге жұмылдыру мақсатында ғылымды басқару жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

Ресурстардың шектеулілігіне байланысты Қазақстанның бәсекеге қабілетті нәтижелері бар салаларға күш-жігерді шоғырландыру қажет.

Елдің индустриялық-инновациялық дамуы стратегиясын қамтамасыз ететін негізгі басымдықтарға мыналарды жатқызу қажет:

мұнай мен газды қайта өңдеу;  
медицинаны, ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібін дамытуда биотехнологияларды пайдалану;  
отандық дәрілік заттарды жасау және өндіріске енгізу;  
өте таза әрі ғылымды қажетсінетін материалдар өндіру;  
мемлекеттің ақпараттық инфрақұрылымының базасын жасау;  
машина жасау.

Орта мерзімді кезеңнің ерекше сипаты жаңалықтарға жедел ден қоятын икемді, ұтқыр технологиялар мен өндірістер құруға бағдар алу болуы тиіс. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің негізгі бағыттары дамушы салаларға барынша бағдарлануы тиіс.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру, оларды шаруашылық айналымға енгізу, зияткерлік меншікті бағалау жүйесін қалыптастыру және ғылыми-техникалық өнімдер мен инновациялар рыногы үшін жағдай жасау қажет.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландырудың ықтимал жолдарының бірі ғылыми-техникалық саладағы шағын кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей шағын инновациялық бизнестің қалыптасуы кезеңінде оған мемлекеттік қолдау көрсету қажет.

Орта мерзімде кезеңінде мыналарды жүзеге асыру қажет:

Қазақстанның стратегиялық мүдделерін негізге ала отырып, ғылымды қаржыландыруды арттыруды жүзеге асыру қажет;  
қолданбалы зерттеулерді оңтайландыруды жүргізу;

Қазақстан экономикасының технологиялық артта қалуын еңсеру және құрылымдық жағынан қайта құру үшін бірінші дәрежелі маңызы бар ғылым салаларына мемлекеттік қолдау көрсету және ғылыми кадрлар даярлауды басымдықты түрде жүргізу;

оларға қызметінің бастапқы кезеңінде мемлекет тарапынан қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету жолымен жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, өнеркәсіп орындарын біріктіретін, ғылымды өндіріспен кіріктіретін жаңа ұйымдастыру формаларын (технопарктер, технополистер, технологиялық инкубаторлар, ғылыми-технологиялық аймақтар және т.б.) дамыту және қолдау;

олардың қызметі ғылыми-зерттеулерге, инновациялар мен түбегейлі жаңғыртуға бағдарлануы тиіс. Бұның өзі сапасы жоғары ұдайы жаңартылатын бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруға мүмкіндіктер береді;

жаңа әзірлемелерді өнеркәсіпте игеруге, технологиялық жабдықтарды жаңалауға әрі халықаралық стандарттар талаптарына сай өнімдер шығаруға ірі кәсіпорындардың мүдделілігін арттыру жөніндегі экономикалық және ұйымдастыру тетіктерін іске қосу;

зияткерлік меншікті қорғау, патенттерді пайдалану олар ғылыми зерттеулердің соңғы жетістіктерін пайдаланған кезде шетелдік және отандық инвесторлармен құқықтық қатынастар орнату саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

отандық және шетелдік қаржы институттарымен бірлесіп венчурлық инновациялық қорлар құру, инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және іске асыру;

инновациялық сала үшін мамандар даярлау мақсатында республика жетекші университеттерінің және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының базасында инновациялық жобаларды басқару жөніндегі менеджерлер, инновациялық кәсіпорындар үшін инженерлік-техникалық мамандар даярлауға, сондай-ақ мамандарды қайта даярлауға бағдарланған кешенді білім беру бағдарламасын әзірлеу;

шетелдік озық технологияларды тарту жүйесін құру;

отандық ғылым мен технологиялар жетістіктерін жылжыту мақсатында технологиялар, менеджмент, жаңа тауарлар мен қызметтер көрсету және нақты сектордың ғылыми техникалық әзірлемелермен қамтамасыз ететін талдау саласындағы отандық әзірлемелердің деректер банкіні жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Болжанатын нәтижелер

Ғылыми-техникалық және инновациялық сала алдында қойылған міндеттерді шешу :

елдің, бірінші кезекте ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге;

экономиканың басым салаларында ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін жеделдете игеру үшін қажетті жағдай жасау;

отандық ғылыми-техникалық әлеуетті барынша іске қосу, ғылым мен инженерлік-техникалық әлеуетке сұранысты қамтамасыз ету, ғылыми еңбектің беделін көтеруге;

инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

өнеркәсіптің базалық салаларын жаңа технологиялық укладтар мен қайта бөлістерге көшіруді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін құру; шағын инновациялық бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасау.

#### **9.4. Халықтың әл-ауқатын арттыру**

### 9.4.1. Халықтың табысы

Халық табысының серпіні соңғы жылдары тұрақты өсуімен сипатталады.

Ең төменгі еңбекақы 2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 20% өсті және 5 000 теңге құрайды (2002 жылы - 4 181 теңге).

2003 жылдың бірінші жартыжылдығында ең төменгі зейнетақы 5000 теңге құрады, ағымдағы жылдың 1 маусымынан кейін ол 5500 теңгеге дейін ұлғайды (2002 жылы - 4 336 теңге).

2003 жылғы бағалау бойынша орташа зейнетақы 7354 теңгені құрайды (2002 жылы - 5 748 теңге).

Сонымен бірге тек 2003 жылы ғана еңбекақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төменгі күнкөріс шамасына сәйкес келтірілді. Халықтың табысында аумақтың бөлінісіне және азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне (жұмыс істеушілер, зейнеткерлер, мүгедектер және т.б.) қарай, сондай-ақ отбасы мүшелерінің санына қарай жан басына шаққанда орташа табыстың саралануы едәуір.

2004 - 2006 жылдарға арналған мақсаттар, міндеттер мен басымдықтар

Мемлекеттік табыс саясатының мақсаты еңбекақы төлеудің жалпы деңгейін көтеру, ең төменгі еңбекақы мөлшерін ұлғайту, зейнетақы және басқа да әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттыру болып табылады.

Аталған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:  
еңбек етуге көтермелеу кәсіпкерлік қызмет табыстарын көбейту;  
әрбір азаматтың экономикалық қызметтің әрбір түрінде еңбек етуіне мүмкіндік жасауды қамтамасыз ететін заңнамалық базаны жетілдіру;  
мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру;  
азаматтар тұрмысының сандық әрі сапалық өлшемдерін көрсететін әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызмет көрсету нормативтерін әзірлеу.

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Еңбекақы төлеуді одан әрі арттыруға, ең төменгі еңбекақы мөлшерін көбейтуге, оның ішінде 2004 жылы 32%, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттыруға, әлеуметтік нормативтерді жетілдіруге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданады. Ең төменгі еңбекақы мөлшерінің өсуі зейнетақының ең төменгі мөлшерінің өсуінен озып отырады.

Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Еңбек бойынша нормативтік база жасау (еңбек нормалары, қызметшілер лауазымдарының біліктілік сипаттамалары, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары) жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Болжамды көрсеткіштер

Көзделетін шаралар бюджет саласын қоса алғанда, экономиканың ресми секторындағы бастапқы орташа айлық еңбекақының өсуін болжауға мүмкіндік береді. Республика бойынша жалдамалы қызметкердің бастапқы орташа айлық еңбекақысы 2006 жылы 28929,6 теңге құрайды және 2002 жылмен салыстырғанда 1,5 есе өседі, нақты түрде 21,9 % өседі.

#### **9.4.2. Шағын кәсіпкерлікті дамыту және орташа тапты құру**

Үкімет шағын кәсіпкерліктің орнықты әрі серпінді дамуы үшін қолайлы жағдай жасады, мұның өзі одан әрі дамуы үшін едәуір резерві экономиканың маңызды факторы ретінде отандық шағын бизнестің қалыптасуына ықпал етті.

Осы мақсатта бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірленді және қабылданды, о н ы ң і ш і н д е :

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық жүктемесін азайтуды көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілді;

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы әзірленді; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғаудың нысандарын және тәсілдерін жетілдіретін.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік органдардың тексеруін жүргізудің ережесі қаулымен қабылданды.

Кәсіпкерлерді заңнамалық және нормативтік актілер дайындау процесіне тарту мақсатында орталық атқарушы органдардың жанында құрамына кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері енген Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестер құрылды.

Бақылау-қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдардың тізбесін 58-ден 30-ға дейін қысқарту жөнінде жұмыс жүргізілді.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанның шағын бизнесі әлі күнге дейін оның дамуын тежейтін әрі қазақстандық қоғамның тұрақтылығы және елдің экономикалық өсуінің негізіне айналуға мүмкіндік бермей отырған мынадай п р о б л е м а л а р ғ а ұ ш ы р а у д а :

қаржы-кредит ресурстарына қол жетімділіктің жеткіліксіздігі; жергілікті жерлерде шағын бизнесті дамыту мен қолдау мемлекеттік саясатын жүргізу процесін үйлестіру әрі басқаруда айқын басымдықтардың болмауы; кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік емес институттарымен (қауымдастықтар, шағын кредит, ақпараттық-консалтингтік және оқыту ұйымдары, ақпарат алмасу және кері байланыс жасаудың тиімді тетігінің болмауы).

Бұдан басқа мемлекет тарапынан лицензиялау, мүлікті тіркеу өнімдердің (жұмыстар , қызметтер көрсету сапасын бақылау және т.б. мәселелерде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттеудің жоғары деңгейі теріс әсер етеді.

Мақсаттары мен міндеттері

Мақсат - шағын кәсіпкерлікті, әсіресе жаңа технологиялық өндірістер, жаңа жұмыс орындарын құруға бағдарланған шағын кәсіпкерлікті дамыту есебінен "орташа тапты" қалыптастыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру.

Қойылмаған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:  
шағын кәсіпкерлік үшін салық ауыртпалығын азайту;  
кредит ресурстарына шағын кәсіпкерлікпен қол жеткізуін жақсарту;  
шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес институттарының тиімділігін арттыру;  
кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді оңтайландыру.

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары

2003 жылы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі белсенді жұмысты одан әрі жүргізуді көздейтін Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы бекітіледі. Шағын кәсіпкерлікке салық салуды одан әрі жетілдіру, оны қаржылық қолдау, шағын бизнестің жария экономика шеңберіне шығуын ынталандыру , кәсіпкерлік кадрларды даярлау және қайта даярлауға бағытталған шаралар жүйесі әзірленеді .

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды шағын және орта бизнес субъектілеріне беру мақсатында оларды сегменттеу және қайта құрылымдау жөніндегі жұмыс жалғастырылады .

Рұқсат беру рәсімдері жүйесін реформалау есебінен кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді оңтайландыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Лицензиялау және тіркеу жүйесін реформалау шеңберінде 2003 жылғы лицензиялануы тиіс кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі оңтайландырылады, лицензиялау және тіркеу мәселелеріндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың рәсімдері мен өкілеттіктері нақтыланады.

Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің рөлі арттырылады және олардың топтасуы мен нығаяуы үшін жағдай жасалады.

Өңірлерде практикада өзін жақсы көрсеткен шағын бизнесті дамытудың үлгі схемаларын көбейту әрі кеңінен қолдануды бастау қажет. Енгізілуі елдің барлық өңірінде кәсіпкерлік кадрларды даярлау және қайта даярлауды жүйелендіруге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы оқыту әдістерін әзірлеу жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Кәсіпкерлік бастамашылығына, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуына оң көзқарасты қалыптастыру болып табылатын насихат (шағын бизнес мәселелері

бойынша теле және радиохабарлар циклын ұйымдастыру әрі жүргізу, семинарлар, конференциялар мен конкурстар өткізу; жарнамалық каталогтар, ақпараттық бюллетеньдер, әдістемелік ұсынымдар, кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамалық және нормативтік актілер шығару) жұмысы жүргізіледі.

Кәсіпкерлік мәселелері бойынша консультациялар беру, заңи, бухгалтерлік және әртүрлі консалтингілік қызметтер көрсету түрінде көрінетін қызметі кәсіпкерлерге көмек көрсетудің кепілді көлемін қамтамасыз ететін шағын бизнесті қолдаудың өкілді орталықтарын қалыптастыру көзделеді.

Қазіргі уақытта елде кәсіпкерлікті қолдаудың белгілі бір инфрақұрылымы, кәсіпкерлікті қолдау қауымдастықтары, орталықтары, бизнес инкубаторлары және т.б. жұмыс істейді. Алайда, өз қаржылық қаражаты жетіспегендіктен өз функцияларын олардың көпшілігі атқара алмайтын жағдай қалыптасты.

Бұл жұмысқа оларды тартуды Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылуы көзделетін белгіленген тапсырыстарды конкурстық негізде орналастыру арқылы жүзеге асыру көзделеді. 2006 жылдың аяғына дейін осындай схема бойынша облыс орталықтарынан басқа, облыстардың барлық аудандарында осындай орталықтар құру көзделеді.

Аталған шараларды іске асыру нәтижесінде шағын кәсіпкерлікке жәрдемдесу мен көмек көрсету жөнінде сапалы инфрақұрылым құрылады, ал инфрақұрылымның жұмыс істеп тұрған объектілері шағын бизнесті дамытудың жаңа бағыттарын іске асыруға мүдделі болады.

**Болжанатын нәтижелер**

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру есебінен:

2004 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын 510 мыңға дейін, 2005 жылы 530 мыңға, 2006 жылы 550 мыңға дейін;

шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санын 2004 жылы 1,4 млн. адамға дейін, 2005 жылы 1,5 млн. адамға дейін, 2006 жылы 1,6 млн. адамға дейін;

ЖІӨ құрылымындағы шағын кәсіпкерлік үлесін 2004 жылы 20% дейін, 2005 жылы 22 % дейін, 2006 жылы 25 % дейін жеткізу көзделеді.

## **9.5. Кедейлік пен жұмыссыздықты азайту**

Кедейлікпен күрес басым міндеттер дәрежесіне жатқызылған. Қазақстан кедейлік өткір проблема болып қалуда және онымен күрес шараларын күшейтуді талап етеді.

Кедейлік проблемасын шешу жұмыс сапасын арттыру және адам капиталын дамытуға шығындарды қаржыландырудан көрінеді. Жоғары білікті маман кедей



санатына жатқызылуы мүмкін емес. Осыған байланысты кедейлікпен күрес біздің қоғамды дамытудың негізін қалаушы бағдарламаларды іске асыру белдеуіне ауыстырылады.

2004-2006 жылдарға арналған мақсаттар, міндеттер мен басымдықтар

Кедейлік пен жұмыссыздықты азайту саласындағы негізгі мақсат экономикалық өсу үшін жағдай жасау, жұмыспен қамтудың өнімділігі, еңбек рыногындағы белсенді саясат және халық табысын көбейту, кедейлердің денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жетімдігін арттыру, әлеуметтік қорғаудың атаулылығын жақсарту және шешім қабылдауға қоғамдық институттарды тартып мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету;
- шағын бизнесті қоса алғанда кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;
- қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыссыздарды кәсіптік оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау есебінен еңбек рыногын одан әрі дамыту және белсенді шараларды жетілдіру;
- денсаулық сақтау, білім беру секторларындағы мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін әрі қол жетімділігін арттыру;
- халықтың кедей және осал топтарының мүдделерінде атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру;
- елдегі кедейлікті азайтуда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру;
- жұмыспен қамтудың белсенді нысандарын дамыту, ішкі еңбек рыногын қорғау, елдің еңбек ресурстарын тиімді пайдалану бағытында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;
- халықтың нысаналы топтарына енетін адамдарды тиімді қолдауды қамтамасыз ету;
- азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау;
- жұмыс орындарын құру республикаға шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде қазақстан азаматтарын даярлау және қайта даярлау жөніндегі ақпараттық базаны жасау ;

еңбек қатынастарын жария ету, жұмыс орындарын құру және еңбек рыногында азаматтарды кәсіптік даярлауды арттыру.

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыру базалық білім беру мен денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімдікті жақсарту, әлеуметтік көмектің атаулылығын арттыру және басқа да шараларды іске асыру жолымен осы проблеманы шешуге кешенді көзқарасты көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру

ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Бағдарлама шеңберіне халықтың әлеуметтік осал топтарын мемлекеттік қолдау жөнінде мынадай шаралар көзделеді:

зейнеткерлер - зейнетақылар мөлшерін жыл сайын көтеру әрі уақтылы төлеу;  
аз қамтылған азаматтар - отбасының жан басына шаққандағы табысына қарай атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

жетім балалар, әл-ауқаты нашар отбасылардың балалары - нысаналы топтар бойынша білім беру және жұмысқа орналастыру үшін қажетті жағдайлармен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і ;

еңбек етуге қабілеті жоқ, халық - мүгедектерді қоғамға кіріктіру, қызметкерлердің көпшілігін мүгедектер құрайтын мамандандырылған кәсіпорындарда мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру, протез-ортопедия бұйымдарын шығаруды ұйымдастыру, жәрдемақыларды уақтылы төлеу жөніндегі шараларды іске асыру.

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктері, сондай-ақ табыс деңгейін бағалау әдісін жетілдіру жалғастырылады. Сондай-ақ қоғамдық жұмыстарды, қайта оқу бағдарламаларын және жұмысқа орналасуға көмек көрсетуді қаржыландыру арқылы еңбек етуге қабілетті халыққа әлеуметтік көмек көрсетіледі.

2005 жылдан бастап әлеуметтік қатерлер: еңбек ету қабілетінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы және жұмыстан айырылуы жағдайларына міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуді көздейтін "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңы қолданысқа енгізіледі.

Мынадай әлеуметтік нормативтерді: ең төменгі күнкөріс, ең төменгі еңбекақы, ең төменгі зейнетақы айқындау әдістемесін одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

Институционалдық көмектің дәстүрлі нысандары - қарттар үйлерін және мүгедектер үйлері ұстаумен қатар, белгілі бір тұрағы жоқ азаматтар үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтарын ашу, әлеуметтік қонақүйлер ашу, аз қамтылған адамдар үшін асханалар ашу сияқты атаулы институционалдық көмек түрлерін дамыту көзделеді.

Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы . О н д а :

Медициналық-әлеуметтік сараптама институтын одан әрі жетілдіру;

Протез-ортопедия бұйымдарын өндіру индустриясын дамыту;

Мүгедектерді оңалту және қоғамға кіріктіру үшін пайдаланылатын мамандандырылған әлеуметтік қызметтер саласын дамыту көзделеді.

2005 жылы қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғау, жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру, еңбек жағдайын жақсарту үшін Еңбек кодексі қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру еңбекшілер құқықтарын қорғауға, азаматтардың ерікті еңбек ету конституциялық құқығын іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталады. Жеке және ұжымдық шарттар жасасу тетігін жетілдіру, қысқа

мерзімді еңбек шарттарын жасасуды, белгіленген мерзімнен тыс жұмыс істеуді шектеу, еңбек жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қабылданады.

Гендерлік тең құқықтарға қол жеткізу үшін әйелдердің еңбек ету жағдайларын жақсартуға, әйелдердің бала туу функцияларын және елдегі демографиялық ахуалды жақсартуды ескере отырып, оларды құқықтарын қорғауға бағытталған арнайы нормалар жасалады.

Жастар мен халықтың әлеуметтік осал топтары мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды алдын ала қабылдау жоспарланады.

Әлеуметтік әріптестіктің рөлі арттырылады әрі саласы кеңейтіледі. Әлеуметтік диалог еңбек жанжалдарының алдын алуға және шешуге, сондай-ақ жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуге көмек көрсетуге бағытталады.

2004 жылы Халықты жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы қабылданады.

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын, Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Каспий теңізі қайраңының қазақстандық секторын игерудің 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру есебінен жұмыс орындарын құру.

Болжанатын нәтижелер

2006 жылы экономикада жұмыспен қамтылатындар саны 7129,6 мың адамға дейін өседі және 2002 жылмен салыстырғанда 420,7 мың адамға көбейеді, соның ішінде жалданып жұмыс істейтіндер 348,4 мың адамға көбейеді әрі 4378,0 мың адам құрайды немесе жұмыспен қамтылғандар жалпы санының 61,4 %. Күнкөрісі кедейлік шегінен төмен адамдар саны орташа жылдық есеппен 2006 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 54,3% азаяды.

## **9.6. Халықты әлеуметтік қамсыздандыру**

2003 жылдың ішінде ортақ зейнетақы жүйесінен төленетін зейнетақылар мөлшерінің өсуі жалғастырылды. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап тұтыну бағалары индексінің озыңқы өсу қарқыны ескеріле отырып, зейнетақылар мөлшерін 12 % арттыру жүргізілді. Ағымдағы жылғы 1 маусымнан бастап зейнеткерлердің еңбек үлесіне қарай зейнетақы төлемдері мөлшерін саралап көтеру жүзеге асырылды. Соңғы жылдары әлеуметтік нормативтердің өзгеру үрдісі тұрақты өсу серпініне ие. Ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде әлеуметтік бағдарламаларға қосымша 20 млрд. теңгеден астам бөлінді.

2003 жылғы 1 шілдеден бастап 1 млн. 15 мың зейнеткерге (олардың жалпы

санының 60%) зейнетақы мөлшері көтерілді. Зейнетақының ең жоғары көтерілу 4800 теңге құрады, республика бойынша орташа қосылуы 2300 теңгеге жуық құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жалғастырылуда. 2003 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнетақы қызметтерін көрсету рыногында 16 жинақтаушы зейнетақы қоры болды. 5,7 млн. адам жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушыға айналды. Алайда экономикалық белсенді халықтың көпшілігі зейнетақы жүйесіне іс жүзінде қатыспауда. Қазіргі уақытта жинақтаушы зейнетақы жүйесінде белсенді (жылына кемінде 1 рет зейнетақы аударатын), сондай-ақ енжар (зейнетақы шарттарын жасасқан, бірақ аудармайтын) салымшылар да бар. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың мәліметтері бойынша 2003 жылдың 1 қаңтарында белсенді салымшылардың саны 3,3 млн. адам құрады, енжарлары - 2,4 млн.

Зейнетақымен қамсыздандырудан басқа мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуына байланысты, жасы жетуіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу жүйесі, сондай-ақ жер асты және ашық тау-кен жұмыстарында ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істеген адамдарға мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар төлеу жүйесі жұмыс істеуде.

2004-2006 жылдарға арналған мақсаттар, міндеттер мен басымдықтар

Әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі мақсаты азаматтарға ең төменгі күнкөріс шамасынан асатын табыс алуға мүмкіндік беретін мөлшерге әлеуметтік төлемдер мөлшерін жеткізу болып табылады.

О с ы т ұ р ғ ы д а :

ортақ және жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру;  
жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерін тиімді дамыту үшін жағдайлар жасау;  
жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдер тетігін жетілдіру ;

зейнетақылар мен мемлекеттік жәрдемақылар болжау бөлігінде актуарлық зерттеулер жүргізу.

Қойылған мақсаттарға жету

2004-2006 жылдары ортақ зейнетақыдан, міндетті және ерікті аударымдар есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төленетін зейнетақы жүйесін жетілдіру ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

"2002 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді одан әрі іске а с ы р у қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

"Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті

сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

Еңбек ету қабілетінен айрылған, асыраушысынан айрылған және жұмысынан айрылған жағдайларда әлеуметтік қателер туындауы салдарынан айрылған табыстың бір бөлігін өтеу жолымен әлеуметтік қорғаудың үш деңгейі жүйесін құру көзделеді.

Кепілдік берілген әлеуметтік қорғаудың бірінші деңгейі - әлеуметтік қатерге қарай барлық азаматтарға бірдей деңгейде бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік төлемдер.

Екінші деңгей - әлеуметтік сақтандыру қорына жұмыс берушілердің аударымдары есебінен міндетті әлеуметтік сақтандыру.

Үшінші деңгей - жұмыс беруші қаражаты есебінен қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру.

Болжанатын нәтижелер

Зейнетақымен қамсыздандыруды жақсарту 2006 жылы зейнетақылардың орташа айлық мөлшерін 10962 теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік береді немесе 2002 жылға қарағанда 1,9 есе артық.

Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылуына байланысты, жасы жетуіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың және басқа да мемлекеттік арнаулы жәрдемақылардың мөлшері арттырылады.

## 9.7. Денсаулық сақтау

Республикада нәресте өлімі деңгейінің төмендеуі тұрақты үрдісі қалыптасты. Бұл көрсеткіш 2001 жылғы 19,4 қарағанда 2002 жылы тірі туған 1000 балаға 17-ге дейін азайды.

Нәресте өлімінің азаюына тыныс алу ағзалары, өткір ішек инфекциялары және вакциналық басқарылатын аурулармен күресу жөніндегі бағдарламаларды табысты іске асыру есебінен қол жеткізілді.

Ауылдағы денсаулық сақтаудың жұмыс істеп тұрған объектілерін паспорттау аяқталды. Ауылдық медициналық ұйымдарын нығайту және мамандарды тарту жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүргізілді. Халықты вакциналармен қамту егудің жылдық жоспарындағы 95,0% жетті.

Денсаулық жылын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ауыл халқын, балаларды, жеткіншектер мен әскери қызметшілерді профилактикалық қарау өткізілді. Профилактикалық қараудың нәтижелері бойынша оңалту іс-шаралары жүргізілуде. Дәрілік заттардың жергілікті жерлерде қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында оларды ауылдық медицина ұйымдарында сату ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, денсаулық сақтау саласында шешуді талап ететін бірқатар проблемалар орын алып отыр.

Ана өлімі көрсеткішінің өсуі байқалуда. 2002 жылы республикада ол 2001 жылғы 48,6 қарағанда 100 мың тірі туған нәрестеге 50,5 құрады.

Қант диабетімен науқастанудың өсу үрдісі сақталуда. Жыл сайын науқастану қарқынының өсуі орташа есеппен 10-12 % құрайды. Республикада туберкулезбен науқастанудың көрсеткіші 2001 жылғы 100 мың халыққа 155,7 жағдайынан 2002 жылы 165,1 өсті. Психикалық белсенді заттарды қолдану салдарынан наркологиялық тұрғыда денсаулығы бұзылуынан аурулар саны өскені байқалуда. Бұл ретте балалар мен жеткіншектер арасында науқастанушылар саны 3 есе өскені байқалуда.

Онкологиялық қызметті ұйымдастыруды жетілдіру, оның материалдық-техникалық базасын нығайту, аурудың алдын алу, ерте диагноз қою және емдеудің қазіргі заманғы әдістері практикаға енгізу талап етіледі.

Олардың 80% қойылатын талаптарға сай емес бейімделген құрылыстарда орналастырылған жедел медициналық көмек көрсету станциялары мен бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасы ерекше назар аударуды талап етеді.

Жоғары білімді мамандар даярлауда медициналық білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының нашар болуы, медициналық жоғары оқу орындарын тәмәмдаушыларды жұмысқа орналастыру мәселелері проблема күйінде қалуда.

Аса зәру мамандықтар бойынша кадрлардың жетіспеуі әрі оларды Қазақстан Республикасы аумағында даярлауға мүмкіндіктің жоқтығы осындай мамандарды шетелде оқыту қажеттігін талап етеді.

2004-2006 жылдарға арналған мақсаттар, міндеттер мен басымдықтар

Денсаулық сақтау саясатын іске асырудың мақсаты медициналық және дәрілік көмектің сапасын арттыру және қол жетімділігін жақсарту арқылы халықтың денсаулығын жақсарту болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: денсаулық сақтау қызметінің атап айтқанда, ана мен бала денсаулығын сақтау, әлеуметтік маңызы бар әрі қоршаған адамдар үшін қауіпті аурулардың алдын алуға бағыттауға баса назар аудару;

перинатальдық көмек көрсетуді дамыту және жетілдіру; балаларды, жеткіншектерді, әскери қызметшілерді, әйелдерді, ауыл халқын профилактикалық қарау нәтижесінде анықталған сауықтыру жөніндегі іс-шараларды жалғастыру;

сапалы медициналық және дәрілік көмек көрсетуді қамтамасыз ету; халықтың инфекциялық аурулармен науқастануын, атап айтқанда вакциналық басқарылатын инфекциялармен науқастануын азайту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;  
орта және жоғары медициналық әрі фармацевтикалық білімі бар мамандар  
даярлаудың сапасын одан әрі арттыру;  
перспективалық ғылыми бағыттарды дамыту;  
халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

Денсаулық саласындағы басымдықтар ауылдағы денсаулық сақтаудағы және  
бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді дамытуға, медициналық  
ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға, сапалы медициналық және  
дәрілік көмекке қол жетімділікті қамтамасыз етуге бағытталады.

Қойылған міндеттерді шешу жолдары

Кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемінде көмек көрсетуге қосымша  
қаражат бөлу жолымен денсаулық сақтау саласын қаржылық қамтамасыз етуді одан әрі  
жетілдіру;

бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі жұмысты  
жалғастыру;

әйелдер консультациялары қызметі, соның ішінде жылжымалы  
әйелдер-консультациялары қызметін қалпына келтіру және ұйымдастыру;  
тұқым қуалаушылық және нәрестелердің туа біткен ауруларының скринингін  
қамтамасыз ету;

тууға көмектесу және балаларды емдеу ұйымдарын қазіргі заманғы медициналық  
жабдықтармен қамтамасыз ету;

ведомстволық тиесілігіне қарамастан, туберкулезбен ауырғандардың бірыңғай  
тізілімін жасау;

Ақтөбе, Семей, Шымкент қалаларында Туберкулез проблемалары ұлттық  
орталықтарын ашу;

Есірткіге тәуелді адамдарды, соның ішінде кәмелетке толмағандарды  
медициналық-әлеуметтік оңалтудың өңірлік орталықтарын ашу, наркологиялық  
диспансерлер санын көбейту;

онкологиялық қызметті ұйымдастыруды жақсарту және теріс сапалы жаңа  
құралымды ісіктермен ауруларға медициналық көмек көрсету сапасын көтеру;  
медициналық ұйымдарда ауруларды диагностикасы және оларды емдеу  
хаттамаларын енгізу;

дәрілік заттарды өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құру жолымен отандық  
фармацевтика индустриясын дамыту;

сапаны басқарудың бірыңғай жүйесіне кезең-кезеңімен саланың көшуін көздейтін  
Қазақстан Республикасы фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамытудың  
салалық бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

мемлекеттік шекарадан өту орындарындағы санитарлық-карантин пункттері  
желісін дамыту әрі олардың жұмысын жетілдіру;

су құбыры құрылыстарының, азық-түлік рыноктарының, қоғамдық тамақтандыру және сауда, ауыз су және тамақ өнімдері объектілерінің санитарлық нормативтерге сай болуын қамтамасыз ету;

ауылдық денсаулық сақтауда перзентханалар, туберкулезге қарсы және орталық аудандық ауруханалар салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру; республиканың бірқатар перспективалық және тұрақты аудандарында ұтқыр және телемедицина құру мүмкіндігі қаралады;

орта және жоғары медициналық әрі фармацевтикалық білімі бар мамандарды көп деңгейлі даярлауды енгізу.

Болжанатын нәтижелер

Қабылданатын шаралар нәтижесін халыққа, әсіресе ауылда бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, бала мен анаға емдік көмек көрсету, әлеуметтік маңызы бар ауруларды анықтау жақсартылады.

2004 жылы аурулар диагностикасы мен оларды емдеу хаттамаларын енгізу, солардың негізінде медициналық көмектің сапасын және уақытылығын жетілдіру көзделеді.

2005 жылдан бастап дәрілік заттарды өндіру және сату кезінде халықаралық сапа стандарттарын кезең-кезеңімен енгізу көзделеді.

## **9.8. Мәдениетті, туризм мен спортты дамыту**

### **9.8.1. Мәдениет**

Экономикалық өсу және республикалық әрі жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің ұлғаюы нәтижесінде мәдениет мекемелерін салу, белсенді жастар және тіл саясатын жүргізу мүмкіндігі туды. Қазақстан үшін ерекше тарихи құндылығы бар құжаттарды шет елдердегі мұрағаттардан және ғылыми мекемелерден іздестіру және қайтару жөнінде белсенді жұмыс жүргізуде.

Мәдениет саласындағы проблемалар кешені, негізінен нормативтік құқықтық және қаржы сипаттағы себептермен айқындалады. Саланың бірқатар секторларында материалдық-техникалық база нашар.

Халықты мемлекеттік теледидар және радио бағдарламаларымен толық қамтылмаған. Қоғамдық өмір салаларындағы мемлекеттік тілдің әлеуеті толық көлемде іске асырылмаған. Әлеуметтік-экономикалық дамудың және жастардың өзін-өзі іске асыруының бағдарламалық тетіктерін одан әрі іске асыру талап етіледі. Мемлекеттік тапсырыс бойынша шығарылатын кітап өнімдерінің ассортименті жеткіліксіз.

2004-2006 жылдарға арналған мақсаттар, міндеттер мен басымдықтар



Мәдениет саласындағы, негізгі мақсат бірыңғай мәдени ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраны, әлеуметтік мәдени инфрақұрылымды, әсіресе ауылда сақтау және дамыту кәсіптік өнерді және халық шығармашылығын дамыту жағдайларын қамтамасыз ету арқылы қоғамның рухани әлеуетін іске асыру болып т а б ы л а д ы .

Мәдениет саласындағы басым міндеттер:

"Қазақстан - 2030" стратегиясының ережелерін, Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі бағдарламалық құжаттарын белсенді насихаттау; Қазақстандағы Ресей жылын өткізу шеңберінде іс-шаралар ұйымдастыру; халықтың рухани-білім беру және зияткерлік мәдени деңгейін көтеру; мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы әріптестік қатынастардың тұрақты әрі тиімді жүйесін құру жөніндегі заңнамалық негіз жасау; шетелде тұратын отандастарды мәдени ағарту және тілдік қолдау көрсету; мәдениет, мұрағат ісі ақпарат және қоғамдық келісім саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

ұлттық әдебиет пен жазба әдебиеттің көптеген ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту, әлемдік ғылыми ой, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде мемлекеттік тілдегі әдебиеттің толыққанды қорын құру;

тарих, археология мен сәулет ескерткіштерінің, тарихи орталықтарын сақтауын қамтамасыз ету.

Белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін мыналар қажет: бұқаралық ақпарат құралдарында ұйымдастыру-насихат іс-шараларын неғұрлым жоғары әрі кәсіби деңгейде жүргізу қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі туралы телерадиокомпаниялар жасайтын бағдарламалардың сапасын жақсарту, ұлттық теледидар арналарын тарату желісін кеңейту, бұл ретте мемлекеттік тілде хабар таратудың жалпы көлемін ұлғайту;

теледидар, радио хабарларын таратуды дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруды бастау;

қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-білім беру және мәдени өмір салаларындағы өзгерістерді көрсететін әлеуметтік маңызы бар әдебиетті шығару әрі ықтимал оқырмандарға жеткізуді, кеңінен өрістетілген көркем, ғылыми, публицистикалық және ғұмырнамалық сериялар шығаруды қамтамасыз ету;

қоғамның әлеуметтік маңызы бар проблемаларын шешуге үкіметтік емес ұйымдарды дамытып, олардың қатысудың маңызды шарты ретінде заңнамалық база жасау жолымен азаматтық қоғам институттарын қалыптастыру мен дамытуға, ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдесу;

жастардың қалыптасуы әрі әлеуметтік өзін-өзі іске асыруы үшін

әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру жағдайларын жасау жолымен жастар ұйымдарын қолдауды күшейту және дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

ауылды өркендету және Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын насихаттау, бұқаралық ақпарат құралдарында ауылды өркендетуге арналған тақырыптық материалдар жариялау, ақпараттық-насихат басылымдарын шығару, теледидар және радиохабарларын жасау әрі бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жолымен ауылды одан әрі өркендету әрі дамыту жөніндегі жұмыс шеңберінде ақпараттық-насихат іс-шаралар жүйесін ұйымдастыру;

мәдениет инфрақұрылымды одан әрі дамыту, халықаралық ынтымақтастық үшін жағдай жасау, мәдениет саласындағы қызметтің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмысты жандандыру;

ескерткіштерді қайта жаңарту, консервациялау, жөндеу, қалпына келтіру және жаңғырту жолымен тарихи-мәдени мұраның сақталуын және олардың пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізу;

"Мәдени мұра" бағдарламасын әзірлеу және іске асыруды бастау; мұрағат саласының жұмыс істеуіне арналған нормативтік құқықтық базаны кеңейту, жаңа автоматтандырылған технологиялар әзірлеу және енгізу;

шетелде тұратын отандастарды қолдаудың бағдарламасын әзірлеу; қазақ тілінің терминологиялық базасы мен ономастика жұмысын дамытудың тұжырымдамалық негіздерін жетілдіру, оларды іске асыру жөнінде жүйелік шаралар қабылдау.

Болжанатын нәтижелер

2006 жылы елде белгіленген шараларды іске асыру нәтижесінде мәдениет ұйымдарының санын 11%, оның ішінде мемлекеттік 14,7%, кітапханаларды - 8,5%, мұражайларды - 8,1% көбейту көзделуде.

### **9.8.2. Туризм**

2002 жылы туризм бойынша туристік қызмет рыногын одан әрі дамыту, туристік саланың нормативтік және құқықтық базасын жетілдіру жөнінде дәйекті жұмыс жүргізілді.

Сонымен бірге, қазіргі таңда туристік саланың одан әрі дамуына кедергі келтіретін бірқатар факторлар қалыптасты. Бұлар:

туристік индустрия мен онымен сабақтас салалардағы менеджменттің нашар болуы;

туристік инфрақұрылымның қолда бар объектілері негізгі қорларының тозуы.

Мақсаттары мен міндеттері

Туризм саласындағы басты мақсат экономикалық өсу мен халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға көмек көрсету үшін елдің туристік кешенін одан әрі дамыту

болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу ұсынылады:  
туристік саланы экономиканың табысты саласына айналдыру;  
туризмнің жоғары рентабельді индустриясын құру;  
бәсекеге қабілетті ұлттық туристік өнімді туристік қызметтің халықаралық  
рыногына жылжыту және сату.

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары

2003-2006 жылдар кезеңінде туристік саланы дамыту міндеттерін шешу және  
қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай шараларды орындау көзделуде:

Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға  
арналған орта мерзімді бағдарламасын іске асыру;

Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған өңірлік  
бағдарламаларын іске асыру;

қазақстанның халықаралық туристік жәрмеңкелерге және шет елдердегі көрмелерге  
қатысуын қамтамасыз ету;

жыл сайынғы "KITF", "Туризм және саяхаттар" қазақстандық халықаралық туристік  
жәрмеңкесін өткізу;

"Ұлы жібек жолы тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес  
мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм  
инфрақұрылымын құру" мемлекеттік бағдарламасын одан әрі іске асыру;

қазақстандық туристік өнімді халықаралық туристік рынокта және мемлекет ішінде  
жылжыту мақсатында Қазақстан және оның туристік әлеуеті туралы ақпаратты  
қалыптастыру әрі тарату негізгі мақсаты болатын Республикалық ақпараттық және  
инновациялық технологиялар туристік орталығын құру;

облыстарды және Алматы қаласында өңірлік туристік ақпарат орталықтарын құру;  
шектес мемлекеттермен бірлесіп туризм инфрақұрылым мен халықаралық  
бағыттарды дамытуды көздейтін жобаларды әзірлеу, инвестициялау және іске асыру;

халықтың туризм саласында және қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылуын  
көтермелейтін шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі шараларды  
қамтамасыз ету;

туристік саласын инвестициялау, оған салық салу, стандарттау мен сертификаттау,  
статистикалық есепке алу мәселелері бойынша қажетті нормативтік құқықтық актілерді  
әзірлеу;

шетелдік туристердің келу мен тіркелуі рәсімін оңайлату;  
саланың ақпараттық кеңістігін қалыптастыру;

Туристік саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу.  
Болжанатын нәтижелер

Республикаға келетін шетелдік азаматтардың саны (Шекара қызметінің мәліметтері  
бойынша есептеледі) 2002 жылғы 3677,9 мың адамнан 2006 жылы 4000 мың адамға  
дейін, соның ішінде келу туризмінің көлемі - тиісінше 29,7 мың адамнан 100 мың

адамға дейін, ішкі туризмді 2002 жылғы 66,9 мың адамнан 200 мың адамға дейін жеткізу көзделді.

Туристік ұйымдар мен бағыттар, туризм инфрақұрылымы, туристік сала статистикасы бойынша деректердің мемлекеттің базасын біріздендіру жоспарлануда.

### 9.8.3. Спорт

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында республикада дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының тұрақты өсуі үрдісі байқалуда. Дене шынықтыру ұйымдарында 2 миллионға жуық адам шұғылданады, мұның өзі халықтың жалпы санының 13 % құрайды.

2002-2003 жылдары Алматы және Астана қалаларында Олимпиадалық дайындықтың республикалық орталықтары, Спортшылардың допингке қарсы тәуелсіз зертханасы, Риддер қаласында Республикалық қысқы спорт түрлері бойынша дарынды спортшы балаларға арналған мектеп-интернат құрылды.

Сонымен бірге, дене шынықтыру мен спорт саласында бірқатар шешілмеген проблемалар бар.

Республикадағы дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасының қазіргі таңдағы жай-күйі халықтың дене жаттығуларымен шұғылдануға қажеттіліктерін қанағаттандырмайды, дене тәрбиесі мамандары жетіспейді, кәсіпорындарда тұрғылықты жерлерде және бұқаралық демалу орындарында спорт құрылыстары жетіспеуі, сондай-ақ ең қарапайым спорт мүкәммалы мен жабдықтары жетіспеуі қатты сезілуде. Жұмыс істеп тұрған дене шынықтыру-спорт базалары мен спорт құрылыстары олар барынша толтырылып әрі іркіліссіз жұмыс істеген кезде халықтың тек 30% ғана қамтамасыз ете алады. Бұдан басқа, көптеген спорт объектілері қазіргі заман талаптарына сай емес, қайта жаңартуды және күрделі жөндеуді талап етеді.

Қолда бар балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің желісі жалпы білім беретін оқушылар санының ішінен тек қана 6% балалар мен жеткіншектердің спортпен шұғылдануын қамтамасыз ете алады.

Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп интернаттар республиканың алты өңірінде, олимпиадалық резерв дайындау орталықтары тоғыз өңірде құрылмаған. Бұл спорт ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі ауылдық жерлердегі жастардың спорт шеберлігін арттыру үшін жағдайды қамтамасыз ету екенін ескеру қажет.

Спорттағы бәсекенің жоғары болуынан бұл саладағы қазіргі заманғы ғылыми әзірлемелер жабық материалдар болып табылады, мұның өзі оларды басқа елдерден сатып алуға мүмкіндік бермейді. Осы мақсатта арнайы ғылыми-зерттеу институтын құру қажет.

Дене шынықтыру мен спортты медициналық қамтамасыз ету мәселесі өткір қойылуда. Тек сегіз облыс орталығында ғана мамандандырылған дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлері ашылған.

Мақсаттары, міндеттері мен басымдықтары

Спорт саласындағы негізгі мақсат дене шынықтыру мен спорт құралдарымен салауатты тұрмыс салты қағидаттарын орнықтыру, бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын одан әрі дамыту болып табылады.

Алдағы кезеңде мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

Жоғары деңгейдегі спортшылар даярлау үшін қазіргі заманғы база жасау, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының кең желісін құру;

Бұқаралық спортты, әсіресе ауылда дамыту;

Олимпиадалық, ұлттық, техникалық спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту ;

қазақстан Республикасының спорт резерві мен ұлттық құрама командаларын халықаралық жарыстарға дайындау;

спортшыларды ғылыми және медициналық-биологиялық қамтамасыз ету.

Спорттың бұқаралылығын дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту, ғылыми және медициналық-биологиялық қамтамасыз ету, халықаралық дәрежедегі спортшыларды және спорт резервін дайындау басымдықтары болады.

Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін:

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын одан әрі іске асыру;

дене шынықтыру және спорттың құралдарымен салауатты тұрмыс салтын насихаттау және өмірге енгізу;

дене тәрбиесі мен спорттың нормативтік құқықтық базасын нығайту;

балалар-жасөспірім спорт мектептерінің, жасөспірім клубтарының, балалар-жасөспірім дене даярлығы клубтарының желісін, әсіресе ауылды жерлерде, дамыту ;

дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі ақпараттық-білім беру және насихаттау қызметін күшейту ;

спорт ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламаны әзірлеу:

қалалар мен аудандарда дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі құрылымдық бөлімшелерді жетілдіру ;

2004 жылы Қазақстан Республикасы халықтарының 1-қысқы спартакиадасын өткізу ;

2005 жылы Қазақстан Республикасы халықтарының 1-қысқы спартакиадасын өткізу

;

ауылдық спорт ойындарын, жаппай балалар спорт жарыстарын өткізу, Халықтың дене тәрбиесі даярлығының президенттік сынамаларын одан ары енгізу;

Алматы қаласында Олимпиадалық даярлаудың республикалық базасы мен спорттағы дарынды балалар үшін республикалық мектеп-интернат салу;

Қазақстан Республикасы спортшыларының Доха қаласындағы (Катар) 2006 жылғы Жазғы Азия ойындары мен Турин қаласындағы (Италия) 2006 жылғы Қысқы олимпиадалық ойындарына қатысуын қамтамасыз ету.

Болжанатын нәтижелер

Көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасы нығаяды, спорт құрылыстарының, балалар-жасөспірім клубтары мен спорт мектептерінің саны ұлғаяды. Бұл 2,3 млн. астам адамды дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тартуға мүмкіндік береді және салауатты өмір салтын одан ары енгізуге ықпал етеді.

## 9.9. Гендерлік даму

Негізгі мақсаты әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсарту және нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу болып табылады.

Қойылған мақсатты іске асыруға бағытталған негізгі міндеттер: отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты заңнаманы жетілдіру, гендерлік тәсілді елдің әлеуметтік-экономикалық саясатына енгізу;

әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту; әйелдердің өкімет құрылымдарына тең қол жетімділігін қамтамасыз ету, олардың шешімдер қабылдау деңгейіне көтерілуі үшін жағдайлар жасау;

қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысу үшін әйелдердің және олардың әлеуетінің мүмкіндіктерін арттыру;

әйелдердің құқықтарын нақты қамтамасыз етуге қол жеткізу; әйелдердің құқықтық сауаттылығын дамыту болып табылады.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Алдағы кезеңде әйелдердің жағдайын жақсарту мақсатында: Гендерлік саясат тұжырымдамасын қабылдау, "Тұрмыстық зорлық туралы" және "Тең құқықтар мен мүмкіндіктер туралы" заң жобаларын әзірлеуді жалғастыру; әйелдерді құқықтық ағартуды ұйымдастыру;

зорлықтан, еңбекті және сексуалдық қанаудан қорғауды қамтамасыз ету; шағын және орта бизнеспен айналысатын әйелдердің санын, әсіресе ауылдық жерлерде, ұлғайту, оларды одан ары қаржылық және құқықтық қолдауды қамтамасыз

ету;

отбасын жоспарлау, әйелдер мен балалардың тамақтануы мен денсаулығын

жақсарту, әйелдер мен балаларға медициналық көмек көрсету, оның сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жетілдіру;

оқулықтарға гендерлік сараптама жүргізу және республиканың білім беру жүйесіне гендерлік қырларды енгізу;

барлық қалаларда, облыс және аудан орталықтарында құра отырып, зорлық құрбандары болған әйелдер үшін сенім телефондары мен паналары бар дағдарыс орталықтарының желісін кеңейту;

әйелдерді ақпараттық-ағарту, білім беру және алдын алу жұмыстарына тарту арқылы оларға қатысты зорлыққа қарсы күрестегі ер адамдардың ролін жандандыру;

Ішкі істер министрлігінің жүйесіндегі тиісті құрылымдық бөлімшелерді осы жұмысқа әйелдерді тарта отырып, білікті кадрлармен күшейту;

отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған мәдени-ойын-сауық және ағарту іс-шараларын өткізу;

электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында әйелдердің қоғам өміріндегі ролін арттыруға және әйелдерге қатысты зорлықтың барлық нысандарын жоюға байланысты проблемаларды жариялап отыру ұйғарылады.

Болжанатын нәтижелер

Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың Пекин платформасына сәйкес әйелдердің шешімдер қабылдау деңгейдегі үлесі ұлғаятын болады;

гендерлік теңдік қағидаттары кеңінен таралатын болады;

гендерлік зорлықтың халықтың денсаулығына елеулі қатер екендігін сезіну деңгейі арттады;

гендерлік теңдікті дамытуға ер адамдар тартылатын болады;

шағын және орта бизнеспен айналысатын әйелдердің саны, әсіресе ауылдық жерлерде, арттады;

көптеген қалаларда, облыс және аудан орталықтарында зорлық құрбандары үшін сенім телефондары, паналары мен үйлері бар дағдарыс орталықтарының желісі кеңейетін болады.

## 10. Өндірілген капиталды дамыту

Қазіргі заманғы экономикада өндірілген (нақты) капиталды тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін пайдаланылатын машиналар, жабдықтар мен құрылыстар, сондай-ақ шикізат, жартылай шикізат пен дайын өнім қорлары білдіреді. Өндірілген капиталдың жай-күйі инвестициялардың негізгі капиталға өсуімен сипатталады.

1990 жылмен салыстырғанда ел экономикасына инвестициялар салу елеулі түрде қысқарды. Бұл ретте 1996 жылы негізгі капиталға инвестициялар 1990 жылмен салыстырғанда 90,5%-ға қысқарды. Соңғы бес жылда инвестициялардың өсу қарқыны орташа жылдық өсімі 22,7%-ға артты.

Соңғы төрт жылда ЖІӨ-нің 1%-ға артық өсімін алу үшін негізгі капиталдың инвестицияларға 3,7%-ға өсуін қамтамасыз ету талап етілді.

Егер инвестициялардың салалық құрылымын салалық экономикаға бөле отырып талдасақ, онда прогресті тек өнеркәсіпте, көлікте және жылжымайтын мүлікті сатуда ғана көруге болады. Инвестициялардың 70%-тен астамы өнеркәсіпке, 11%-і көлік және коммуникацияларды дамытуға, 8%-ға жуығы жылжымайтын мүлікпен операциялар жүргізуге бағытталады. Ауыл шаруашылығына инвестициялардың 9 млрд. долларға жуығы немесе олардың жалпы көлемінің 1,4 %-ы ғана бағытталады. Ауыл шаруашылығы объектілерін салуға инвестициялардың мөлшері елеулі түрде ұлғайды және 30 млрд. теңгені құрады. Бұл агроазық-түлік бағдарламасын іске асыруға негізделеді.

**ЖІӨ және негізгі капиталға инвестициялардың  
1990 жылға қарағанда 1991-2002 жылдардағы %-дағы  
қарқыны диаграммасын қағаз мәтінінен қараңыз**

Экономика салаларына бөлгендегі инвестициялар

	1998 ж.		1999 ж.		2000 ж.		2001 ж.	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
<b>Негізгі капиталға</b>								
инвестициялар	214,5	100	275,7	100	414,2	100	604,9	100
олардың ішінде:								
ауыл және орман шаруашылығы, аулау, шаруашылығы, теңге	0,9	0,4	1,4	0,5	5,9	1,4	8,7	1,4
өнеркәсіп құрылыс	135,5	63,2	190,7	69,2	299,4	72,3	440	72,7
көлік және байланыс	24,3	11,3	21,8	7,9	44	10,6	63,7	10,5
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	20	9,3	17,4	6,3	30	7,2	32,1	5,3
өзге де салалар	27	12,6	43,6	15,8	31,5	7,6	56,5	9,3



Өнеркәсіпке инвестициялардың үлесі 73 %-ға жуықты құрайтынына қарамастан, олар өнеркәсіптік қызмет салалары мен түрлеріне бөлгенде өте тең емес шамада б ө л і н і п о т ы р .

Өнеркәсіптік инвестициялардың 80%-дан астамы - кен өндіруші өнеркәсіпке, 10-нан 14%-ға дейінгі - өңдеуші өнеркәсіпке, 5%-тен астамы электр энергетикасына бағыт а л а д ы .

2001 жылы өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялардың 61 млрд. теңгесінен 56,7% (34,7 млрд. теңге) металлургияға және 13,7% тамақ өнімдерін өндіру үшін бағытталды, яғни өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялардың 70 %-ы руданы өндіру мен қайта өңдеу, қара және түсті металды, сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру үшін пайдаланылды. Өңдеуші өнеркәсіптің қалған кәсіпорындарына 18 млрд. теңге немесе 125 млн. доллар пайдаланылды. Бұл өнеркәсіпке барлық инвестициялардың тек 4,2%-ін құрайды.

#### Өнеркәсіпке инвестициялар

	1999 ж.		2000 ж.		2001 ж.	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
Өнеркәсіпке инвестициялар	190,7	100	299,4	100	440	100
оның ішінде:						
кен өндіру	150,8	79,1	252,5	84,3	355,1	80,7
оның ішінде						
Мұнай өндіру	138,8	72,8	228,3	76,3	330,3	75,1
өңдеуші	29,3	15,4	31,4	10,5	61,2	13,9
оның ішінде						
Металлургия	12,2	6,4	16,7	5,6	34,7	7,9
тамақ өнімдері	9,5	5	6,6	2,2	8,1	1,8
мен сусындар						
өңдеуші	7,6	4	8,1	2,7	18,4	4,2
өнеркәсіптің өзге						
де салалары						
электр энергиясын,	10,6	5,6	15,6	5,2	23,7	5,4
газ бен суды						
өндіру						

## 10.1. Инвестициялық саясат

Инвестиция саласында мынадай бірқатар проблемалар бар: экономиканың қайта өңдеуші салаларына инвестициялардың төмен деңгейі; экономиканың басымдықты секторларына жеке инвестициялардың негізгі капиталға инвестициялар құрылымындағы елеусіз көлемі; республиканың инвестициялық әлеуеті жөнінде ел ішінде, сондай-ақ шетелде өткізілетін таныстыру іс-шараларының жеткіліксіз тиімділігі мен нәтижелілігі; біртұтас құрылымдық-институционалдық басқару жүйесінің және мемлекеттік қаржы ресурстарының қатысуымен жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асырудың жоқтығы;

инвестициялық артықшылықтарды беру үшін қызметтің басымдықты түрлерін айқындау әдістемесіне жоқтығы.

Мақсаттары мен міндеттері

Инвестициялық ахуалды одан ары жақсарту, экономикаға инвестицияларды тартудың және оларды пайдалану тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу, экономиканың басымдықты секторларына инвестициялар көлемдерін арттыру.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары

Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру мен инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының кешенін жүзеге асыру:

Қазақстанның экономикалық жағдайы мен оны дамыту перспективалары туралы қазақстандық және халықаралық іскерлік басылымдарында мерзімді жариялауды ұйымдастыру;

Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған халықаралық конференцияларды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы өкілдіктерінің өздері келген елдерде әлеуетті инвесторлармен Қазақстандағы инвестициялық мүмкіндіктермен таныстыру жөніндегі жұмысты жүзеге асыруды ұйымдастыруы;

инвесторлардың уәкілетті мемлекеттік органмен іскерлік кездесулері мен келіссөздерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің жиналыстарын және олардың жұмыс топтарының жиналыстарын ұйымдастыру жолымен интербелсенді диалогты жүзеге асыру; рейтинг агенттіктерімен ынтымақтастықты тереңдету;

инвестицияларды өзара қорғау мен көтермелеу туралы және мемлекетаралық деңгейде ұлттық режим мен неғұрлым қолайлы жағдай туғызу режимі беретін сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімдерді жасасу қажет.

### 10.1.1. Мемлекеттік инвестициялар саласындағы саясат

2004-2006 жылдары негізгі қызмет бағыттары тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды экономиканың басымдықты секторларына тартуды ынталандыру, мемлекеттік, инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыру және ішкі жинақтарды ж ұ м ы л д ы р у б о л а д ы .

Инвесторларға жеңілдіктер мен артықшылықтарды беру жүйесін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады, инвестицияларды тарту процесін ынталандырудың экономикалық тұтқаларының жұмыс жасауын қамтамасыз етуге тиіс.

Инвестициялық мүмкіндіктермен таныстыру жөніндегі жұмыс шеңберінде индустрия-инновация секторының салаларын дамытуға екпін жасалатын болады. Аймақтарда тікелей әлеуетті инвесторларға перспективалы жобаларды іздестіру жөніндегі, сондай-ақ тікелей кәсіпорындарға жеке инвесторды қызықтыруға ықпал ететін инвестициялық жобаларды сәйкестендіру мен әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсететін ақпараттық-консультациялық орталықтарды құру жөніндегі жұмыс ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

Сонымен қатар мемлекеттің басымдықты өндірістердің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында:

монетарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;  
кәсіпорындарды тіркеудің ықшамдалған жүйесін енгізуге;  
қызмет түрлерін лицензиялаудың ашық жүйесін құруға;  
кәсіпорындардың қаржылық есептің халықаралық стандарттарына көшуі жеделдетуге бағытталған шараларды қабылдайтын болады.

Инвестициялық саясатты жүзеге асыру бағыттарының бірі салалық басымдықтарды белгілеу болады. Инвестицияларды агроөнеркәсіп кешені, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс материалдары өнеркәсібі, химия және мұнай химиясы өнеркәсібі сияқты экономика үшін басымдықты салаларға тарту жолдарын айқындау жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Инвестициялық саясаттың маңызды міндеті тұрғын үй құрылысын инвестициялауды ынталандыру болады.

Экономиканың нақты секторын ішкі инвестициялық ресурстардың есебінен инвестициялау мүмкіндігін қарастыру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Мемлекеттік қаржы ресурстары (Инвестициялық қор қаражаты түрінде) қосымша өнім үлесі жоғары тауарлар мен қызметтерді өндіретін жаңа өндірістерді ұйымдастыруға шоғырланатын болады.

Мемлекеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында: салаларда мемлекеттік инвестицияларды жоспарлаудың экономиканың салалық және аймақтық даму басымдықтарына сәйкес инвестициялық жобаларды уақытынан бұрын және сапалы әзірлеуді көздейтін біртұтас жүйесін құруға; мемлекеттік инвестицияларды жоспарлау жүйесі мен инвестициялық жобаларды

даярлау сапасын жетілдіруге;

республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды, мемлекет кепілдігімен іске асырылатын жобаларды іске асыру мониторингін күшейтуге;

экономиканың басымдықты салаларындағы республикалық инвестициялық жобаларды іске асыру үшін сыртқы көмекті тартуды оңтайландыру мақсатында халықаралық қаржы экономикалық ұйымдарымен және донор-елдермен ынтымақтастықты одан ары дамытуға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Алдағы кезеңде бюджеттік инвестициялар басымдықтары мемлекеттік басқару функцияларының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету; әлеуметтік секторды дамыту; базалық инфрақұрылымды дамыту; аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесу; Астана қаласын дамыту болады.

2004-2006 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялар саясаты мынадай қағида ттарды:

іске асырылуы жоспарлы кезеңінің бірінші жылында аяқталатын инвестициялық жобаларды қаржыландыру басымдығын;

ірі әлеуметтік проблемаларды шешуді кезең-кезеңмен елдің әр түрлі аймақтарындағы экономикалық индикаторларды салыстыруды ескере отырып, қамтамасыз етуді;

басымдықты инвестициялық жобалар тізбесін қалыптастыру кезінде мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларда көзделген және салааралық пен аймақаралық байланыстардың дамуын қамтамасыз ететін жобаларға басымдық беруді қамтамасыз етуді ескере отырып, қалыптасады.

### 10.1.2. Тұрғын үй құрылысын дамыту

Тұрғын үй саясатының мақсаты азаматтардың тұрғын үйге қол жетімділігін, оларда қауіпсіз және комфортабельді тұру жағдайларын қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысының тұрақты жұмыс жасауы мен дамуына көшуді қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу: жаңа тұрғын үй құнын төмендету; қазіргі заманғы тиімді және энергия сақтаушы сәулет-құрылыс шешімдеріне көшуді көзделеді.

Жоғарыда көрсетілген мақсат мен міндеттерге қол жеткізу үшін мынадай шаралар қабылданатын:

энергияны тұтыну, сумен жабдықтау шығыстарын азайту, тұрмыстық қалдықтарды зарарсыздандыру тиімділігі мен экологиялылығын арттыру мақсатында нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру және олардың халықаралық нормаларымен үйлестіру;

тұрғын үй құрылысында үдемелі технологияларды, қазіргі заманғы сәулет-құрылыс және қала құрылысы шешімдерін, түрі мен номенклатурасы бойынша халықтың әр түрлі жіктерінің элиталық тұрғын үйге, сондай-ақ табысы жоғары емес азаматтардың сапалы тұрғын үйлерге деген төлемге қабілетті сұранысына жауап беретін экологиялық таза, дизайны бойынша қазіргі заманғы құрылыс материалдарын пайдалану;

тұрғын үй салуды тиімді энергия сақтаушы құрылыс материалдары және б ұ й ы м д а р ы м е н қ а м т а м а с ы з е т у ;

отандық кәсіпорындарда тұрғын үйлердің тиімді энергия сақтаушы инженерлік жүйелерінің приборлары мен құрылғыларын өндіруді игеру;

құрылыс өндірісі технологиясын жетілдіру;

құрылыстың қор жинауы мен ипотекалық кредит беру жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

тұрғын үй саласына азаматтар мен заңды тұлғалардың жинаған қорын, банк кредиттерін, зейнетақы және басқа да қорлар қаражатын, жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражатын тұрғын үй саласына тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

тұрғын үйді салу мен қайта жаңартуға кредит беру кезінде коммерциялық банкілердің тәуекелдерін азайту үшін құқықтық жағдайлар жасау;

салынып жатқан тұрғын үйлердің уақтылы аяқталуы мен пайдалануға берілуін, құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлердің тиімді құрылысшыларға берілуін қамтамасыз ететін экономикалық тұтқаларды енгізу көзделеді.

## 10.2. Индустриялық-инновациялық даму

Шикізат ресурстарының өндірісі мен экспортын қарқынды дамыту ұлттық экономикаға дағдарысты еңсеруге және соңғы үш жылда экономикалық өсудің жоғары қарқындарын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өнеркәсіп көлемдерінің өскеніне қарамастан, мынадай проблемалар шешусіз қалып о т ы р :

шикізаттық бағытталу, өңдеуші өнеркәсіптің төмен өнімділігі; әлемдік экономикамен елеусіз бірігу;

ел ішіндегі әлсіз салааралық және аймақаралық экономикалық бірігу ішкі рыноктағы (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге тұтыну сұранысының төмендігі;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымағандығы; кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы;

ғылымның өндіріспен пәрменді байланысының жоқтығы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бөлінетін

шығыстардың

төмендігі;

менеджменттің экономиканың ғаламдастыру процестері мен сервистік-технологиялық экономикаға көшуге бейімделу міндеттеріне сәйкес еместігі. Мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты 2004-2006 жылдары іске асыру Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Стратегияның басты мақсаты экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, сол арқылы дамудың шикізаттық бағытталуынан шеттеу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін жағдайлар даярлау болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіп пен қызметтер саласында бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты мәні болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнын өнім өндіру көлемдерін ұлғайту жолымен ғана емес, сондай-ақ адамдар мен өндірілген өнім капиталын пайдалану тиімділігін арттыру есебінен ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл өнім өндіру процесі мен халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға оң әсер етеді. Сонымен қатар босайтын еңбек ресурстарын, энергия мен материалдарды жаңа өндірістер құруға бағыттауға болады.

Орташа мерзімді перспективада шешілетін міндеттер:

өңдеуші өнеркәсіпте 8,4% мөлшерде орташа жылдық өсу қарқындарын қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін 2015 жылы 2000 жылмен салыстырғанда кем дегенде 3 есеге арттыруға және ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2 есеге азайтуға;

өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыруға;

жеке секторды бәсекелі түрде артықшылықты жасауға және жетілдіруге әрі неғұрлым жоғары қосылған құн салығының элементтеріне қарай жылжи отырып, нақты өндірістерде қосылған құн тізбесіндегі элементтерді игеруге ынталандыратын кәсіпкерлік ахуал, қоғамдық институттардың құрылымы мен мазмұнын құруға;

ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған өндірістерді құруды ынталандыруға;

елдің экспорт әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің пайдасына әртараптандыруға;

әлемдік сапа стандарттарына көшуге;

әлемдік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қоса отырып, аймақтық экономикаға және әлемдік шаруашылық жүйеге бірігуді ұлғайтуға бағытталады.

Индустриялық-инновациялық саясаттың басымдықтары барлық әлеуетті түрде

бәсекеге қабілетті, оның ішінде экспортқа бағытталған, шикізаттық емес бағытты экономика салаларында іске асырылатын өндірістер болып табылады. Ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттерді шешу мақсатында ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасауға баса назар аударылатын болады.

Осы тәсіл экономиканың әр түрлі салаларының кәсіпкерлері үшін жұмыс жасап тұрған өндірістерді техникалық және ұйымдастырушылық жетілдіруге және экспортқа бағдарланған жаңа өнім түрлерін шығару жолында кедергі жасамайды.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу жолдары

Стратегияны бірінші кезеңінде инновациялық және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға кедергі жасайтын тосқауылдар анықталды және оларды шешу бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке ынталандырушы шаралардың кешені айқындалды.

Стратегияны табысты іске асыру мақсатында қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңа заңдар әзірлеу, мемлекеттің инвестициялық және инновациялық жобаларға қатысуын қамтамасыз ететін мемлекеттік институттар құру, қосылған құндар тізбесіне талдау жүргізу жөніндегі мамандарды даярлау, мемлекеттің қатысуымен іске асырылатын тиімді жобаларды айқындау жорамалданып отыр.

Мемлекеттің Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға қатысуы құрылатын және жетілдірілетін даму институттары арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Стратегияда айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік даму институттары, атап айтқанда: Қазақстан инвестициялық қоры, Қазақстан Даму банкі, Ұлттық инновациялық қор, экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы құрылды. Экономика салаларына талдау жүргізу үшін Маркетинг-талдау зерттеулері орталығы құрылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, өз активтерімен әлемдік қор рыноктарындағы өтімділігі жоғары қаржы институттарын инвестициялайтын болады.

Құрылған Қазақстан инвестициялық қоры кәсіпорындардың тауарлары мен қызметтерді шығару жұмыс жасап тұрған өндірістерді кеңейту, қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыруға, сондай-ақ жаңа өндірістерді құруға бағытталған инвестициялық жобаларын қаржыландыратын болады. Инвестициялық қордың міндеттері:

материалдар шикізатына тереңдетіп қайта өңдеу жүргізетін, қазіргі заманғы және озық технологияларды пайдалана отырып, тиімді және паналы өнімдер шығаратын, сондай-ақ перспективалы өнеркәсіп кәсіпорындарына өндірістік қызметтер көрсететін жаңадан құрылған, сондай-ақ жұмыс жасап тұрған кәсіпорындардың жарғылық капиталына инвестицияларды жүзеге асыру;

инвестициялардың көлемін кеңейту жолымен Қазақстан Республикасындағы

корпоративті бағалы қағаздардың рыногын дамытуды ынталандыру, сондай-ақ қор рыногының қазіргі заманғы құралдарын қолдану үшін жағдайлар жасау;  
әлеуетті инвесторлар үшін қордың жарғылық капиталға қатысуы есебінен кәсіпорындар мен осы кәсіпорындарды басқару тартымдылығын арттыру;  
отандық және шетелдік кәсіпорындар арасындағы өндірістік кооперацияны қамтамасыз ету мен толықтырушы, аралас өндірістерді дамыту үшін шетелдік инвестицияларды жүзеге асыру;

қазақстандық кәсіпорындардың шетелдегі инвестициялық белсенділігін арттыруға жәрдемдесу;

халықаралық тәжірибе мен стандарттарды қолдану негізінде инвестициялық портфельдерді басқарудың озық практикасын жасау;

қордың инвестициялық жобаларына қатысу үшін менеджерлерді даярлау болып табылады.

Даму банкі қазақстандық экономиканың шикізаттық емес салаларында іске асырылатын, негізінен жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарды кеңейту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі инвестициялық жобаларын іске асыруға кредит беретін болады.

Ұлттық инвестициялық қор өндіріс тиімділігін арттыруға және тауарлар мен қызметтердің жаңа түрлерін шығаруға жәрдемдесетін инновацияларды коммерциялауға қатысатын болады.

Экспортты сақтандыру жөніндегі компанияның негізгі міндеті экспорттық келісім-шарттар мен инвестицияларды сақтандыру және қайта сақтандыру жолымен қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтерін экспорттауға тікелей жәрдемдесу болып табылады. Тиімді жұмыс жасау үшін Экспортты сақтандыру жөніндегі компания қазақстандық өнімдердің экспортын дамыту үшін маркетингтік зерттеулер, әлеуетті сату рыноктары туралы ақпаратты зерделеу мен оны кейіннен таратуды жүргізетін болады. Бұл құрал әлемде кеңінен танымал әрі қаржылық және әкімшілік көзқарас тұрғысында экспорттық транзакцияларды жеңілдетуге жол ашады.

Осы кезеңде капитал мен құруы жорамаланып отырған қорларды құру, Даму Банкінің жарғылық капиталын ұлғайту, жобаларды инвестициялаудың мемлекеттік жүйесін елеулі түрде жетілдіру қажет.

Тұтастай алғанда, даму институттары тұрақты жұмыс жасауы орталықсыздандыру, мамандандыру, ішкі және сыртқы бәсеке қағидаттарына негізделетін жүйені қалыптастыруға тиіс.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың бастапқы іс-шарасы осы бағдарламаны абыройлы іске асыруды қамтамасыз етуге қабілетті басқарушы, инженер, техникалық және ең бастысы, жұмысшы кадрларды мақсатты даярлау болуға тиіс.



## 10.2.1. Химия және мұнай химиясы өнеркәсібі

2003-2006 жылдары өндірістерді тұрақтандыру мен дамыту есебінен фосфор мен оның туындыларын шығару ұлғаяды.

Минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың агрохимиялық заттарын сатып алуға мемлекеттік кепілдік минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіру перспективаларын оң бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның минералдық тыңайтқыштарды қажет етуі жылына 2-2,5 млн. тоннаны құрайды. Жұмыс жасап тұрған қуаттардың ("Қазфосфат" ЖШС, "ҚазСабтон" ЖАҚ, Химкешен, Ақтау қ.) қызметін тұрақтандыру есебінен 2006 жылы 530-550 мың тонна азот және фосфор тыңайтқыштарын өндіру жоспарлануда.

Мұнай-химия кәсіпорындары үшін отандық шикізат базасын жасау проблемасын шешу қажет.

Республиканың жұмыс жасап тұрған мұнай-химия кәсіпорындары үшін шикізат ресурстарының отандық базасын жасау проблемасын шешу қажет.

Табиғи газдың сұйық компоненттерін тереңдетіп фракциялау жөніндегі қазіргі заманғы және тиімді технологиялар мен қондырғыларды пайдалану негізінде бірнеше инвестициялық жобаларды іске асыру көзделді.

Осы жобаларды іске асыру бастапқы мұнай химиясы өнімдерін, ал олардың негізінде кейіннен тауарлардың кең ассортименттерін шығару бойынша өндірістер құра отырып, пластикалық массалар мен икемді өлшеуіштер (полиэтилен, полистирол, поливинилхлорид, синтетикалық талшықтар, синтетикалық каучуктер) алуға мүмкіндік береді.

Құрылыс инвестициялық қаражат есебінен, сондай-ақ отандық ресурстық, өндірістік және ғылыми-техникалық бастама пайдаланыла отырып, басты дәрежеде жоғары технологиялар трансферті есебінен жүзеге асырылатын болады.

Құрылыс орнын таңдау - көмірсутек шикізатын игеру инфрақұрылымының жанында өндіруге арналған шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді.

Шикізат ресурстары ретінде Теңіз, болашақта Қарашығанақ және Құмкөл кен орындары газдарының бөлігін жоғарыда аталған кен орындары базасында мұнай химиясы өндірісін дамытудың мынадай нұсқаларына пайдалану көзделіп отыр:

1. Ақсай қаласында Қарашығанақ газхимкешенін салу 2003-2005 жылдарға инвестициялық қаржыландыру көлемімен 1,2 млрд. теңге. Кешен 200 мың тоннаға дейін сұйық құрауыштар - этан, пропан, бутан, гексан және 10 млрд. куб. м дейін құрғақ газ алуға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру 2010 жылға қарсы синтетикалық каучуктардың 5 түрін шығаруды ретке келтіруге мүмкіндік береді.

2. Өнеркәсіптік аймақта 2004-2007 жылдары қазіргі заманғы және тиімді технологияларды енгізе отырып: табиғи газдың сұйық құрауыштарын (этан, пропан, бутан, гексан) терең фракциялау

ж ө н і н д е г і ;

бастапқы мұнай химиясы өнімдерін және олардың негізінде пластикалық массалар мен икемді өлшеуіштер (полиэтилен, полистирол, поливинилхлорид, синтетикалық каучуктер мен талшықтар (полиамидтік және полипропилендік) алу жөніндегі; ілеспе мұнай газынан бензол алуды орнату жөніндегі Қарашығанақ мұнай химиясы к е н о р н ы н ы ң қ ұ р ы л ы с ы н с а л у .

Кешен жылына сұйық газды 800 мың тонна, 30 млрд. текше м. құрғақ газды немесе 100 мың тоннаны алуға мүмкіндік береді.  
Құрылыс құны - 1,0 млрд. доллар.

3. Отандық және шетел кәсіпорындарында пластмассалардың әртүрлі маркаларын ала отырып, кейіннен өңдеу үшін жаңа құрылатын "КРИП" зауытында кейіннен этилен мен пропиленге қайта өңдеп, 500,0 мың тонна этанды өндіру жөніндегі объектілер к е ш е н і н і ң қ ұ р ы л ы с ы н с а л у .

Осылайша, мұнай және газ химиясы кешендерін салу және пайдаланымға қосу, сондай-ақ қолданыстағы мұнай және газ өңдеу зауыттарын жаңғырту және технологиялық жағынан жаңарту:

- жоғары қосылған құны бар мұнай химиясы өнімдерінің рыногын құру туралы айту мүмкіндігін беретін көмірсутек шикізатын терең және кешенді өңдеу жөніндегі құрылымдарды қалыптастыруды бастауға;

- Қазақстан экономикасының мұнай бен газға әлемдік баға жағдаятынан тәуелділігін азайтуға, Орта Азиялық және ішкі рынокты қазақстанда өндірілген мұнай химиясы өнімдерімен толтыруды қамтамасыз етуге;

- көмірсутек шикізатын терең өңдеу жөніндегі қолданыстағы технологиялар мен өндірістер құрғанға және жоғары қосылған құны бар тауарлық мұнай химиясы өнімдерін шығарғанға дейін қызметі мұнай мен газды өндіруден және тазалаудан жүзеге асырылатын сатылас-біріктірілген кешендерді Қазақстан Республикасында қалыптастыру үшін негіз құруға мүмкіндік береді.

### **10.2.2. Жеңіл өнеркәсіп**

Жеңіл өнеркәсіпте тоқыма және былғары өнеркәсібі салаларын дамыту басымды бағыт болып табылады, олар жеңіл өнеркәсіптің кейіннен отандық шикізатқа - иірім жіппен, матамен, былғары тауарлармен қайта жасауды қамтамасыз етеді. Мақта-мата және жүн жіп, трикотаж жайма, дайын мақта-мата, жүн және синтетикалық кездемелер, киімдер және аяқкиімдер түріндегі шала фабрикал шығару басымды болып табылады.

Синтетикалық және жасанды жіптерден жасалатын кездемелердің сапасы жақсарды, осылайша Шығыс Қазақстан облысында жергілікті өндірушілердің тауарлар көрме-конкурсында үздіктер қатарында "Текстиль-Восток" ААҚ кездемелерінің а с с о р т и м е н т т е р і б о л д ы .

"Алматыкілем" АҚ тұрмыс рыногын кеңейту үшін кілем және кілем бұйымдарын шығару бойынша белсенді шаралар қабылдайды, айналым қаражатына кредит беру бойынша қазақстан банктерімен жұмыс реттелді, импорт өнімдерін беруші кәсіпорындар іріктелді, жүн шикізатын дайындау және беру жүйесі ұйымдастырылды.

2004-2006 жылдардың орта мерзімді кезеңдерінде жеңіл өнеркәсіп өнімдері көлемдерінің өсімі Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының шеңберінде шикізаттық тоқыма саласын дамытуға инвестициялар тарту, өндіріске жоғары технологиялар енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасау саясатын жалғастыру есебінен күтіледі.

### **10.2.3. Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі**

Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібінде аса басымды бағыт орман, ағаш өңдеу және жиһаз өндірісін қамтитын технологиялық өзара байланысты өндірістерді кешенді қалпына келтіру және дамыту болып табылады.

Ағаш өңдеу өнеркәсібінде - ағаш дайындау, кесілмелі материалдар, тақта материалдарын, құрылыс және ағаш бұйымдарын өндіру, жиһаз үшін ағаштан дайындау.

Жиһаз өнеркәсібінде - сапасы және бағасы бойынша бәсекелесті жиһаздардың кең асортиментін шығару.

Қағаз, картон және басылым ісі өнімдерін шығаруда қағаз және картон өндіру басымды болып табылады.

Аталған міндеттерді іске асырудың негізгі жолдары: нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жолымен отандық кәсіпорындар үшін бәсекелестік ортаны жақсарту; тұрмыстық рынокты кеңейту болады.

### **10.2.4. Машина жасау**

2004-2006 жылдардағы кезеңде машина жасау саласын дамытудың басым бағыттары мұнайгаз, тау-кен металлургиялық, ауыл шаруашылық және көліктік машина жасаудың өсуіне негізделетін болады.

2004 жылы мұнайгаз және ауыл шаруашылығы басым бағыттарын ескере отырып, машина жасау саласын қолдау және дамыту шараларын айқындайтын 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Машина жасау кешенін дамыту бағдарламасы әзірленетін болады.

Осы кезеңде өндірістің өсу факторлары:

Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игеру үшін мұнай өндірісі мен геологиялық қадағалау өндіруге және жөндеуге сұранысты көбейту; көлік құралдары рыногының нақты мұқтаждарына бағдарланған кәсіпорын құру

жолымен өнімдердің жаңа түрлерін игеруге тапсырыстардың өсуі;  
аграрлық сектор кәсіпорындарында ауылшаруашылық техникасына сұраныстың өсуі ;

"Агромашхолдинг" ААҚ ("Қостанайдизель" ААҚ мен "Сибмашхолдинг" ААҚ қатысуымен) мемлекетаралық холдингін құру есебінен дизельдік қозғалтқыштарды іске асыру географиясын кеңейту ;

жабдықтарға және материалдарға металлургиялық кәсіпорындардан тапсырыстардың өсуі болады (машина жасау холдингтерін жасау тауарлардың сапасын арттыруға, өндірісті оңтайландыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді).

### 10.2.5. Құрылыс материалдарының өнеркәсібі

Құрылыс материалдары өнеркәсіптерінің негізгі міндеті ішкі рынокта ұқсас импорттық өнімді ығыстырып шыға алатын және әлемдік рынокта бәсекелестік қабілеті болатын жоғары сапалы құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкциялар шығаруды ұйымдастыру болып табылады.

Мұнайгаз өнеркәсібінің даму қарқынын ескере отырып, 2004-2006 жылдары цемент , құрғақ құрылыс қоспаларын, табақты шыны, полимерлік құбыр бұйымдарын, қаптағыш және тесік керамикалық кірпіш, жоғары тиімді жылу және гидрооқшаулағыш материалдар шығару жөніндегі өндірістерді орналастыру жолымен Қазақстанның Батыс өңірлерде құрылыс индустриясының базасын, сондай-ақ әртүрлі мақсаттағы металдық конструкцияларды жинау және монтаждау бойынша қуаттылықтарды дамыту қажет .

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытудың басым бағыттары ғылымды қажет ететін автоматтандырылған технологиялар негізінде құрылыс материалдарын өндіруді дамыту болып табылады, олар :

керамикалық кірпіштер, қабырға бұйымдарын және бетон блоктарын өндіру;  
пластикалық шыны, полимерлік құбыр және бұйымдар өндіру;  
керамикадан жасалатын сантехникалық бұйымдар өндіру;  
конструктивтік, оның ішінде отқа төзімді бұйымдар өндіру;  
минералдық мақта негізінде тиімді жылытқыштар өндіру;  
жаңа ұрпақтың шатыр және оқшаулау материалдарын өндіру;  
жеңіл құрылыс конструкцияларын өндіру; құрғақ құрылыс қоспалары мен әрлеу материалдарын өндіру .

Қойылған міндеттерді шешу үшін жаңа экспортқа бағдарланған құрылыс материалдары өндірісін әзірлеуді және игеруді инновациялық қолдау ұйғарылып отыр. Болжамдалып отырған нәтижелер

Өнеркәсіптік өндірістің ортажылдық өсімі 2004-2006 жылдары 9%-ды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде - 6%-ды құрайды.

### 10.3. Агроазық-түлік саясаты

Міндеттері мен мақсаттары

2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік агроазық-түлік саясатының негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекелестік қабілетті өнімдер өндіру. Оған қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр.

Бірінші. Халықтың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, әрбір отбасының табысын арттыру үшін жағдайларын жақсарту, халықтың сұранысын толық қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен кең ассортиментті жоғары сапалы азық-түлік тауарларын жеткілікті өндіру жолымен елдің әрбір тұрғынын белгіленген тұтыну стандарттарынан төмен емес деңгейде тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Екінші. Агробизнесінің тиімді және бәсекелестік қабілеті бар жүйесін қалыптастыру.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында:  
ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлерді рыноктық айналымға тарту үшін заңнамалық және экономикалық жағдайлар жасау;  
ауыл шаруашылық су пайдалануда экономикалық қатынастарды реттеу;  
өндіріске аграрлық ғылымның соңғы жетістіктерін жедел енгізуге жәрдемдесу;  
жануарлар мен өсімдіктердің генетикалық әлеуетін тұрақты арттырып отыру үшін жағдайлар жасау;  
өсірілген өнімдерді өндіру, қайта өңдеу, өткізу мәселелерін бірлесіп шешу мақсатында ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне ассоциациялар мен кооперативтерге бірлесуге ықпал ету жоспарланып отыр.

Үшінші. Өндіріс тұрақтылығының басты шарты және оның өніміне баға деңгейін ұстап тұрудың қолайлы тетігі болып табылатын өндіріс пен өткізу балансына қол жеткізу мақсатында ауыл шаруашылық өнімдері мен оның қайта өңделген өнімдерін сату көлемін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Төртінші. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекелестік қабілеті бар экспортқа бағдарланған салаларын дамытуға бағытталған экономиканың аграрлық секторын ұтымды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу жолдары

Алдағы кезеңде өсімдік шаруашылығы саласында егіншілік және өңірлік мамандандыру жүргізудің ғылыми-негізделген принциптерін ескере отырып, егін егу алаңдары құрылымына түзетулер енгізу қажет.

Егін егу алаңдарының құрылымын оңтайландыру тұқым шаруашылығы жүйесін қайта құру мен бекуі тиіс.

Мал дәрігерлігінде негізгі бағдар барлық мал басын алдын-алу диагностикалық

зерттеулермен барынша қамту үшін зертханалық диагностика бойынша жұмыстардың көлемін кеңейтуге жасалатын болады.

Өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласында фитосанитарияға қарай назар өсімдіктер ауруларына және карантиндік орданы оқшауландырылуын және жойылуын бақылауды нығайтуға аударылатын болады. Осыған байланысты мал дәрігерлік, фитосанитариялық және карантиндік зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар кешені жүргізіледі, фитосанитариялық диагностиканың республикалық әдістемелік орталығы және республикалық интродукциялық-карантиндік дәнді-дақыл мөлтегі құрылды.

Екіншілікті ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен алынатын қаражат көлемі 2006 жылға қарсы 2,6 есе артады. Минералдық тыңайтқыштарды субсидиялау көлемдері 3 есеге, көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттерге кредит беру көлемдері - 1,7 есеге өседі.

Алдағы шараларға байланысты жер жағдайына бақылауды нығайтуды агрохимиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырады.

2003 жылдан бастап су мелиорациясында мемлекеттік меншіктегі шаруашылық аралық арналар мен су мелиорациялық үй-жайлар апаттық участкелерін қалпына келтіру жөніндегі бюджеттік бағдарлама, сондай-ақ ауыл шаруашылығының су пайдаланушыларына белгіленген тарифтердің 40,%-ына дейінгі мөлшерде ағын суын беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау бойынша бюджеттік бағдарлама іске асырылады.

Астық өндіру салаларын мемлекеттік реттеу шаралары елеулі түрде нығайтылатын болады, өйткені астық басты экспорттық өнім болып табылады. Болжамдық деректерге қарай мемлекет жыл басында өзінің астық рыногында қатысу өлшемдері туралы хабарлайтын болады. Атап айтқанда сатып алынатын баға деңгейі сапасына қарай сараланатын болады. Мемлекеттік резервті жаңартуға арналған бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік сатып алу көлемдері өзгермейді және шамамен 450-500 мың тоннаны құрайды. Кредиттік және қарыз қаражаты есебінен коммерциялық сатып алу көлемдері астық рыногындағы жағдайларға және күтілетін болжамдық деректерге қарай анықталады.

Бірегей тұқымдарды өндірудің құнын субсидиялау және ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдарын отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілері іске асыру арқылы тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға бағытталған қаражаттар 9% ұлғаяды.

Сондай-ақ нарықтық айналымға астық қолқасын неғұрлым кеңінен тарту, оларды өтей алмау тәуекелін болдырмау және оларды құнды қағаздар ретінде қамтамасыз ету мақсатында астық қолқасын пайдаланудың кепілдендірілген қоры құрылды.

Ауыл шаруашылығының машина жасау жүйесінде өндірісті ауыл шаруашылығы

техникасы мен қосалқы бөлшектерін ынталандырудың жеткілікті қомақты шаралары қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

2004 жылы ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылық техникасын лизингтеуді және ауыл шаруашылығы өндірісін 22% техникалық көмек көрсету жөніндегі инфрақұрылымды бюджеттік қаржыландыру көлемін ұлғайту күтілуде.

Атап айтқанда, мемлекеттік МТС және сервис-орталықтарының жерлерін құру бағдарламасын кеңейту жоспарлануда. Осы мақсаттарға алдағы кезеңде 4,8 млрд. теңге б ө л у к ө з д е л і п о т ы р .

Мемлекеттік қолдауды аса талап ететін аграрлық өнеркәсіп кешендері салаларының арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу маңызды орын алып отыр. Республиканың қайта өңдеу өнеркәсіптері моральдық артта қалған тозған материалдық-технологиялық базасының бар екенін ескере отырып, 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында қайта өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау жөніндегі бірқатар шаралар көзделген, оның і ш і н д е :

а) екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға олардың айналым қаражаттарын толықтыруға бөлінген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделері) ставкаларын субсидиялау. Бұл ауыл шаруашылығының қайта өңдеу салаларына екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін арзандатуға және тартуға мүмкіндік береді. Импорттың үлесі айтарлықтай жоғары басым бағыттар анықталды (қайнатылған сүт, құрғақ сүт, шұжық тағамдары, ет консервілері, жеміс-көкөніс консервілері, өсімдік майы);

б) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға арналған жабдықтар лизингі және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға арналған жабдықтар лизингі жөніндегі сыйлықақы (мүдделер) с т а в к а л а р ы н ө т е у .

Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру технологиялық жабдықтардың қуаттары мен жетілдіруін аса толық пайдалануға, шикізатты және технологиялық процесті сатып алуды жетілдіруге, шығарылатын өнімнің сапасын арттыру және түрлерін кеңейту есебінен тамақ және қайта өңдеу өндірістерін арттыруға және ішкі тұтытуда импорт үлесін неғұрлым төмендетуге, сондай-ақ отандық өнімдер мен ішкі және сыртқы рынокқа шығуға мүмкіндік береді.

Аграрлық бизнестің тәуекелділігін азайту және орнықтылу мен тұрақтылығын азайту мақсатында ауыл шаруашылығының ең қатерлі саласы өсімдік шаруашылығына міндетті сақтандыруды енгізу көзделеді. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңның жобасына өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру бизнесін жандандыру тетіктері осы істе мемлекеттің рөлі мен орны енгізілген.

Болжамдалатын нәтижелер

2006 жылға болжамды деректер бойынша республикада астық өндірісі 14,5 млн. тоннаны құрайды, оның ішінде бидай 11,5 млн. тонна. Астық сапасын арттыру күтіледі, соның нәтижесінде астық экспорты 5,5 млн. тоннаға дейін өседі. Бұршақ, жүгері, май дақылдары өндірісі ұлғаяды, бұл жемдер мен өсімдік майы өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алдағы жылдары орындау жоспарланып отырған іс-шаралар нәтижесінде 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы жануарларының басы өседі. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру 2006 жылы 2003 жылмен салыстырғанда: ет - 10%-ға, сүт - 12,7 %-ға, жұмыртқа 22,5 %-ға, жүн 12,6 %-ға өседі.

## **11. Табиғи капиталды дамыту**

### **11.1. Тау-кен өндіру кешенін дамыту және оның ресурстарын пайдалану**

#### **11.1.1. Жылу-энергетикалық ресурстарын өндіру және игеру**

Мұнай өнеркәсібі

Қазақстан көмірсутек қорлары бойынша, ал жақын болашақта оларды өндіру көлемдері бойынша да әлемнің ең ірі елдерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы мұнайдың барланған қорларының көлемдері бойынша 12; газ және газ конденсаты бойынша - 15; мұнай өндіру бойынша - 21 орын алады.

Көмірсутек шикізатын өндірудің негізгі өсімі: ҚазМұнайГаз, Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг, ҚазГерМұнай, Ақтөбемұнайгаз, Аджип (Солтүстік Каспий) компанияларының жобалары есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Мақсаты

Газ конденсатын қоса алғанда, 11-14% орташа жылдық қарқынмен мұнай өндірудің орта жылдық өсім қамтамасыз ету.

2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеруді мемлекеттік бағдарламасының бірінші сатысын іске асыру басталады. Осы бағыттағы негізгі міндеттер:

көмірсутектерінің барланған қорларының өсімін қамтамасыз ету және өндіру деңгейін тұрақты жоғары деңгейге шығару;

көмірсутектерін тасымалдау мультимодальдық жүйесін дамыту;

теңіз флоты мен теңіз порттарын дамыту;

жеке ғылыми-технологиялық базаны қалыптастыру;

қазақстан мамандарын даярлау және оқыту;



теңіз мұнай операцияларын тиімді басқаруды арттыру;  
төтенше жағдайларды алдын-алу және олардың салдарларын жоюға дайындықты  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

мұнай химиясы өнімдерін дамыту және өндірілген газды кәдеге жарату;  
заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Көмірсутегі шикізатын өндіру негізінен өсімі Қарашығанақ, Теңіз және басқа да кен  
орындарын игеру есебінен қамтамасыз етіледі.

Бір уақытта Каспий шельфінің құрылымдарында мұнайға және газға барлау  
жұмыстары жүргізілетін болады.

Баку-Тбилиси-Джейхан, Қазақстан-Түркменстан-Иран және т.т. бағыттарды  
қарауды қоса алғанда көмірсутек шикізатын тасымалдаудың перспективалы  
бағыттарын зерделеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Жамбыл облысының Амангелді газ кен орындары тобының игеру жалғасуда.

Арал теңізі ауданында мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын белсендіру  
а л д ы м ы з д а т ұ р .

2006 жылы Атырау мұнай өндіру зауытын қайта жаңартуды аяқтау жоспарланып  
отыр.

Газ өнеркәсібі

2006 жылғы кезеңде шикі газ өндіру көлемдерінің өсімі Қарашығанақ және Теңіз  
кен орындарында өндіруді арттыру өсімі есебінен қол жеткізілетін болады, онда 2006  
жылы болжамдар бойынша Қарашығанақта газ өндіру жылына 16 млрд. текше метр  
жоғарыны, Теңізде - 10 млрд. текше метрден жоғарыны құрайды.

Қарашығанақтан өндірілетін шикі газдан 6,7 млрд. текше Орынбор газ өндіру  
зауытына беру, қалған 8,8 млрд. текше газды пластқа қайта айдау үшін пайдалану  
жоспарланып отыр. Жеке ГӨЗ құрылысын салу 2004-2007 жылдары аталған "Газ"  
жобасын игерудің 3-сатысын іске асыру шеңберінде жоспарланып отыр.

Елдің газ саласын одан әрі дамыту, халық пен Республика кәсіпорындарды табиғи  
газбен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында газ саласын  
дамыту үшін мынадай кен орындары мен жобалардың базалық стратегиялық маңызы  
б а р .

Жеке газөндіру зауытының құрылысын сала отырып, Қарашығанақ кен орнында "  
Газ жобасын" дамыту, ол қорлары республика бойынша газдың дәлелденген  
қорларының шамамен 50%-ын құрайтын жеке газ ресурстарын өңдеудегі тәуелсіздікті  
қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорлары С1 санаты бойынша 227,4 млрд. м<sup>3</sup>, ал С2 санаты бойынша 741,6 млрд.м<sup>3</sup>  
Қашаған теңіз кен орнын әзірлеу.

Жамбыл газ кен орындары тобын, бірінші кезекте жоспарлы жылдық өнімі 600 млн.  
м<sup>3</sup> Амангелді кен орнын әзірлеу.

Бос газдың перспективалы ресурстары шамамен 300 млрд. м<sup>3</sup> құрай алатын және жиынтық өнімі жылына 5-6 млрд. м<sup>3</sup> Солтүстік арал маңындағы болжамды аумақтарда газ қорларын барлау жөніндегі жұмыстарды аяқтау.

Ілеспе және бос газ қорларының қалдық алынатын қорлары 15,6 млрд. м<sup>3</sup>, ал барлау және пайдаланымға дайындық сатысындағы перспективалы кен орындары бойынша (Арысқұм, Қоныс, Бектас) - 18,7 млрд. м<sup>3</sup> құрайтын Арысқұм ойпаң жердегі Оңтүстік Торғай кенорындарының ылдиларын әзірлеу.

Жаңажол кен орынында 2006 жылы 4,5 млрд. текше метр газды өндіру жоспарланып отыр, бүгінгі таңда өндіру көлемі 2,4 млрд. текше метрді құрайды. Өндірілетін газдың артылуына байланысты "АМО-СНРС" ААҚ артық газды өндіру үшін жаңа ГӨЗ салуды жоспарлайды.

"Орта Азия Орталығы" газ тасымалдау жүйесін дамыту мен жаңғыртудың 2010 жылғы кезеңге арналған бағыттарына" сәйкес "Орта Азия Орталығы" магистралды газ құбырын жаңғыртуды одан әрі жүзеге асыру.

#### Көмір өнеркәсібі

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығы үшін елдің көмір өндіру кәсіпорындары 2002 жылдың кезеңімен салыстырғанда көмір өндіру көлемдерінің өсімін алады. 2003 жылдың қаңтар-маусымы үшін 40,3 млн. тонна көмір өндірілген, бұл 2002 жылдың ұқсас кезеңінен 30,8%-ға немесе 9,5 млн. тоннаға көп.

Көмір өндіру кәсіпорындарының тұрақты жұмысын ескере отырып, ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында көмір өндірудің болжамдалған көлемі тұтастай алғанда 2003 жыл үшін 77 млн. тоннаны құрайды.

2003-2006 ж.ж. кезең үшін республиканың көмір өнеркәсібінде көмір өндіру өсімін қамтамасыз етуге және өндіріс құрылымын жақсартуға мүмкіндік беретін бірқатар іс-шаралар белгіленіп отыр.

"Испат Қармет" ААҚ көмір департаментінің шахталарында тазалау забойына жоғары орташа тәуліктік жүктемеге қол жеткізуге және шахталарды жұмыс істейтін адамдардың барынша қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін неғұрлым жоғары техникалық деңгейдегі көмір өндіру техникасына ауыса отырып, техникалық қайта жабдықтау көзделіп отыр. Тұтастай алғанда бассейн бойынша газ-метан өндіру технологиясын өнеркәсіптік игеруді жалғастыру, рентабельді емес шахталарды жабу жоспарланып отыр.

Екібастұз көмір бассейнінде көмірді қазақстан тұтынушыларының мұқтажы деңгейінде өндіру мен экспортының көлемдерін тұрақтандыруға және одан әрі өсіруге, көмірдің бағасын бәсекелестік қабілетті деңгейде ұстау жолымен өткізу рыноктарында сақтауға бағытталған "Екібастұз көмірі" бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғасады.

"Синтез-АРМ-Р" көрсететін қазіргі заманғы құрылғы, дербес компьютерлер базасында "Синтез-АРМ-А" орнатылды және басқада шаралар қатары аяқталды.

Инвестициялық қызмет шеңберінде аэронавигациялық жүйені дамыту үшін кәсіпорын жалпы алғанда 2001 жылы 2 545 млн. теңге, 2002 жылы - 2 964 млн. теңге жіберді және 2003 жылы 3 914 млн. теңге мөлшері жоспарлануда.

2002 жылдары инвестициялар меншікті қаражат есебінен жүзеге асырылды, 2003 жылы инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін кәсіпорынға ұзақ мерзімді банк кредиті талап етіледі.

## **"Ақтау теңіз сауда айлағы" РМК**

2001 жыл бойы кәсіпорыннан 5701,8 мың тонна жүк, оның ішінде 4325,6 мың тонна мұнай және паром арқылы тасымалдау мен астықты қоса есептегенде 1376,2 мың тонна құрғақ жүктер өткізілді.

Ақтау портын одан әрі жаңғырту шеңберінде мынадай жобалар іске асырылды:

Астық терминалының құрылысы (жеке отандық инвесторлардың тікелей инвестициялық есебінен);

қолданыстағы жолаушылар тасымалы және көлік құралдары тасымалдарымен қатар тасымалдайтын жүктер номенклатурасын кеңейтуге, Ақтау, Баку бағыты бойынша пароммен жүктердің толықтай тасымалын жүзеге асыруға, жүктерді тасымалдау мерзімін қысқартуға және тұтастай алғанда экспорттық-импорттық операциялар көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берген теміржол паром кешені қайта құрылып, пайдалануға берілді.

2002 жылы 3413,9 мың тонна жүк, оның ішінде 2016,6 мың тонна мұнай және паром тасымалы мен астықты қосқанда 1397,3 мың тонна құрғақ жүк өткізілді. N 4, 9 мұнай айлағын жалға берумен байланысты, жалпы жүкті ауыстырып тиеу 2001 жылмен салыстырғанда 40,1% - ке төмендеді.

2002 жылы Ақтау айлағы арқылы металл өнімдерін өткізу көлемінің төмендеуінің басты факторлары болып мыналар табылады:

сату рыноктарының жолығуымен байланысты қара металдар рыногында дүние жүзілік дағдарыс.



Иран, Ресей, Қазақстан, Украина металл өнімдері комбинаттарына әкелінген кедендік баждардың жоғарлауымен байланысты "Испат-Кармет" комбинаты өндірісінің металл өнімдерінің жүк тасқынының төмендеуі;

Ресей Федерациясы Үкіметі жүргізген қолдампаздық саясаттың, сондай-ақ Ақтау айлағы арқылы тасымалдау кезінде кемсітушілік тарифтік режимді кіргізу салдарынан ресейлік комбинаттардың металл өнімдерінің жүк тасқынын қайта бағдарлау.

2002 жылы Ақтау теңіз айлағы бойынша негізгі капиталға инвестициялар меншікті қаражат есебінен 233,4 млн. теңгені құрады, оның ішінде құрылыс пен қайта құруға - 32,5 млн. теңге, жабдықтарды сатып алуға - 195,5 млн. теңге, материалдық емес активтерді сатып алуға - 5,4 млн. теңге.

2003 жылға жүктерді жалпы ауыстырып тиеу 3724,7 мың тонна немесе 2002 жылдың деңгейінен 9,1 %-ке өсу мөлшерімен болжанады.

Таза табыс 614,1 млн. теңгені құрайды немесе 2002 жылға қарағанда 9,7 %-ға артық болады.

Негізгі капиталға инвестициялар 545,9 млн. теңгені құрайды. Көрсетілген қаражаттар айлақтық құрылыстар мен ғимараттарды салуға және қайта құруға, жабдықтарды сатып алуға, жобалық жұмыстарды жүргізуге, негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге, материалдық емес активтерді сатып алуға бағытталатын болады.

## **"Халықаралық Астана әуежайы" ЖАҚ**

2001-2002 жылдарда қоғамдар қызметінің нәтижесі өндірістік көрсеткіштердің өсу тенденциясымен сипатталады. Осылайша өткен жылмен салыстырғанда әуе тасымалы көлемінің өсуі рейстерді жөнелту көрсеткіші бойынша 2001 жылы 10 %-ды және 2002 жылы 12 %-ды құрады.

2002 жылы күтілетін рейстерді жөнелту көлемі өткен кезеңнің көрсеткіштерін 12 %-ға арттыратын 4 962 құрады. 2003 жылы жоспарланған рейстерді жөнелту көлемі 2002 жылға қарағанда 10 %-ға артық болатын 5458 рейсті құрайды.

Тасымалданған жолаушылар саны 2002 жылы 1 55 853 адамды, 2003 жылы 178 560 адамды құрады. Жөнелтілген жануарлардың жалпы көлемінің 77%-ын ішкі желілер және 23 %-ын халықаралық тасымалдау жолаушылары құрайды.

Әуежайдың инвестициялық бағдарламасы шеңберінде негізгі қорларды жөндеу және айырбастау (арнайы техникалар, жабдықтар, желілер, ұшу-қону жолағы) жөніндегі жұмыстарды орындау болжанады. Қазіргі кезде қайтадан сатып алынған техникалар, техникалық парк, жабдықтар, электрмен қамту, жылумен қамту және сумен жабдықтау объектілері 83 %-тен астам тозған. Осы жағдайды ескере отырып, 2002 жылы негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға инвестицияларға қажеттілік 118 млн. теңгені құрады.

## **"Қазинфром" ҰК" ААҚ**

"(Қазинфром) қазақ ұлттық агенттігі" Ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы жарғылық капиталға мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен, "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Қазақ ақпарат агенттігі (ҚазАА)" республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға 8 қарашадағы N 1186 қаулысына сәйкес қ ұ р ы л д ы .

Қоғамның жарияланған жарғылық капиталының мөлшері 4276 мың теңгені қ ұ р а й д ы .

2001-2003 жылдар кезеңіндегі Қоғамның өндірістік-қаржы қызметінің нәтижесін т а л д а у м ы н а л а р д ы к ө р с е т е д і .

2001 жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша негізгі қызметтен алынған табыс - 23069,82 мың теңгені, шығыс бөлігі - 20363,21 мың теңгені, компанияның таза табысы - 2706,61 мың теңгені құрады.

2002 жылы табыстың төмендеуіне 2001 жылмен салыстырғанда 1052 мың теңгеге немесе 4,6 %-ға жол берілді. Осылайша табыстың төмендеуі кезінде 1826,25 мың теңге мөлшерінде залалды нәтижеге беріп, шығыстар 3481 мың теңгеге өсті.

2003 жылы негізгі қызметтен алынған табыс 2002 жылдан 30 %-ға төмен болатын, 13,7 млн. теңге сомасында деп күтіледі.

Осыған байланысты 1680,58 мың теңге сомасында залал болжанады.

Қаржылық сауықтыру және тұрақтандыру мақсатында маркетингтің жаңа тұжырымдамасы, шығындар құрылымының түбегейлі өзгеруі мен негізгі қорларды қайта техникалық жасақтандыру есебінен клиент топтарын кеңейту жолымен, ұсынылатын өнімдердің сапасы мен санын қарастыратын компанияны реформалау жөніндегі ш а р а л а р б а й қ а л а д ы .

Инвестициялардың айрықша көлемі корреспонденттік бекеттердің желілерін салуға, негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға, ТЭО әзірлеуді бастапқы қаржыландыруға және Астана қаласында халықаралық ақпараттық орталық салуға арналған жобалық құжаттамаға жұмсалады деп көзделеді.

## **2004-2006 жылдарға арналған перспективалар**

### **"ҚазМұнайГаз" ҰК"**

Миссиясы, мақсаттары мен міндеттері

Компанияның миссиясы - тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу және Қазақстан халқының тұрмыс сапасын жақсарту үшін мұнай газ кешенінің үйлесімді, тиімді және транспаренттік дамуын қамтамасыз ету.

Өмірде миссияны іске асыру үшін Компания өз алдына мынадай ұзақ мерзімді

стратегиялық

мақсаттар

қояды:

жер қойнауын ұтымды пайдалану және жоғарғы экологиялық стандарттарды сақтау ;

мұнай газ кешені салалары үшін біліктілігі жоғары басқарушылық, инженерлік-техникалық және жұмысшы кадрларын дайындау; мұнай химия және энергетика өнімдері бойынша мұнай газ кешені үшін өнімдер мен қызметтер бойынша импорт алмасу; экспорттық көмірсутегілерін әртараптандырылған тасымалдау; негізгі қорларды, технологияны жаңарту мен ресурстар базасын дамытуда инвестицияларды басқару.

2004 жылдан бастап 2006 жылға дейінгі кезеңде Компанияның негізгі қызметі мынадай негізгі міндеттерге шоғырланады:

мұнай өндіру деңгейін сақтау және ұлғайту; жаңа кен орындарын дайындау және оны қатарға енгізу; ішкі және сыртқы рынокта мұнай өнімдерін ұқсату және өткізу жүйесін дамыту; экспорттық қуатын кеңейту;

қолда бар труба құбырлары жүйесін оның жұмыс қабілеттілігін сақтау үшін қалпына келтіру және жаңғырту, ұсынған қызмет көрсетулердің тиімділігін арттыру, көмірсутекті шикізатты және суды тасымалдауға арналған шығындарды азайту, сондай-ақ бар жүйенің қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыру;

баға белгілеуде икемді тәсілді қамтамасыз ету үшін тарифтік әдіснаманы одан әрі дамыту ;

Компанияның қаржы қызметінің тиімділігін арттыру.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Компания бірқатар даму кезеңдерінен өтеді. 2004-2006 жылдар кезеңі - бірінші кезең. Осы кезеңнің басты мазмұны Қазақстанның мұнай газ кешенін ықпалдастыру болады:

еншілес (тәуелді) ұйымдарды корпоративті қайта құрылымдау аяқталады;

Компания тарапынан жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің мониторингі күшейеді ;

өкілетті орган ретінде өнімдерді бөлу туралы келісімдерде Компанияның функциялары анықталады ;

Атырау МӨЗ қайта құру аяқталады ;

Каспий теңіз қайраңының қазақстандық секторының неғұрлым перспективалы учаскелерін алдын ала барлау аяқталады ;

Газ кен орындарының игеру Амангелді тобын жалғастырылады.

Қарастырылған кезең ішінде дүниежүзілік мұнай рыногында өзара қарым-қатынас құрылымын өзгертуге, КТК жүйесі бойынша мұнай экспорты мен транзиті мәселелеріне, залалды өндірістерді жою және кәсіпорын құрылымын оңтайландыру есебінен өндіріс құнын төмендету қажеттігіне, мұнай өндіру өңірлеріндегі экологиялық

проблемалардың шиеленісуіне байланысты проблемаларды шешу тұр.

2005 жылы мұнай өндіру 9,9 млн. тоннаға, ал 2006 жылы - 9,7 млн. тоннаға жетеді деп жоспарланды.

Атырау МӨЗ мұнаймен жүктеу жыл сайын 1700 мың тонна деңгейінде жоспарланды.

2005 жылы мұнайды тасымалдау көлемі 2006 жылы 46,2 млн. тоннаға ұлғаяуымен 44,8 млн. тонна деңгейінде жоспарланды.

Компания бойынша ілеспе газды өндіру көлемі 2005 жылы 1,55 млрд. куб.м. құрайды.

Компанияның жиынтық таза табысы 2004 жылы - 69 млрд. теңгеге және 2006 жылы - 70,9 млрд. теңге жоспарланды.

Мұнайды өткізу барлық мынадай үш дәстүрлі бағыт бойынша жүзеге асырылады: ішкі рынок (АМӨЗ), жақын және алыс шетелдерге экспорт, АМӨЗ және алыс шетелдерге жеткізу басымдылық сипатқа ие болады. Алыс шетелдерге экспорт шығару 2001 жылы 2,4 млн. тоннадан 2005 жылы 5.9 млн. тоннаға дейін ұлғаяды.

Негізгі инвестициялық жобалардың бір қатарын іске асыру, соның ішінде мыналар:

Өзен мұнай кен орнын қалпына келтіру жобасы (жобаның жалпы құны 109 млн.\$);

Атырау МӨЗ қайта құру жобасы (308 млн.\$);

"ҚазТрансОйл" ЖАҚ-на SCADA жүйесін енгізу жобасы (43 млн. \$);

Газ кен орындарының Амангелді тобын игеру (17 млн. \$);

Атырау қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта құру жобасы (25 млн. \$) жоспарланды.

Батыс фирмаларының құрамында уран бар қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі қызметтерді дамыту:

алыс шетел рыноктарына табиғи уран өнімдерімен шығу - 500 тонна/жыл көлемінде - уран диоксидінің ұнтағы және "CANDU" үлгілік реакторы үшін жылу таблеткалары;

жылу бөлетін өндіріс жолымен шетел фирмаларының оңай енетін реакторлары үшін төмен байытылған уран рыногына шығу.

Бериллиев өндірісін дамыту бойынша:

карботермикалық тәсілмен мыс-бериллев лигатурасы және бериллев қола өндірісі бойынша учаскелер құру;

концентраттан бериллия гидроксидын алу бойынша гидрометаллургиялық бөлістерді қалпына келтіру;

химикалық-металлургиялық қайта бөлуді қалпына келтіру және ұлғайту.

Тантало-ниобиев өндірісін дамыту бойынша:

ниобиидің тазартылған гидроокисі түріндегі дайын өнімді алумен қозғалыстағы өндіріске біртіндеп қайта құру жүргізу;

жаңа ұрпақтың конденсаторлары үшін сыйымдылығы жоғары танталды ұнтақтар

мен созбұйда өндірісінің технологиясын құру;  
шикізаттың меншікті көздерін іздеу.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары 2004-2006 жылдары мыналарды шешу көзделеді:

аса жоғары бөлістер өнімдерін шығаруда өндірісті қайта бағдарлау;  
өнімнің өндірісі мен экспорт көлемін арттыру;  
жоғары сұранысқа ие болған өнімдерді өткізудің дүниежүзілік жаңа рыноктарына шығу.

2006 жылға дейін негізгі капиталға 30,6 млрд. теңге инвестициялау.

## **"Азық-түліктік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ**

Мақсаттар мен міндеттер

2004-2006 жылдары елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету компанияның негізгі мақсатына жатады.

Компанияның негізгі міндеті мыналар болып табылады:  
мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды және жаңартуды қамтамасыз ету;  
астыққа бағаның ішкі конъюнктурасы мен оның өңдеуші өнімдерін реттеу.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары 2004-2006 жылдары мынадай шаралар көзделеді:  
тұқымдық материалдар сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу;  
жемшөптік дәндердің мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру;  
азық-түлік дәндерінің мемлекеттік резервін сақтаудың сенімділігін арттыру,  
мемлекеттік элеваторлар желілерін дамыту, олардың материалдық-техникалық базаларын нығайту, оларға азық-түлік дәндерінің мемлекеттік резерві мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің дәндерін орналастыру;  
қазақстандық астықты, оның ішінде оны тасымалдау жөніндегі проблемаларды шешу жолымен өткізудің тиімділігін жоғарылату;  
астық өңдеуші ұйымдарға дәндерді өткізу тәртібін, оның уақытылы және тиімді өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында жетілдіру;

халықаралық рынокқа қазақстандық астықты жылжыту мынадай жолмен:

2004 жылы жалпы кіріс 12208,63 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде

:

мемлекеттік астық ресурстары бойынша табыстар - 11743,08 млн. теңге;  
меншікті қызмет бойынша кірістер - 465,55 млн. теңге.

2004 жылы бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне 41,27 млн. теңге көлемінде дивидендтер аудару жоспарланады.

2005 жылға арналған жалпы кіріс 12531,26 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстары бойынша кірістер - 12037,08 млн. теңге;

меншікті қызмет бойынша кірістер - 494,18 млн. теңге.

2005 жылы бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне 42,36 млн. теңге көлемінде дивидендтер аудару жоспарланады.

2006 жылға арналған жалпы табыс 12531,26 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде мемлекеттік астық ресурстары бойынша кірістер - 12037,08 млн. теңге;

меншікті қызмет бойынша кірістер - 494,18 млн. теңге.

2006 жылы бюджетке акциялардың мемлекеттік пакеттеріне 42,36 млн. теңге көлемінде дивидендтер аудару жоспарланады.

## **"Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ**

### Мақсаттар мен міндеттер

Негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының сапалы ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру болып табылады.

Қоғамның негізгі міндеттері болып 2004-2006 жылдары мемлекеттік органдардың құрылған ақпараттық жүйелері мен деректер базаларын сүйемелдеу, әкімшілік ету, техникалық және сервистік қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар болады, оның ішінде:

мемлекеттік құжат айналымының бірыңғай жүйесін қолдау;

ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу;

мемлекеттік деректер базаларын сүйемелдеу.

Көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Қоғам 2004-2006 жылдары мынадай шараларды жоспарлайды:

- өңірлік бөлімшелерді оңтайландыру;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу;
- ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту.

Өңірлік бөлімшелер базасында өңірлерде ақпараттық қызметтердің толық спектрін қамтамасыз етуге қабілетті қуатты бөлімшелер құру және "дайын" жаңа ақпараттық технологияларды енгізу жоспарлануда. Өңірлік орталықтар дәстүрлі қызметтерден басқа тұтынушыларға өңірлерде internet-киоскілері жүйесі арқылы ақпаратты-анықтамалық қызмет көрсету, электрондық коммерция қызметтері, республикалық ақпараттық ресурстарға кіру, монтаж, реттеу, есептеу техникасы мен корпоративтік желілер жабдықтарының қаражаты ретінде ақпараттық жүйелер сияқты сүйемелдеуді қоса алғанда, кәсіпорынды кешенді ақпараттандыру жобаларын әзірлеуді жүзеге асыруды ұсынатын болады.

2004-2006 жылдарға арналған көрсетілген қызметтер (жұмыстар) көлемін өзгерту с е р п і н і м ы н а д а й :

2004 жыл - 782,8 млн. теңге;

2005 жыл - 849,2 млн. теңге;

2006 жыл - 944,0 млн. теңге.

2004 жылдан бастап Қоғамның табысы құрылымының 65%-дан астамын техникалық қызмет көрсету, мемлекеттік органдарда құрылған ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу және әкімшілік ету бойынша жұмыстардан түсетін табыстар құрайды. Мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу барысында осы жұмыстардың үлесі Қоғамның табысының жалпы сомасының 80%-ына дейін қ ұ р а й д ы .

2004 жылы капиталдық салымдардың көлемі 50,0 млн. теңгені, 2004 жылы - 60 млн. теңгені, 2005 жылы - 65 млн. теңгені құрайды және бұл қаражаттар негізінен есептеу техникаларын, өнімділігі жоғары серверлерді сатып алуға, сондай-ақ өңірлік бөлімшелердің материалдық-техникалық базаларын жақсартуға бағытталатын болады. Бұдан басқа, Қоғам қаражатының бір бөлігі халықаралық қауіпсіздік нормаларына сәйкес меншікті серверлік үй-жайларды кезең-кезеңмен ұйымдастыруға және жарықтандыруға бағыттауды жоспарлайды.

## "Эйр Қазақстан" ЖАҚ

Мақсаттар мен міндеттер

"Эйр Қазақстан" ЖАҚ дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарының стратегиялық мақсаты өмір сүруге қабілеті және беделді халықаралық әуе компаниясын құру болып табылады.

"Эйр Қазақстан" ЖАҚ басым стратегиялық бағыттары болып Қазақстан Республикасының ұлттық және тағайындалған тасымалдаушысының мәртебесін сақтау және флагмандық тасымалдаушының мәртебесін алу, әуе тасымалдау рыногына қатысу үлесін үдету, әуе тасымалынан ең жоғарғы мүмкін табыстарды алу, даму деңгейін одан әрі жоғарлату және тең құқықты әріптестік ретінде дүниежүзілік авиа тасымалдау рыногына шығу болып табылады.

2004-2006 жылдары мынадай міндеттерді шешу тұр:

ұшақ моторлы паркін жаңарту;

"Эйр Қазақстан" ЖАҚ қаржы-шаруашылық қызметінің оң үрдістерін нығайту және тұрақты қаржы компаниясын құру;

тасымалдаудан ең жоғары мүмкін табыстар алуды қамтамасыз ету;

жоғары деңгейлі сервисті қамтамасыз ету;

тағайындалған және флагмандық тасымалдаушы мәртебесіне конкурстық негізде қ о л ж е т к і з у ;

әуе тасымалдау рыногында қатысу үлесін үдету және реттеуші авиа тасымалдау рыногындағы позицияларын нығайту;

авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін талаптарын орындауды мен толық қ а м т а м а с ы з е т у .

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

### Технологиялық саясат:

еуропалық стандарттарға сәйкес батыста шығарылған әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін "Авиациялық-техникалық орталықты" сертификаттау; жабдықтауға қазіргі заманғы техникалық талаптарға сәйкес ангарлық кешеннің технологиялық жабдықтарын жаңарту.

Авиация рыногында шынайы сұранысты ескере отырып, жаңа бағыттарды ашу 2004 жылдар кезеңінде бастап 2006 жыл 2903,5 млн. теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарлануда. 2004 жылға болжам бойынша таза табыс 453,6 млн. теңге сомасында жоспарланып отыр. Бұл ретте 21 875 млн. теңге мөлшерінде жалпы табыс алу, оның ішінде негізгі қызметтен түсетін табыс 21 559,5 млн. теңге, негізгі емес қызметтерден түсетін табыс 315,4 млн. теңге алынады деп күтілуде.

2004 жылы 654751 адам, 2005 жылы - 701877, 2006 жылы - 753906 адам тасу жоспарланып отыр.

2004-2006 жылдарға арналған инвестицияның жалпы көлемі 20 млн. АҚШ долларынан астам мөлшерде жоспарланып отыр.

## **"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ**

### Мақсаттар мен міндеттер

Кәсіптік менеджментпен тұрақты қаржы институты ретінде және елдің, оның күллі өңірлері халықтарының барлық топтары үшін зейнетақы қызметтерінің сапасы мен оған қол жеткізудің жоғары деңгейін ұсынатын Қор ретінде құрылуы, оның стратегиялық басты мақсаты болып табылады.

Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу жоспарланады:

1) Менеджмент сапасының халықаралық стандарттарға бағынуы және оның салымшыларының күтуінен асқан және тиісті қызмет көрсетулерді енгізу;

2) салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына түсетін зейнетақы қорланымдарының сақталуы мен өсуі мүддесінде зейнетақы активтерін тиімді инвестициялық басқаруды қамтамасыз ету;

3) тұрғын халық үшін зейнетақы қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етумен өңірлік саясатты белсенді дамыту.

2004-2006 жылдар ішінде Қор инвестициялар қоржынының айналымын сыртқы рынокты қоса отырып, ұқсас көбейтумен ішкі қаржы рыногында өзінің операцияларын ұлғайтатын болады.

### Мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Қойылған міндеттерді іске асыру төрт кезеңге жоспарланады:

1. Қызметтің тиімділігі мен меншікті бәсекеге жарамдылықты арттыру үшін 2003 жылдың аяғы мен 2004 жылдың басына дейінгі ИСО 9001-2000 халықаралық



стандарттарына сәйкес менеджмент сапасының жүйесін енгізу жоспарланған.

2. ИСО 9001-2000 стандарттарының талаптарына сәйкес келетін енгізілген менеджмент сапасының жүйесін жоғары деңгейде қолдау.

3. Өзірленген менеджмент сапасының жүйесіне сәйкес жұмыста қызметкерлердің кәсіптік даярлығын жүзеге асыру.

4. Қордың қаржы тұрақтылығында салымшыларды сендіру мен сенімін қолдау және оның тұрақты табыс алуымен уақытылы сапалы зейнетақы қызметтерін ұсыну қабілеттігіне қатысты рыноктық бәсекеге жарамдылықты сақтау және жетілдіру.

Қор 2004 жылы - 393,4 млн. теңге, 2005 жылы - 459,4 млн. теңге, 2006 жылы - 544,3 млн. теңге сомасында салықтар мен дивидендтер төлеуді жоспарлайды.

## "KEGOC" ААҚ

### Мақсаттар мен міндеттер

Тұтынушыларды сапалы және үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету, Қазақстан экономикасының электр энергиясымен өзін өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізу Қоғамның басты мақсаты болып табылады.

Осыған байланысты 2004-2006 жылдар кезеңінде мынадай міндеттерді шешу қажет:

"KEGOC" ААҚ көлік жүйесін қалпына келтіруге бағытталған "Қазақстан Республикасының Ұлттық электрлік желілерін жаңғырту" жобасын аяқтау және энергожүйесін диспетчерлік басқаруды жетілдіру, ХДҚБ және ЕДҚБ алдындағы негізгі б о р ы ш т ы т ө л е у ;

- құрылыс үшін қажетті заем қаражаттарын тартумен, Қазақстанның " Солтүстігі-Оңтүстігі" 500 кв транзитті электр тарту екінші желісінің құрылысын бастау . Осы жобаны іске асыру қолданыстағы транзиттің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ Солтүстік өңірдің ірі электростанцияларынан жеткізілген арзан электрэнергиясы есебінен Оңтүстік Қазақстандағы электрэнергиясы мен қуат тапшылығын жабуға м ү м к і н д і к б е р е д і ;

- тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

### Қойылған міндеттерге жету жолдары

Қоғам қойылған міндеттерді шешу үшін мыналарды жоспарлайды: тарифтік саясатты, оның ішінде Қоғам ұсынатын қызметтер түрлерін ұлғайту есебінен жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

Қазақстанның "Солтүстігі-Оңтүстігі" 500 кв транзитті электр тарту екінші желісінің құрылыс салу үшін қажетті қаражаттарды қарызға алуды жүзеге асыру;

Республиканың бірыңғай электрлік желісінің ұсынатын қызметтерінің сапасы мен



Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Почта жөнелтілімдерінің көлемін ұлғайту, ұсынылған қызметтердің сапасын жақсарту, технологиялық процестер мен почта бағыттарын оңтайландыру;  
Әмбебап почта қызметін енгізу;

"Western Union" жүйесі бойынша ақша аудару бойынша клиенттер ауқымын кеңейту.

2004-2006 жылдары шығыс хаттамалық басылымдардың көлемін 15,6 млн. бірлікке дейін немесе 2002 жылға қарағанда 3,3 %-ға ұлғайтуды, қабылданған сәлемдемелердің көлемін 2004-2006 жылдары 1,4 млн. бірлікке дейін немесе 2002 жылмен салыстырғанда 7,7 %-ға арттыруды мезгілдік басылымдардың көлемін 2002 жылға қарағанда 6,6 %-ға өсіруді қамтамасыз ету жоспарлануда 2006 жылы 98,2 млн. бірлікке дейін жеткізу көзделеді. Қабылданатын жедел почта жөнелтілімдерін санын 2006 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 336 мың бірлікке дейін немесе 12 %-ға ұлғайту жоспарланып отыр.

## **"Қазақтелеком" ЖАҚ**

Мақсаттары мен міндеттері

"Қазақтелеком" ЖАҚ жұмысының негізгі мақсаты жоспарланған кезеңге байланыс қызметтерінде мемлекеттік органдарды басқару және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

"Қазақтелеком" ЖАҚ міндеттері мыналар:  
рынокта өзі позициясын нығайту;  
бизнес-бағдарлы ішкі және сыртқы саясатты қалыптастыру;  
қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылым және бәсекелестікке жарамдылықты қалыптастыру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары:  
қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыруды аяқтау;  
жоғары түсімді сараланымда бизнесті жандандыру;  
қызмет және клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру.

Негізгі телефон аппараттарының саны 2006 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 5,9 %-ға ұлғаяды және 2,4 млн. бірлікті құрайды. Қалааралық, халықаралық телефон трафигі 13 %-ке ұлғаяды, ол - 1,8 млрд. минут құрайды. Қазіргі заманғы сандық жабдықтар базасында жергілікті телекоммуникациялар желілерін жаңғырту мен дамыту, желілер мен оны пайдалану жөнінде жұмыстар жалғасуда. "Қазақтелеком" ЖАҚ алдағы қызметінде озық технологияларды пайдалану негізінде телекоммуникациялар ұсынатын қызметтердің спектрін ұлғайтуға басым мән бөледі.

Болжам бойынша күрделі салымдар 2004 жылы 16,2 млрд.теңгені, 2005 жылы - 16,6 млрд. теңгені, 2006 жылы - 16,9 млрд.теңгені құрайды. Көрсетілген қаражаттар

телекоммуникациялар желілерін одан әрі дамытуға, халықтың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін және байланыс қызметінде дамыған экономиканы қанағаттандыруға жұмсалатын болады.

2006 жылы таза табыс 10,1 млрд. теңге деңгейінде болжанып отыр, ол 2004 жылға қарағанда 2 % деңгейіне төмен.

Жай акцияларға дивидендтер төлеу заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілетін болады. 2003-2005 жылдарда жай акцияларға дивидендтер төлеуге таза табыстың кем дегенде 20 %-ын жұмсау ұйғарылуда.

"Қазақтелеком" ЖАҚ-тың инвестициялық саясаты жаңа технологиялар базасында жетекші әлемдік байланыс құралдарын жасаушылардың қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ақпараттық ағымдар транзитін көбейтуге бағытталған.

## **"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ**

Мақсаттары мен міндеттері

"Қазақстан темір жолы" ҰК" негізгі мақсаты техникалық өсу деңгейінің негізінде темір жол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру болып табылады.

Темір жол көлігін дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады: жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

одан әрі тұрақты дамуды қамтамасыз ететін, саланың сапалы жаңа техникалық деңгейге көшуі;

баламалы көлік дәліздері бойынша ұдайы нығайып отыратын бәсекелестік тасымалдау жағдайында Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру;

темір жол көлігінің жұмыс істеуінде экономикалық қауіпсіздікке қол жеткізу;

Компанияның құнын барынша көбейту.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу:

өндіріс қуаттарын оңтайландыру, темір жол көлігінің тиімділігін арттыру;

темір жол саласында тарифтік саясатты мемлекеттік реттеу жүйесін өзгерту;

жеке секторды тарту есебінен бәсекелестік ортаны құру;  
инвестициялық бағдарламаны іске асыру.

2004 жылы болжамды жүк айналымы 140113 млн. т-шақырымды (2003 жылға қатысты 1,1%-ға арттыру), 2005 жылы - 141702 млн.т-шақырымды (2004 жылға қатысты 1,1%-ға арттыру), 2006 жылы - 141 969 млн. т-км шақырымды (2005 жылға қатысты 0,2%-ға арттыру) құрайды.

2004 жылы жолаушылар айналымы 10 384 млн. жол-шақырым деңгейінде, 2005

жылы - 11 380 млн. жол-шақырым, 2006 жылы - 11 400 млн. жол-шақырым болжануда.

2004 жылдың қорытындылары бойынша оң қаржылық нәтиже 11 746 млн. теңге (119 %-ға өсім), 2005 жылы тиісінше 21 367 млн. теңге (81,9 %), 2006 жылы - 31768 млн. теңге (48,7 %) болады деп күтілуде.

## **"Қазаэронавигация" РМК**

Мақсаттары мен міндеттері

2004-2006 жылдардағы кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында әуе қозғалысын басқару және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің барынша қауіпсіз және тиімді ұшуын қамтамасыз ету үшін уақтылы, толық және нақты аэронавигациялық ақпаратты пайдаланушыларға ұсыну болып табылады.

Кәсіпорын алдына таяу болашаққа және 2004 жылға мынадай мақсаттар қояды:

- 1) әуе қозғалысының қауіпсіздігін арттыру;
- 2) экономикалық тиімділіктің өсуі.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Кәсіпорын қойылған стратегиялық міндеттерге жетуге бағытталған барлық күшін мынадай жолдармен жұмсау күтілуде:

- 1) тұрақты әуе қозғалысы тасқынын сақтау;
- 2) қаржы тұрақтылығын; және
- 3) барлық әлеуметтік-кадрлық мәселелерді шешу.

Қазақстан Республикасының әуе жолдарын пайдалануға талдау және тұтастай алғанда, Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияға және керісінше ұшу динамикасын орындау Қазақстан Республикасының ішкі авиатасымалдау рыногына шетелдік авиакомпанияларды тарту жөнінде мынадай іс-шараларды өткізудің қажеттігін көрсетеді:

1) халықаралық әуе жолдарын оңтайландыру және Қазақстан Республикасының әуе жолдарының әлеуетін барынша пайдалану мәселелері бойынша тиісті мемлекеттердің авиакомпаниялары мен аэронавигациялық қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

2) Қазақстан Республикасының аумағынан рейстерді орындайтын авиакомпаниялардың қызметтеріне алым алу мәселелері бойынша ИАТА, ИКАО азаматтық авиациялар халықаралық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;

3) алыс шетел авиакомпанияларының транзиттік чартерлік ұшуларын тарту үшін Қазақстан Республикасының ІЖ пайдалануға рұқсат алу рәсімдерін жеңілдету;

4) авиакөлік секторы саласындағы халықаралық кеңестер мен көрмелерге аэронавигация бөлігінде қатысу, Қазақстан Республикасында ұқсас іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.

2004 жылы инвестициялар 4 041 млн. теңгені, 2005 жылы - 3 648 млн. теңгені және

2006 жылы 2 789 млн. теңгені құрайды.

Инвестициялар радиотехникалық құралдар және электробайланысты дамытуға, өндірістік қажетті негізгі құралдар, құрылыс-монтаждық жұмыстар, оның ішінде " Көлік Тауер" ғимаратының орнына пайдаланылатын болады.

## "Ақтау теңіз сауда айлағы" РМК

Мақсаттары мен міндеттері

"АТСА" РМК-ның негізгі стратегиялық мақсаты көрсететін қызметтерін кеңейту, оларды сапалы және қауіпсізді ету, өз клиенттерінің бар және күтіліп отырған қажеттіліктерін қамтамасыз ету арқылы жоғарғы белге қол жеткізу, Каспий өңірінде теңіздік тасымалдау рыногінде озық позицияларға ие болу.

Тұтынушыларға жүк тасымалдау көлемді қызметтер ұсынып отырған, бәсекелестікке қабілетті кәсіпорын ретінде "АТСА" РМК-ның негізгі міндеттері:

Жүк тасымалдау рыногын кеңейту-жүк тасымалдауды одан әрі кеңейту және қарқындыру Қазақстан рыногының азиат еуропалық бағыттарында үстемдігін кеңейтуге көзделген;

Ақтау айлағының экономикалық саясатын қалыптастыру қосымша қаржы ресурстарын жұмсау ережелерін тұжырымдау, инвестицияларға сонымен қатар ағымды міндеттерді шешуге бағыттаған.

Каспий бассейнінде қазіргі уақыттағы айлақты, ТМД-да сонымен қатар шетелдердегі экспорт, импорт, транзит ахуалдарды бақылап отыруды қамтамасыз ету үшін деректер базасының негізінде өз ақпараттар жүйесі бар инфрақұрылымын құру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Орнықты жүк базасын сақтау және қамтамасыз ету, оның одан әрі ұлғаюы, сонымен қатар 2003-2004 жж. біруақытта өндірістік процестерді жетілдіру үшін келесі іс-шараларды өткізу керек:

"Солтүстігі-Оңтүстігі" және ТРАСЕКА дәліздері туралы Келісім ережесін Қазақстанға қатысты қолдануды нақтылайтын тиісті келісімдерге қол жеткізу және келісімдерге қол жеткізу.

Ақтау айлағына мемлекеттік мәртебені беру.

2004 жылға "АТСА" РМК-ның меншікті капиталына 2095,5 млн. теңге көлемінде инвестициялар жоспарланған, сонымен қатар Ақтау айлағы бойынша - 1023,8 млн. теңге, Баутино жүк тасымалдау ауданы бойынша - 750 млн теңге.

2005 жылы инвестициялар 2251,5 млн. теңге құрайды, оның ішіне меншікті қаражат есебінен 86 млн. теңге, волнолом мен дамбаны қайта құру жобасын аяқтауға сыртқы заем есебінен 2165,8 млн. теңге кіреді.

2006 жылы инвестициялар 90246,0 млн. теңге, оның ішінде меншікті қаражат есебінен 89 млн. теңге, сыртқы займ немесе тікелей инвестицияларды тарту есебінен - 8935,6 млн. теңге

## **"Астана халықаралық әуе жайы" ЖАҚ**

### Мақсаттар мен міндеттер

Басты мақсат - тұрақты өсуді, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес жолаушылар мен әуе кемелеріне қауіпсіз және үнемі қызмет етуді қамтамасыз ету.

Кәсіпорын жақын перспективаға келесі міндеттерді қояды:

- 1) жолаушылар және ұшақтарға қызмет көрсету сапасын арттыру;
- 2) аэропорт арқылы авиатасымалдау көлемін ұлғайту және оның аумақта түйіскен авиатасымалдау орталық ретінде құрылуы;
- 3) тиімді экономикалық өсу.

### Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

Үкіметаралық келісімдер мен оған толықтырулар бекіту жолымен авиатасымалдау үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша қажетті шаралар қабылдау, сондай-ақ авиакомпаниялармен келісімдер, қажетті жағдайда "еркін ауа" түрлі деңгейлерін пайдалануға Шетелдік авиатасымалдаушыларға коммерциялық құқық беру;

пайдаланатын әуежайын, сондай-ақ әлеуетті клиенттерге қатысты бұл пайдаланылып жүрген әуе кемелерінің, электрондық бизнес және басқалары; ұшу көлемі мен ұшудың жиілік критерийлері бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес аэропорттың инфрақұрылымын жасау;

әуежай және басқа да жұмыскерлерді оқыту және біліктілігін арттыруды қосқанда, әуе кемелерінен жолаушыларына қызмет көрсетудің деңгейін үздіксіз жетілдіру ж ү й е с і н ұ й ы м д а с т ы р у .

2004-2006 жылдары кәсіпорын меншікті қаражат есебінен негізгі қорларды (арнайы техника, жабдықтар әуе кемелеріне тұрақ жай) жөндеу және ауыстыру жүргізеді.

Елеулі қаражаттар, әуе қауіпсіздігі, отынмен қамтамасыз ету, апатты-құтқарумен қамтамасыз ету, кешендерінің объектілеріне, арнайы автокөлік әуе кемелері, жолаушыларға қызмет көрсету үшін және техникалар сатып алуға көзделген және әуежай инфрақұрылымының объектілерін тиімді ұстауға бағытталған болады.

## **"Қазинформ" ҰК" ААҚ**

### Мақсаттар мен міндеттер

Қоғамның басты мақсаты қоғам мен мемлекет мүддесіндегі ақпараттық қызмет көрсетулердің ауқымды спектрінің ұсынысын қамтамасыз ететін, озат ақпараттық технологиялар негізінде жұмыс істейтін және дамитын ұлттық ақпараттық агенттік к ұ р у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Болжанған кезеңнің басым міндеттері болып мыналар табылады:  
 рыногтағы позицияны нығайту;  
 бағдарланған ішкі және сыртқы саясаттың бизнесін қалыптастыру;  
 қазіргі заманғы ақпараттық инфрақұрылымның бәсеке қабілеттігін қалыптастыру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету жолдары

2004-2006 жылдарда Қоғамның алдына қойған мақсаттар мен міндеттеріне жетуі үшін мынадай шараларды жүргізу жоспарланады:  
 қазіргі заманғы ақпараттық және техникалық инфрақұрылымның бәсеке қабілеттігін қалыптастыруды аяқтау.  
 мол табысты сегменттердің бизнесін жандандыру;  
 клиенттерге қызмет көрсетудің сапасын көтеру;  
 ұсынылатын қызметтерді іске асыру өсімі;  
 өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің түр-түрін кеңейту, оның ішінде шетел т і л д е р і н д е ;  
 қоғамның тұрақты өсуін қамтамасыз ету, жекелеген бизнес процестері бойынша тиімді еншілес кәсіпорындар құру;  
 қазіргі заманғы менеджмент деңгейін қамтамасыз ету, кеңесшілерді тарту, әріптестік ұйымдармен өзара іс-әрекет;  
 Астана қаласының сол жағалауында ұлттық ақпараттық орталық салу, корреспонденттік желілер мен меншікті радиостанциялар және фотолабораториялар құру сияқты ірі инвестициялық жобаларды іске асыру.

Көрсетілген шараларды іске асыру 2004-2006 жылдар ішінде мемлекеттік бюджеттік қаржыландырудан қалыпты рыногтық қызметке біртіндеп көшуге мүмкіндік б е р е д і .

Осылайша жаңа қызметтерден түсетін табыстар озық қарқынмен өсетін болады. 2006 жылы 1500 астам жазылыскерлер үшін клиенттердің назарына өнімдердің 34 түрі ұсынылады. Негізгі қызметтен алынатын табыс көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 19 есеге өседі (22-ден 426,6 млн. теңгеге дейін).

## **2004-2006 жылдарға арналған ұлттық компаниялардың негізгі көрсеткіштері**

Орташаайлық жалақының көрсеткіштері  
 ( м ы ң т е ң г е )

Компаниялардың атауы	2002 ж.  факт	2003 ж.  бағалау	2004 ж.  болжам	2005 ж.  болжам	2006 ж.  болжам
"KEGOC" ААҚ	43,4	45,2	47	48,8	50,6





Барлығы	206940	206741	210876	213860	214848
---------	--------	--------	--------	--------	--------

Ж а л а қ ы қ о р ы  
( м л н . т е ң г е )

Компаниялардың атауы	2002 ж.  факт	2003 ж.  бағалау	2004 ж.  болжам	2005 ж.  болжам	2006 ж.  болжам
"KEGOC" ААҚ	2159,1	2082,5	2169,9	2252,8	2336,4
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	29674	34412	31149	32808	34374
А с т а н а	х а л ы қ а р а л ы қ				
әуежайы" ЖАҚ	243,9	257,9	293,8	340,3	392,3
"Қазақтелеком" ААҚ	12685	13694	14574	15308	16088
"Қазпочта" ЖАҚ	1823	2160	2584	3121	3772
" Қ а з а қ с т а н	т е м і р				
жолы" ЖАҚ	27815	31888	34595	36671	39018
"Қазаэронавигация" РМК	1247	1694	1785	1874	1964
" А қ т а у	т е ң і з				
айлағы" РМК	370,4	414,3	541,2	682,7	708
"Эйр Қазақстан" ЖАҚ	1499	1506	1628	1736	1855,9
"ҰАТ" ЖАҚ	123,6	182,8	212,5	235,9	262,7
"МЖЗҚ" ЖАҚ	147,1	217,4	230,4	241,9	254,1
"Продкорпорация" ЖАҚ	72,1	85,1	85,1	85,1	85,1
"Қазинформ" ААҚ	13,7	49,5	72,8	73,8	124,6
Барлығы	84437,9	95931,4	97853,8	103779	109967

Негізгі қызметтен түскен табыс  
( м л н . т е ң г е )

Компаниялардың атауы	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.
"KEGOC" ААҚ	12599,3	13563,1	15115,8	17218,2	17856,6
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	346193	345194	394569	446745	467487
" А с т а н а	х а л ы қ а р а л ы қ				
әуежайы" ЖАҚ	1398	1691	2835	3373	3814
"Қазақтелеком" ААҚ	56270	60574	63389	65952	66971
"Қазпочта" ЖАҚ	3930	4492	5336	5947	6277
" Қ а з а қ с т а н	т е м і р				
жолы" ЖАҚ	158389	172859	192731	213704	235910

"Қазаэронавигация" РМК	7980	7528	8013	8441	8833
" А қ т а у	т е ң і з		с а у д а		
айлағы" РМК	2732,9	2766,2	3670,2	4681,4	4892,2
"Эйр Қазақстан" ЖАҚ	17884	19188	21559	23019	24626
"ҰАТ" ЖАҚ	449,6	673,3	777,8	860,2	959,0
"МЖЗҚ" ЖАҚ	1177	1089	1197	1316	1454
"Продкорпорация" ЖАҚ	10144	11083	11462	11765	11765
"Қазинформ" ААҚ	22	167,1	288,0	353,1	426,6
Барлығы	625667	649943,7	731487,2	816859,9	867032,9

Өнімнің өзіндік құны  
(млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.
"KEGOC" ААҚ	1041,4	11206,7	12529	13999,2	15027,7
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	187770	189506	210575	227011	241150
" А с т а н а		х а л ы қ а р а л ы қ			
әуежайы" ЖАҚ	1207	1413	1861	2374	2713
"Қазақтелеком" ААҚ	33146	35633	37908	40073	40716
"Қазпочта" ЖАҚ	2507	3009	3649	4136	4367
" Қ а з а қ с т а н		т е м і р			
жолы" ЖАҚ	108396	141917	150267	157001	163182
"Қазаэронавигация" РМК	3172	4455	4825	5150	5440
" А қ т а у	т е ң і з		с а у д а		
айлағы" РМК	854,2	894	1138,3	1376	1398,7
"Эйр Қазақстан" ЖАҚ	14544	17168	18533	19403	20361
"ҰАТ" ЖАҚ	439,8	464,2	536,2	590,9	655,9
" М Ж З Қ "		Ж А Қ			
"Продкорпорация" ЖАҚ	7049	8202	8482	8706	8706
"Қазинформ" ААҚ		68,1	149,5	187,9	223,3
Барлығы	390864,7	434371,2	472842,3	505043,5	531759,6

Т а з а т а б ы с  
(млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.
"KEGOC" ААҚ	364,9	428,9	515,4	698	147,5

"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	56809	34774	58588	77076	69466
" А с т а н а	х а л ы қ а р а л ы қ				
әуежайы" ЖАҚ	-283	-105	376	378	449
"Қазақтелеком" ААҚ	11761	10312	10293	10141	10109
"Қазпочта" ЖАҚ	129	129,1	135,6	142,3	151,6
" Қ а з а қ с т а н	т е м і р				
жолы" ЖАҚ	19931	5354	11746	21367	31769
"Қазаэронавигация" РМК	21156	613	660	670	680
" А қ т а у	т е ң і з				
айлағы" РМК	559,5	614,1	1028,3	1422,1	1438,5
"Эйр Қазақстан" ЖАҚ	266	316,6	453,6	951,8	1498
"ҰАТ" ЖАҚ	-312	38,6	48,7	56,4	63,4
"МЖЗҚ" ЖАҚ	557	305	360	441	534,5
"Продкорпорация" ЖАҚ	160,8	240,8	249,1	255,7	255,7
"Қазинформ" ААҚ	-1,8	-1,6	-3,2	14,0	28,8
Барлығы	97272,8	55516,9	87725,9	118417,8	122412,8

Д и в и д е н д т е р  
( м л н . т е ң г е )

Компаниялардың атауы	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.
"KEGOC" ААҚ	36,5	42,9	51,5	69,8	14,7
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	5357	3554	3554	4545	5281
" А с т а н а	х а л ы қ а р а л ы қ				
ә у е ж а й ы "	Ж А Қ				
"Қазақтелеком" ААҚ	1703	3240	2059	2028	2022
" Қ а з п о ч т а "	Ж А Қ				
" Қ а з а қ с т а н	т е м і р				
жолы" ЖАҚ		268	587	1068	1588
"Қазаэронавигация" РМК	129	49	66	80	82
" А қ т а у	т е ң і з				
а й л а ғ ы "	с а у д а				
" Э й р	Р М К				
Қ а з а қ с т а н "	Ж А Қ				
"ҰАТ" ЖАҚ		3,9	4,8	5,6	6,3
"МЖЗҚ" ЖАҚ	278,5	152,8	180	220,5	267,3
"Продкорпорация" ЖАҚ	0,3	39,9	41,3	42,4	42,4
Барлығы	7716,2	7630,9	6863,8	8535,4	9865,4

И н в е с т и ц и я л а р  
( м л н . т е н г е )

Компаниялардың атауы	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.
"KEGOC" ААҚ	6076,9	19674,5	24186,5	25703,8	13599
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	71874	109872	160049	168681	118037
" А с т а н а әуежайы" ЖАҚ	2939	14813	18389	415	150
"Қазақтелеком" ААҚ	19874	23183	16170	16550	16910
"Қазпочта" ЖАҚ	890,8	942,0	2769,5	891,4	59,8
" Қ а з а қ с т а н жолы" ЖАҚ	13041	42255	38750	45941	48083
"Қазаэронавигация" РМК	2964	3914	4041	3648	2789
" А к т а у айлағы" РМК	270,0	545,8	2095,5	2343	9024,6
"Эйр Қазақстан" ЖАҚ	674,2	779,6	948	1124	1124
"ҰАТ" ЖАҚ	32,1	71,2	50	60	65
" М Ж З Қ "					
"Продкорпорация" ЖАҚ	14,7	47,4	49,0	50,3	50,3
"Қазинформ" ААҚ		125,8	80,8	90,2	93,0
Барлығы	123793,3	224992	227577,7	274329,6	216461,5